

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚР НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК

**КҮШ ТҮСЕТІН КОНСТРУКЦИЯЛАРҒА ӘСЕР ЕТУ.
1-7 БӨЛІМІ. ЖАЛПЫ ӘСЕР ЕТУ. АПАТТЫҚ ӘСЕР
ЕТУ
(ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011-ге)**

**ВОЗДЕЙСТВИЯ НА НЕСУЩИЕ КОНСТРУКЦИИ
ЧАСТЬ 1-7. ОБЩИЕ ВОЗДЕЙСТВИЯ. АВАРИЙНЫЕ
ВОЗДЕЙСТВИЯ
(К СН РК EN 1991-1-7:2006/2011)**

**ҚР НТҚ 01.01-7.1-2013
НТП РК 01.01-7.1-2013**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
- 4 **ЕНГІЗІЛДІ:** Алғаш енгізілген

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
- 4 **ВВЕДЕН:** Введен впервые

Осы мемлекеттік норматив Қазақстан Республикасының сәулет, қала Құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатыңыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	V
1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	1
1.1 Қолдану саласы.....	1
1.2 [1.2] Нормативті сілтемелер.....	1
1.3 [1.5] Терминдер және анықтамалар	2
1.4. [1.6] Шартты және әріптік белгілер.....	3
2 [2] ӘСЕР ЕТУ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ.....	5
3 [3] ЕСЕПТІК СИТУАЦИЯЛАР	6
3.1 [3.1] Жалпы ережелер.....	6
3.2 [3.2] Апат кезіндегі есептік ситуациялар.....	6
3.3 [3.3] Апат кезіндегі есептік ситуациялар. Жергілікті қирау масштабтарын шектеу стратегиялары	8
3.4 [3.4] Апат кезіндегі есептік ситуациялар. Топтарды қирау салдары бойынша пайдалану	9
3.5 [6.4.3.3, ҚР ҚН EN 1990]. Апат кезіндегі есептік ситуациялардағы әсерлердің қисындасуы	10
3.6 [A1.3.2, ҚР ҚН EN 1990] Апатты есептік ситуациялар кезіндегі әсерлердің есептік белгісі.....	10
4 [4] СОҚҚЫ	12
4.1 [4.1] Қолдану саласы.....	12
4.2 [4.2] Әсерлерді анықтау.....	12
4.3 [4.3] Жол көлік құралдары соққысынан апат кезіндегі әсерлер.....	13
4.3.1 [4.3.1] Құрылыстың тіреу бөліктеріне соққылар.....	13
4.3.2 [4.3.2] Құрылыстың жоғары бөліктеріне соққы.....	16
4.4 [4.4] Айырмалы тиегіштер соққысынан апат кезіндегі әсерлер.....	18
4.5 [4.5] Рельстен конструкция астындағы немесе конструкция маңындағы рельстік көлік құралдарының қосылуынан туындаған апатты әсерлер.....	19
4.5.1 [4.5.1] Жанындағы немесе рельстік жолдар үстіндегі конструкциялар.....	19
4.5.2 [4.5.2] Тұйық рельсті жолдар сыртында орналасқан конструкциялар	22
4.6 [4.6] Кеме соққыларынан апатты ықпалдар.....	23
4.6.1 [4.6.1] Жалпы ережелер.....	23
4.6.2 [4.6.2] Өзен көлігінің соққылары.....	24
4.6.3 [4.6.3] Теңіз кемелерінің соққысы.....	25
4.7 [4.7] Тікұшақтар соқтығысының апат кезіндегі әсері.....	26
5 ІШКІ БӨЛМЕДЕГІ ЖАРЫЛЫСТАР	28
5.1 Терминдер, анықтамалар және мағыналары.....	28
5.1.1 Терминдер мен анықтамалар	28
5.1.2 Шартты және әріптік белгілер.....	28
5.2 Қолданыс аймағы.....	29
5.3 Ықпалдарды анықтау.....	30
5.4 Жобалау қағидаты.....	33

5.5 Жүк салмақтың анықтамалық мысалдары.....	39
5.5.1 Жалпы ережелер.....	39
5.5.2 Мысал 1. Бункердегі шаң-тозаң жарылысы.....	40
5.5.3 Мысал 2. Мекемедегі шаң-тозаңның жарылысы.....	42
5.5.4 Мысал 3. Ірі панельді ғимараттың асүй аумағында орын алған газ жарылысы.....	45
5.5.5 Мысал 4. Туннельдегі детонационды жарылыс.....	47
5.5.6 Мысал 5. Туннельдегі дефлаграционды жарылыс.....	49
6 ҚАҒИДАЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛА ОТЫРЫП ҮДЕМЕЛІ ОПЫРЫЛУДАН САҚТАЙТЫН ТҰРҒЫН ҮЙ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖАСАУ.....	51
6.1 Негізгі ережелер.....	51
6.2 Тұтас тұрғын ғимараттардың құрылысы және оны үдемелі бұзылудан сақтауды есептеу ерекшеліктері.....	52
6.3 Үдемелі бұзылудан сақтау есебі бойынша ірі панелді ғимараттарды есептеу және конструкциялау ерекшеліктері.....	54
6.4 Каркасты тұрғын ғимараттардың үдемелі бұзылуға қарсы шамасын есептеу жәге конструкциялау ерекшеліктері.....	55
6.5 Кірпішті қабырғалы тұрғын ғимараттарын үдемелі бұзылудан қорғау үшін есептеу және конструкциялау ерекшеліктері.....	57
А ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Ғимараттар конструкцияларын белгісіз себептер нәтижесінде олардың жергілікті құлау салдарын ескере отырып жобалау.....	59
Б [В]ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Қауіп-қатерлерді бағалау бойынша нұсқаулықтар	67
ҚОСЫМША В [С] (ақпараттық) Соққының динамикалық есебі	78
ҚОСЫМША Г [D] (ақпараттық) Ішкі жарылыстар ⁵	88
ҚОСЫМША Д (ақпараттық) Алдын алу конструкцияларының жарылыс кезінде қысым мен аумақты анықтайтын альтернативті әдістері.....	93
ҚОСЫМША Е (ақпараттық) Айырлы тиегіштердің әсері [РҚҚН EN 1991-1-1:2002/2011, п. 6.3.2.3].....	101
ҚОСЫМША Ж (ақпараттық) Монолитті тұрғын жайларды үдемелі қираудан сақтау бойынша кеңестер, 2005.....	103
Қосымша И (ақпараттық) Ірі панельді ғимараттар үдемелі бұзылудың алдын алуға арналған нұсқаулық, 1999.....	109
ҚОСЫМША К (ақпараттық)Төтенше жағдай кезіндегі дуалды тұрғын ғимараттарды сақтау жөніндегі ұсынулар 2002.....	116
Қосымша Л (ақпараттық) Төтенше жағдайлар кезінде негізгі дуалдары кірпіштен жасалған тұрғын ғимараттардың сақтау жөніндегі ұсынулар, 2002.....	126
ҚОСЫМША М (ақпараттық) Мысал М.1.....	137
БИБЛИОГРАФИЯ.....	162

КІРІСПЕ

«Апат кезіндегі әсерлер» нормативті-техникалық оқулығы «Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. Бөлім 1-7. Жалпы әсерлер. Апат кезіндегі әсерлер» ҚР ҚН EN 1991-1-7: 2006/2011 ережелерінің дамуы үшін жасалған.

Оқулықты дайындаудың мақсаты пайдаланушыларға есептік ситуациялар мен анықтау ережелерін орнату үшін ҚР ҚН EN 1991-1-7: 2006/2011 әдістемесін тәжірибелік меңгеруге көмек көрсету болып табылады:

- жол және рельсті көлік құралдарынан соққы жүктемелерінің ғимарат конструкциялары мен әртүрлі тағайындалудағы құрылыстар элементтеріне әсері;
- бөлме ішіндегі жарылыстар нәтижесінде ғимарат конструкцияларына әсері;
- сонымен қатар
- ғимарат немесе құрылыстардың орнатылмаған себептер салдарынан жергілікті зақымдануға алып келетін әсерлер.

Сонымен қатар, енгізілген норматив ҚР ҚН EN 1991-1-7: 2006/2011 ережелеріне қарама-қарсы келмейтін және осы нормативті құжатқа сай орнықтылық пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін баламалы әдістерді қолдануға рұқсат етіледі.

Осы Оқулықта келтірілген ережелер мен мысалдар ең алдымен, күш түсетін ғимараттар мен құрылыстарды есептеуді орындайтын және өзінің қызметінде құрылыстық нормаларды ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 қолданатын жобалаушыларға пайдалануға арналған.

Дайындалып жатқан нормативті-техникалық оқулықтың өзектілігі мен жаңалығы Оқулық деректерінің енгізілген ҚР ҚН EN 1991-1-7: 2006/2011 нормативінің ережелері және талаптарымен толық үйлесуінде.

ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 қағидаларына сәйкес ықтимал есептік ситуация және мүмкін қатер деңгейі негізінде лайық сақталғыштық және ортақ тұрақтылықты қамтамасыз ететін конструкцияларды ұтымды жобалау есебімен күш түсетін ғимараттың конструкция элементтеріне апаттық ықпалдарды анықтаудың нақты мысалдары келтірілген.

Оқулықты дайындау бірыңғай нормативті-техникалық құжатты құру қажеттілігімен анықталады, ол орнатады:

- Еуропалық нормативті құжаттардың эксплуатациялық және шектік жағдайы критерийлеріне сәйкес жобаланушы ғимараттардың сенімділігі мен төзімділігін қамтамасыз ету бойынша бірыңғай талаптарды;

- нормативті құжат ҚРҚН EN 1991-1-7:2006/2011 «Күш түсіретін конструкция. Бөлім 1-7. Жалпы ықпалдар. Апат кезіндегі әсерлер» талаптарына сай ғимараттардың күш түсетін конструкция элементтеріне апат кезіндегі әсерлердің үлгісін таңдау бойынша ережелерді үйлестіру шарттарын;

- сәйкестендірмелік те, сәйкестендірмелік емес те әсерлерден тұратын жүйелі есептік ситуацияларының есебімен жобаланған ғимараттардың күш түсетін конструкциялардың элементтеріне апат кезіндегі әсерлердің жалпы ережелері мен классификациясын;

ҚР НТҚ 01.01-7.1-2013

- қирату салдары мен қолайлы қатер деңгейі есебімен жергілікті қирау масштабын шектеуге негізделген соққылы жүктемелер мен бөлме ішіндегі жарылыстардан туындаған апат кезіндегі есептік ситуациялардың стратегиясын анықтауды.

Анықтамалық Қосымшаларда дәлелді жүйелі есептік ситуациялар мен қолайлы қатер деңгейіне сай келетін апат кезіндегі әсерлерді анықтау сатысындағы әртүрлі тағайындалудағы ғимараттардың күш түсетін конструкциялар элементтерін жобалау мен есептеуде қолдануға қажетті қосымша кестелер мен мәліметтер келтірілген.

Осы нормативті-техникалық оқулықтың ережесі әрекет етуші нормативті құжаттардың талаптарымен өзара байланысты, жағдайы бойынша 2013 жылға:

- ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Құрылыстық жобалау негіздері

- ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011. Күш түсетін конструкцияға әсер ету. Бөлім 1-1. Жалпы әсерлер. Өзіндік күш, үздіксіз және қосымша жүктемелер.

- ИСО 3898:1987 Конструкцияларды жобалаудың негізгі ережелері. Шартты мағыналар. Басты символдар.

Бұл нормативті-техникалық Оқулық келесілерге қолдануға арналған:

- салушыларға (мысалы, қауіпсіздік деңгейіне нақты талаптарды бекіту кезінде);
- жобалаушылар мен құрылымдаушыларға;
- құрылысты бақылаушылар органдары мен тапсырыс берушілерге.

Нормативті-техникалық оқулық «ҚазҚСҒЗИ» АҚ (т.ғ.к. Шахнович Ю.Г., т.ғ.к. Пак Э.Ф., инж. Чернов Н.Б.) әзірленген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**КҮШ ТҮСЕТІН КОНСТРУКЦИЯЛАРҒА ӘСЕР ЕТУ
1-7 БӨЛІМІ. ЖАЛПЫ ӘСЕР ЕТУ. АПАТТЫҚ ӘСЕР ЕТУ**

**ВОЗДЕЙСТВИЯ НА НЕСУЩИЕ КОНСТРУКЦИИ
ЧАСТЬ 1-7. ОБЩИЕ ВОЗДЕЙСТВИЯ. АВАРИЙНЫЕ
ВОЗДЕЙСТВИЯ**

Енгізілген күні 2015–07–01

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қолдану саласы

1.1.1 [(1)] Бұл ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 Оқулығында ғимараттар мен басқа да инженерлік құрылыстарды сәйкестендірмеленген және сәйкестендірмеленген апат кезіндегі әсерлерден сақтауды қамтамасыз ету бойынша стратегиялар мен ережелердің түсіндірмелері бар.

1.1.2 [(2)] ҚР ҚН EN 1991-1-7 сәйкес Оқулықта түсіндіріледі:

- апат кезіндегі әсерлерді сәйкестендіруге негізделген стратегиялар;
- жергілікті қирау масштабтарын шектеуге негізделген стратегиялар.

1.1.3 [(3)] ҚР ҚН EN 1991-1-7 Оқулығында келесі аспектілер қарастырылады:

- терминдер мен анықтамалар, шартты және әріптік белгілер (бөлім 1);
- әсерлер классификациясы (бөлім 2);
- есептік ситуациялар (бөлім 3);
- соққы (бөлім 4);
- жарылыстар (бөлім 5);
- үдемелі қираудан қорғау есебімен тұрғын үйлерді есептеу мен құрылымдау қағидалары (бөлім 6);
- бекітілмеген себептердің нәтижесінде жергілікті қираудың салдарын есептеу (анықтамалық қосымша А);
- қатерлерді бағалау бойынша нұсқаулар (анықтамалық қосымша Б [B]);
- соққы кезіндегі динамикалық есеп (анықтамалық қосымша В [C]);
- бөлме ішіндегі жарылыстар (анықтамалық Г, Д);
- ғимараттарды үдемелі қираудан қорғауға арналған есептік және конструктивті талаптар (Қосымша Ж, И, К, Л).

1.1.4 [(6)] ҚР ҚН EN 1991-1-7 Оқулығында әскери және террористік әрекеттердің салдарынан пайда болатын ғимараттан тыс жарылыстардан апат кезіндегі (төтенше) әсерлер, сонымен қатар сейсмикалық әсерлер, өрт және т.б. нәтижесінде зқымдалған ғимараттар немесе басқа да инженерлік құрылыстардың қалдық беріктілігі қарастырылмайды.

1.2 [1.2] Нормативті сілтемелер

Бұл Оқулықты пайдалану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет:

ҚР ҚН EN 1990 Еурокод. Құрылыс конструкцияларын жобалау негіздері ҚР ҚН EN 1991-1-1 Еурокод 1. Күш түсетін конструкцияға әсерлер. Бөлім 1-1. Өзіндік салмақ, ғимаратқа тұрақты және уақытша салмақ түсіру

ҚР ҚН EN 1991-1-6 Еурокод 1. Күш түсетін конструкцияларға әсерлер. Бөлім 1-6. Жалпы әсерлер. Құрылыс жұмыстарын өндіру кезіндегі әсерлер.

ҚР ҚН EN 1991-2 Еурокод 1. Конструкцияларға әсер ету. Бөлім 2. Көпірлерге түсетін көлік күші

ҚР ҚН EN 1991-4 Еурокод 1. Конструкцияларға әсер ету. Бөлім 4. Мұнаралар мен сұйыққоймаларға әсер ету.

ҚР ҚН EN 1992 Еурокод 2 . Темір бетонды конструкцияларды жобалау

ҚР ҚН EN 1993 Еурокод 3. Болат конструкцияларды жобалау

ҚР ҚН EN 1994 Еурокод 4. Болат темір бетонды конструкцияларды жобалау

ҚР ҚН EN 1995 Еурокод 5. Ағаш конструкцияларды жобалау

ҚР ҚН EN 1996 Еурокод 6. Тас конструкцияларды жобалау

ҚР ҚН EN 1997 Еурокод 7. Геотехникалық жобалау

ҚР ҚН EN 1998 Еурокод 8. Сейсмо берік конструкцияларды жобалау


ҚР ҚН EN 1999 Еурокод 9. Алюминий конструкцияларды жобалау

1.3 [1.5] Терминдер және анықтамалар

1.3.1. Бұл Оқулықта қолданылатын терминдер мен анықтамалар ҚР ҚН EN 1990:2005/2011 Ережелеріне және ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 келтірілген қосымша ұғымдарға сай келеді.

1.3.2 [1.5.2] **Қирау салдары бойынша топ** (consequence class): Конструкция немесе оның бөлігін қирату салдарының классификациясы.

1.3.3 [1.5.5] **Динамикалық күш** (dynamic force): Конструкцияға айтарлықтай динамикалық әсер ететін уақыт бойынша өзгеретін күш. Соққы кезінде динамикалық күш соққы орнындағы байланысты беттің өлшемдеріне байланысты болады (сурет 1.1).



a — эквивалентті статикалық күш; b — динамикалық күш;

c — конструкция реакциясы

Сурет 1.1

1.3.4 [1.5.6] **Эквивалентті статикалық күш** (equivalent static force): Конструкцияда реакцияны, эквивалентті динамикалық әсерлерді тудыратын статикалық күш (қараңыз сурет 1.1).

1.3.5 [1.5.9] **Соққы беретін объект** (impacting object): Конструкция бойынша соққы беретін объект (яғни көлік құралы, кеме және т.б.).

1.3.6 [1.5.10] **Басты элемент** (key element): Конструкцияның қалған бөлігінің жалпы тұрақтылығы байланысты болатын конструктивті элемент.

1.3.7 [1.5.11] **Күш түсіретін қабырғалық конструкция** (load-bearing wall construction): Негізінен, вертикалды жүктемелері қабылданатын тас қалаулардан тұратын қабырғалардың каркасты емес айқыш жүйесі. Мұнда тағы да әртүрлі материалдармен толтырылған ось бойынша орналасқан ағаш және болат вертикалды тіреу қабырғаларынан тұратын жеңіл панельді конструкциялар жатады.

1.3.8 [1.5.12] **Жергілікті қирату** (localised failure): Конструкцияның апат кезіндегі әсері нәтижесінде қираған немесе қатты зақымданған бөлігі.

1.3.9 [1.5.13] **Қатер** (risk): Белгілі бір қатер мен салдар масштабының пайда болу ықтималы немесе пайда болу жиілігін үйлестіру өлшемі (әдетте туынды).

1.3.10 [1.5.14] **Сақталғыштық** (robustness): Конструкцияның өрт, жарылыс, соққы немесе адам қателіктерінің нәтижесі сияқты оқиғаларға қарсылық көрсету қасиеті, зақымды тудырған пропорционалды емес себептерге зақымның пайда болуынсыз.

1.3.11 [1.5.15] **Құрылыстың төменгі бөлігі** (substructure): Құрылыстың жоғарғы бөлігін тіреп тұратын құрылыс бөлігі. Ғимараттарда — ол әдетте жер деңгейінен төмен тұратын құрылыстың іргетасы және басқа да элементтері. Көпірлерде — ол іргетастар, контрфорстар, аралық тіреулер, тіреулер және т.б.

1.3.12 [1.5.16] **Құрылыстың жоғарғы бөлігі** (superstructure): Төмен жатқан конструкциялармен ұсталып тұратын құрылыс бөлігі. Ғимараттарда — ол әдетте жер деңгейінен жоғары конструкциялар. Көпірлерде — тақтай.

1.3.13 **Үдемелі қирау** (progressive collapse): Төмен қабатта орналасқандардың біреуінің конструкциясының жергілікті қирауының нәтижесінде ғимараттың толығымен немесе оның көп бөлігінің тасқын бейнелі қирауы.

1.4. [1.6] Шартты және әріптік белгілер

1.4.1 [1.6 (1)] Бұл оқулықта ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 сәйкес келесі символдар пайдаланылған:

Латын алфавитінің бас әріптері

F — қақтығыс күші;

F_{dx} — горизонталды эквивалентті статикалық немесе динамикалық күштің қозғалыс бағыты бойынша есептік белгісі

F_{dy} — горизонталды эквивалентті статикалық немесе динамикалық күштің қозғалыс бағытының кесе-көлденең есептік белгісі;

F_R — соққы кезіндегі үйкеліс күші.

Латын алфавитінің кіші әріптері

a — қақтығысудан күш салатын көлемнің орналасу биіктігі;

b — бөгеттер ені (мысалы, көпірдің аралық тіреуі);

h — жол төсемдердің бетінен көпір конструкциясының төменгі жиегіне дейінгі габаритті өлшемі; жүргінші бөлігінен күш салу деңгейі;

l — кеме ұзындығы;

r_F — төмендетуші коэффициент;

s — конструктивті элемент пен жолдық осьтік сызығы немесе рельсті жол арасындағы арақашықтық;

m — масса;

v_v — жылдамдық.

Грек алфавитінің кіші әріптері

μ — үйкеліс коэффициенті.

2 [2] ӘСЕР ЕТУ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

2.1 [2(1)] Оқулықтағы әсерлер [4.1.1] ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес апат кезіндегі әсерлер ретінде классификацияланады.

ЕСКЕРТУ Кестеде [2.1] апат кезіндегі әсерлерге ұшыраған конструкцияларды жобалауда есепке алу қажет EN 1990 басты бөлімдері көрсетілген.

Кесте [2.1] — Апат кезіндегі әсерлерге қатысты ҚР ҚН EN 1990:202+A1:2005/2011 бөлімдері

Атауы	Бөлімдер
Терминдер және анықтамалар	1.5.2.5, 1.5.3.5, 1.5.3.15
Басты талаптар	2.1(4)P, 2.1(5)P
Есептік ситуациялар	3.2(2)P
Әсер ету классификациясы	4.1.1(1)P, 4.1.1.(2), 4.1.2(8)
Айнымалы әсерлердің басқа сипатты белгілері	4.1.3(1)P
Апат кезіндегі есептік ситуацияларға арналған әсерлердің үйлесуі	6.4.3.3
Апат кезіндегі және сейсмикалық есептік ситуациялардағы әсерлердің есептік белгілері	A.1.3.2

2.2 Соққыдан апат кезіндегі әсерлерді егер басқасы орнатылмаған болса еркін әсерлер ретінде қарастырған жөн.

3 [3] ЕСЕПТІК СИТУАЦИЯЛАР

3.1 [3.1] Жалпы ережелер

3.1.1 [3.1(1)P] Конструкциялар 3.2(2)P EN 1990 сәйкес дәйектелген апатты есептік ситуациялар есебімен жобаланған болуы тиіс.

3.1.2 [3.1(2)] Апатты есептік ситуацияларға арналған стратегиялар 3.1. суретте көрсетілген.


ЕСКЕРТУ 1 Қолданылатын стратегиялар мен ережелерді тапсырыс берушімен және сәйкес келетін инстанциямен нақты жоба үшін үйлестіреді.

ЕСКЕРТУ 2 Апат кезіндегі әсерлер сәйкестендірген және сәйкестендірмеген болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ 3 Сәйкестендірмеген апат кезіндегі әсерлерге негізделген стратегиялар болатын оқиғалардың көп санынан тұрады. Олар жергілікті қирауды шектеуге бағытталған. Жергілікті қирауды шектеу бойынша стратегиялар қабылдау 1.1(6)-да көрсетілген апат кезіндегі ықпалдардың немесе орнатылмаған себептерден басқа әсерлердің әрекет етуінде әпежептеуір сақталғыштықты қамтамасыз етуі мүмкін. Ғимараттарға арналған кеңестер қосымша А-да бар.

ЕСКЕРТУ 4 EN 1991 берілген бөлігінде сәйкестендірген апат кезіндегі әсердерге арналған теориялық белгілер (мысалы, бөлме ішіндегі жарылыс пен соққы жағдайларында). Бұл белгілерді ұлттық қосымшаларда немесе нақты жоба аясында тапсырыс беруші мен сәйкес келетін инстанциямен қиыстыра отырып өзгертуге рұқсат етіледі.

ЕСКЕРТУ 5 Апат кезіндегі әсерлерге есептелген кейбір конструкцияларға (мысалы, адамдарға қаупі жоқ, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық залалдарды елемеуге болатын құрылыстарды жобалауда) толық қиратылу рұқсат етіледі. Ондай жағдайларда нақты жобаларға арналған жағдайлар тапсырыс беруші мен сәйкес келетін инстанциямен үйлестіріледі.



Сурет 3.1 — Апат кезіндегі есептік ситуацияларға арналған стратегиялар

3.2 [3.2] Апат кезіндегі есептік ситуациялар

Сәйкестендірген апат кезіндегі әсерлер кезіндегі стратегиялар

3.2.1 [3.2(1)] Апат кезіндегі әсердің көлемі:

- апат кезіндегі әсерлердің нәтижесін алдын алуға немесе төмендетуге бағытталған іс-шараларға;
- сәйкестендірген апат кезіндегі әсердің пайда болу ықтималына;
- сәйкестендірген апат кезіндегі әсерлердің нәтижесінде қирау салдарына;
- қоғамдық бағалауға;
- қолайлы қатер деңгейіне байланысты болады.

ЕСКЕРТУ 1 Тағы 2.1(4)Р қараңыз, ескерту 1, EN 1990.

ЕСКЕРТУ 2 Тәжірибеде апатты ықпалдардың пайда болу ықтималы мен салдары қатердің белгілі бір деңгейіне байланысты болуы мүмкін. Егер қатердің мұндай деңгейі қолайсыз болған жағдайда, қосымша іс-шаралар қажет болады. ережеге сай, қатердің нөлдік деңгейі іске асырлымайтын болып табылады және көп жағдайда қатердің белгілі бір деңгейіне рұқсат беру қажет. Қатердің мұндай деңгейі әртүрлі факторларға, мысалы, сәтсіз оқиғалардың ықтимал санына, экономикалық зардаптарға, қауіпсіздік шараларына шығындарға және т.б. байланысты болады.

ЕСКЕРТУ 3 Қолайлы қатер деңгейін Ұлттық қосымшада, қосымша ақпаратқа қайшы келмейтін түрде орнатуға рұқсат етіледі.

3.2.2 [3.2(2)] Апат кезіндегі әсерден жергілікті қиратуға рұқсат етілуі мүмкін, егер барлық конструкцияның жалпы тұрақтылығы бұзылмаса, қажетті құтқарушы іс-шараларды орындауға мүмкіндік беретін жалпы салмақ түсіретін қабілеттілік сақталады.

ЕСКЕРТУ 1 Құрылыстық конструкциялар үшін мұндай құтқарушы іс-шаралар адамдарды бөлмеден және іргелес территориялардан қауіпсіз көшіруден тұруы да мүмкін.

ЕСКЕРТУ 2 Көпірлер үшін мұндай іс-шараларға жол өткелі немесе теміржол сызығының уақытша жабылуы кіруі мүмкін.

3.2.3 [3.2(3)] Апат кезіндегі әсердің қаупін азайту бойынша егер орынды болса, бір немесе бірнеше стратегиядан тұратын шаралар қабылдануы тиіс:

а) әсердің пайда болуын (мысалы, көпірлерде жарықта көлік құралдары мен құрылыс арасындағы сәйкесті биіктікті қамтамасыз ету есебімен) немесе пайда болу ықтималдығының және/немесе ықпал ету көлемінің конструкцияларды жобалау үрдісінде қолайлы деңгейге дейін төмендеуі (мысалы, ғимараттарда жарылыс әсерін азайтатын аз массалы және мықты жеңіл шығарылатын элементтер есебімен);

б) конструкцияны апат кезіндегі әсердің ықпалын азайту жолымен қорғау (мысалы, қорғаныш қоршау құрылыстары немесе қауіпсіздік кедергілері арқылы);

в) конструкцияларға бір немесе бірнеше ыңғайларды қолдану арқылы айтарлықтай сақталғыштықты қамтамасыз ету:

1) апатты оқиға іске асқаннан кейінгі конструкцияның жұмысқа қабілетті жағдайын сақтап қалу ықтималдылығын арттыру мақсатымен негізгі элементтер ретінде (қараңыз

1.5.10) конструкцияның жалпы тұрақтылығы тәуелді болатын конструкцияның белгілі бір элементтерін жобалау;

2) айтарлықтай әлеуетті энергияны қираудың пайда болуынсыз жұтуына рұқсат ететін жеткілікті деформативтілігі бар конструктивті элементтерді есептеу және материалдарды таңдау;

3) апатты оқиғаның іске асуынан кейінгі жүктемені берудің баламалы жолдарын қамтамасыз ету мақсатымен конструкцияда әжептеуір қорда сақтауды жасау.

ЕСКЕРТУ 1 Кейбір жағдайларда конструкцияны әсердің төмендеуі есебімен апат кезіндегі әсерлерден немесе әсердің пайда болуының алдын алудан сақтау мүмкін емес. Ол мұндай әсерлер эксплуатацияның кесіп-пішілген мерзіміне жобалау шарттарымен міндетті емес қарастырылған факторларға байланысты. Ескерту шаралары эксплуатация мерзімі кезінде тұрақты инспекция мен техникалық қызмет көрсетуден тұруы мүмкін.

ЕСКЕРТУ 2 Конструктивті элементтерді айтарлықтай деформативтілікпен жобалау үшін EN 1992 – EN 1999 бірге А және С қосымшасын қараңыз.

3.2.4 [3.2(4)P] Апат кезіндегі әсерлерді, орынды болған уақытта, EN 1990, 6.4.3.3 сәйкес әрекет етуші тұрақты және айнымалы әсерлермен бір уақытта ұстаған жөн.

ЕСКЕРТУ ψ белгісін EN 1990, А қосымшасынан қараңыз.

3.2.5 [3.2(5)P] Сонымен қатар апат кезіндегі әсерлер тікелей пайда болған уақыттан кейін конструкциялардың қауіпсіздігін есепке алған жөн.

ЕСКЕРТУ Ол ғимарат конструкциясының үдемелі қирауды қарастырудан тұрады. А қосымшасын қараңыз.

3.3 [3.3] Апат кезіндегі есептік ситуациялар. Жергілікті қирау масштабтарын шектеу стратегиялары

3.3.1 [3.3(1)P] Жобаалау кезінде конструкциялардың әлеуетті қирау көлемін алдын ала қарастырылмаған себептер нәтижесінде азайтуға тура келеді.

3.3.2 [3.3(2)] Қирау көлемін азайтуға келесі тәсілдердің бір немесе бірнешесін қолдана отырып, қол жеткізуге болады:

а) ғимараттың жалпы тұрақтылығы тәуелді кілттік элементтерді жобалау, олар апатты ықпалдар A_d ; үлгісінен әсерлерді қабылдауға қабілетті болуы үшін.

ЕСКЕРТУ 1 Ұлттық қосымшада есептік A_d белгімен таратылған немесе шоғырланған жүктеме түріндегі үлгіні көрсетуге рұқсат беріледі. Ғимарат үшін кеңес берілетін үлгі кілттік элемент пен жалғасушы элементке (мысалы фасадтар және т.б.) кез келген бағытта салынатын біркелкі бөлінген шартты жүктеме болып табылады. Ғимараттар конструкциясы үшін біркелкі бөлінген жүктеменің кеңес берілетін белгісі 34 кН/м^2 құрайды. A_d қолдану мысалы А.8-де (қосымша А) келтірілген.

б) конструкцияны жобалау жергілікті қирау жағдайында (мысалы, жекелінген элементтен бас тартуда) бүкіл конструкцияның жалпы тұрақтылығы немесе оның маңызды бөлігі қамтамасыз етілген жағдайда;

ЕСКЕРТУ 2 Ұлттық қосымшада жергілікті қираудың қолайлы көлемін көрсетуге рұқсат беріледі. Ғимараттар үшін кеңес берілетін шектеулер 100 м²-ден аз немесе шектес қабаттардағы екі жабындының әрқайсысындағы 15% ауданға сай келеді, олардың зақымдануы тіреулерді, бағаналарды немесе қабырғаларды алып тастауда пайда болуы мүмкін. Ол есептеуде сәйкестендірген апат кезіндегі әсерлер есепке алынғандығынан тәуелсіз айтарлықтай сақталғыштықпен конструкцияның құрылуына алып келеді.

с) конструкцияның қолайлы сақталғыштығын қамтамасыз ететін есептік/конструктивті ережелерді қолдану (мысалы, қосымша біртұтастылықты қамтамасыз ету үшін барлық үш бағыттағы байланыстарды қолдану немесе соққыға ұшыраған құрылыс элементтерінің деформативтілігінің аз деңгейі).

ЕСКЕРТУ 3 Ұлттық қосымшада 3.3-те суреттелген стратегиялардың қайсысын әртүрлі конструкцияларға қатысты қарастыру керектігі көрсетілуі мүмкін. Ғимарат конструкциясына көрсетілген стратегияларды қолданудың мысалы А қосымшада бар.

3.4 [3.4] Апат кезіндегі есептік ситуациялар. Топтарды қирау салдары бойынша пайдалану

3.4.1 [3.4(1)] Апат кезіндегі есептік ситуацияларға арналған стратегия EN 1990-да келтірілген қирау салдары бойынша келесі топтарда негізделген болуы мүмкін:

- СС1— қираудың кішігірім салдары;
- СС2— қираудың орташа салдары;
- СС3— қираудың жоғары салдары.

ЕСКЕРТУ 1 Қосымша ақпарат EN 1990-да, қосымша В-да көрсетілген.

ЕСКЕРТУ 2 Белгілі бір жағдайларда конструкцияның әртүрлі элементтерін қирау салдары бойынша әртүрлі топтарға жатқызған орынды, мысалы, биік үйдің конструктивті жекеленген аз қабатты қаптал қанаты, ол функционалдылық тұрғысынан негізгі ғимаратпен салыстырғанда азырақ.

ЕСКЕРТУ 3 Профилактикалық және/немесе қорғаныс шараларын алып тастауға немесе конструкциялардың зақымдану ықтималдылығын азайтуға шықырылған. Жобалауда кейде ол конструкцияны қирау салдары бойынша төмен топқа жатқызу жолымен есепке алынады. Қалған жағдайда конструкцияға жүктемені азайту орынды.

ЕСКЕРТУ 4 Ұлттық қосымшада 3.4(1)-ге сәйкес конструкцияны категориялар бойынша бөлуге рұқсат беріледі. Ғимараттар үшін қирау алдары бойынша топтарды қолдану сұранысы А қосымшада келтірілген.

3.4.2 [3.4(2)] Қирау салдары бойынша әртүрлі топтарға арналған апат кезіндегі есептік ситуациялар 3.4(1)-ге сәйкес келесідей қарастырылуға рұқсат беріледі:

- CC1 — апат кезіндегі әсерлерді арнайы есепке алу талап етілмейді, алайда сонымен бірге EN 1992 – EN 1999-да бекітілген сақталғыштық пен жалпы тұрақтылыққа қатысты барлық сәйкесті ережелер есепке алынғандығына көз жеткізу керек;

- CC2 — нақты жағдайларға байланысты эквивалентті статикалық жүктемелер үлгісін қолдану арқылы конструкцияның жеңілдетілген есебіне немесе дәстүрлі есептік/конструктивті ережелерді қолдануға рұқсат беріледі;

- CC3 — конструкция сенімділігінің талап етілетін деңгейі мен конструктивті есептерді талдап, тексеру деңгейін анықтау үшін әрбір нақты жағдайда арнайы зерттеуді орындау қажет. Ол тәуекелді талдауды орындауды, сонымен қатар динамикалық талдау, сызықтық емес үлгілер және жүктеме мен конструкция арасындағы өзара әсерді есепке алудан тұратын дамыған әдістерді қолдануды талап етуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ Ұлттық қосымшада қирау салдары бойынша жоғары немесе төмен топтар үшін қосымша ақпаратқа қарсы келмейтін түрінде конструкцияларды жобалауға сай келетін тәсілдер бойынша кеңестер жүргізуге рұқсат беріледі.

3.5 [6.4.3.3, ҚР ҚН EN 1990]. Апат кезіндегі есептік ситуациялардағы әсерлердің қисындасуы

3.5.1 [6.4.3.3(2)] Апат кезіндегі есептік ситуациялардағы әсерлердің әсері келесідей белгіленуі мүмкін:

$$\sum_{j>1} G_{kj} \text{ ”+” } P \text{ ”+” } (\psi_{1,1} \text{ или } \psi_{2,1}) Q_{k,1} \text{ ”+” } \sum_{j>1} \psi_{2,j} Q_{k,j}, \quad [6.11b]$$

ЕСКЕРТУ ҚР ҚН EN 1990 сәйкес қирау салдары (CC1, CC2 және CC3) және сенімділік тобына (RC1, RC2 және RC3) байланысты апат кезіндегі ситуациялардағы әсерлердің есептік комбинациясына [6.11b] әсерлер коэффициентінің K_F белгісі енгізіледі (кесте В.3, Қосымша В, ҚР ҚН EN 1990).

Әсерлер коэффициентінің K_F сәйкес келетін белгілері жеке коэффициентермен бірге қолданылады $\psi_{1,1}$ және $\psi_{2,1}$.

3.5.2 [6.4.3.3(3)] Қарастырылатын апат кезіндегі есептік ситуациядан $\psi_{1,1} Q_{k,1}$ және $\psi_{2,1} Q_{k,1}$ арасындағы таңдау (соққы, өрт немесе адамдардың өмірін апатты оқиғадан немесе ситуациядан кейін сақтап қалу).

3.5.3 [6.4.3.3(4)] Апат кезіндегі есептік ситуациялар үшін әсерлердің қисындасуы келесіден тұруы тиіс:

- ☐ айқын апат кезіндегі әсер A (өрт немесе соққы);
- ☐ ситуацияға апат кезіндегі әсерден кейін қарау ($A=0$).

Өрт қаупі бар ситуациялар үшін материалдың қасиетіне температуралық әсердің ықпал етуінен бөлек, A_d параметрі өрт кезіндегі термикалық әсердің қосымша әсерлерінің есептік белгісін есепке алуы тиіс.

3.6 [A1.3.2, ҚР ҚН EN 1990] Апатты есептік ситуациялар кезіндегі әсерлердің есептік белгісі

3.6.1 [A1.3.2(1)] Апатты есептік ситуациялар үшін күш түсіретін қабілеттіліктер бойынша шекті жағдайлар үшін қауіпсіздік коэффициенті (Формула [6.11b]) 1-ге тең болып қабылдануы керек.

ψ коэффициентінің белгісі 3.1 кестеде көрсетілген [A.1.3, ҚР ҚН EN 1990: 2002].

Кесте 3.1 [A.1.3 ҚР ҚН EN 1990: 2002] Апатты есептік ситуациялар үшін ықпалдардың есептік белгілері

Есептік ситуация	Тұрақты ықпалдар		Басым апатты	Ілеспелі айнымалы ықпалдар**	
	Қолайсыз	қолайлы		негізгі (басқалардың болуы кезінде)	басқалар
Апатты* (6.11b формуласы)	$G_{k,j,sup}$	$G_{k,j,inf}$	A_d	$\psi_{1,1}$ немесе $\psi_{2,1} Q_{k,1}$	$\psi_{2,i} Q_{k,i}$

4 [4] СОҚҚЫ

4.1 [4.1] Қолдану саласы

4.1.1 [4.1(1)] Бұл бөлім келесі жағдайлардағы апат кезіндегі әсерлерге таралады:

- жол көлік құралдарының соққылары (жеңіл конструкциялармен соқтығысуды санамағанда) (қараңыз 4.3);
- айырмалы тиегіш соққылары (қараңыз 4.4);
- теміржол көлік құралдарының соққылары (жеңіл конструкциялармен соқтығысуды санамағанда) (қараңыз 4.5);
- кемелер соққылары (қараңыз 4.6);
- тікұшақтардың жабынға (шатырға) қатты қонуы (қараңыз 4.7).

ЕСКЕРТУ 1 Жеңіл конструкцияларға апатт кезіндегі әсерлер (мысалы, төсеніштер, жарық беретін дінгектер, жаяу көпірлер) қосымша ақпаратқа қарсы келмейтін түрінде ұлттық қосымшада орнатуға рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТУ 2 Көмкерке мен жақтауларға соққы жүктемелері қараңыз. в EN 1991-2.

ЕСКЕРТУ 3 Ұлттық қосымшада қосымша ақпарат ретінде конструкцияның іргетасына соққы күштерін беру ережелеріне қатысты нұсқауларды орнатуға рұқсат беріледі, қараңыз. EN 1990, 5.1.3 (4).

4.1.2 [4.1(2)P] Ғимараттардың келесі типтері үшін соққылардың әсерлерін есепке алу қажет:

- автокөліктерді қоюда пайдаланатын ғимараттар;

— көлік құралдарының немесе айырмалы тиегіштердің қозғалысына рұқсат берілетін ғимарат;

— автокөліктік немесе темір жол көлік ағынымен сыбайлас ғимараттар.

4.1.3 [4.1(3)] Соққының әсерін және қорғаныс шараларын қамтамасыз ететін көпірлерге арналған әсерлерді қарастыруда, көпірдегі және көпірдің астындағы көлік түрін, сонымен қатар соққы салдарын есепке алған жөн.

4.1.45 [4.1(4)P] Тікұшақ соққыларының әсерін жабындағы қонатын платформамен белгіленген ғимараттар үшін ескерген жөн.

4.2 [4.2] Әсерлерді анықтау

4.2.1 [4.2(1)] Соққылардың әсері динамикалық талдаумен анықталуы немесе эквивалентті статикалық күшпен көрсетілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ1 Соққы беретін объект пен конструкция арасындағы беттің сыбайласына күш түсіру олардың өзара әсеріне байланысты.

ЕСКЕРТУ 2 Соққыны талдауда қолданылатын базистік айнымалылар соққы беретін объект жылдамдығы және массаларды бөлу, соққы беретін объектінің және конструкцияның деформациялық қасиеттері және деформациялық сипаттары болып табылады. Басқа, соққы бұрышы, соққы беруші объектінің конструкциясы және соқтығысудан кейінгі соққы беретін объектінің қозғалысы сияқты факторлардың есебі талап етілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ 3 Қосымша ақпарат В [С] қосымшада көрсетілген.

4.2.2 [4.2(2)] Барлық энергияны соққы беретін объект жұтатын жағдайға рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТУ Жалпы жағдайда бұл жорамал консервативті нәтижелерге алып келеді.

4.2.3 [4.2(3)] Соққы беретін объект пен конструкция материалдарының қасиеттері үшін төменгі және жоғарғы сипаттық (нормативті) белгілерді пайдаланған жөн. Қажет болған жағдайда, деформацияның жылдамдығын ескерген жөн.

4.2.4 [4.2(4)] Конструктивті есептерде соққылардың әсері конструкциядағы эквивалентті нәтижеге алып келетін эквивалентті статикалық күштермен көрсетілуі мүмкін. Бұл жеңілдетілген үлгіні статикалық тепе-теңдікті тексеруге, беріктікті тексеруге және соққы кезіндегі конструкцияның деформациясын анықтауда қолдануға рұқсат беріледі.

4.2.5 [4.2(5)] Жобаға сәйкес соққы энергиясын жекеленген элементтердің серпінді пластикалық деформациялары есебімен жұтуы тиіс конструкциялар үшін (яғни жұмсақ соққы), эквивалентті статикалық жүктемені пластикалық беріктілікті де, мұндай элементтердің деформациялық қорын да есепке ала отырып, анықтауға рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТУ Қосымша кеңестерді В [С] қосымшадан қараңыз.

4.2.6 [4.2(6)] Энергия негізінен соққы беруші объектімен тарқайтын (яғни қатты соққы) конструкциялар үшін динамикалық және эквивалентті статикалық күштер 4.3 – 4.7-ге сәйкес анықтауға рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТУ Соқтығысатын объектілердің массасы мен жылдамдығы үшін есептік белгілерді динамикалық талдауды қолдану бойынша кейбір ақпарат В [С] қосымшада бар.

4.3 [4.3] Жол көлік құралдары соққысынан апат кезіндегі әсерлер

4.3.1 [4.3.1] Құрылыстың тіреу бөліктеріне соққылар

4.3.1.1 [4.3.1(1)] Әртүрлі типтегі жолдарға жақын орналасқан құрылыстың тіреу бөліктеріне (мысалы, көпірлер немесе ғимараттардың бағаналары немесе қабырғалары) соққы әсерлерінің есептік белгісін көрсеткен жөн.

ЕСКЕРТУ 1 Жол көлігінің қатты соққы үшін есептік белгіні (қараңыз 4.2(6)) ұлттық қосымшада бекітуге рұқсат беріледі. Эквивалентті статикалық соққы күштерінің бағдарлы есептік белгісін 4.1 кестеде көрсетілген. Қолданылатын есептік белгі туралы шешімді соққы салдары, түрі және қарқындылығы және қолданатын қорғаныс шараларына байланысты қабылдауға болады, қараңыз EN 1991-2 және қосымша В [С]. Тәуекелдерді талдау бойынша кеңестер Б [В] қосымшада көрсетілген.

Кесте 4.1 [4.1] — Жүргінші бөліктің үсті немесе маңындағы тіреу конструкцияларымен жол көлігінің соққысынан эквивалентті статикалық күштердің бағдарлы есептік белгілері

Жол категориясы	Күш $F_{dx}^{a)}$, кН	Күш $F_{dy}^{a)}$, кН
Республикалық белгідегі автодаңғылдар мен негізгі жолдар	1000	500
Сүрлеу жолдар мен ауылдық аймақтағы жолдар	750	375
Қала жолдары	500	250
Аула территориялары мен қозғалысты гараждар:		
Жеңіл автокөліктердің	50	25
Жүк автокөліктерінің ^{b)}	150	75
^{a)} х — қозғалыс бағытында;у — қозғалыс бағытына перпендикуляр. ^{b)} «Жүк автокөліктері» термині 3,5 т. брутто салмақты автокөліктерге жатады.		

ЕСКЕРТУ 2 Б [В]. Ұлттық қосымшада соққы күшін конструктивті элемент пен жақын қозғалыс сызығының осі арасындағы қашықтыққа s функционалды байланысты түрінде көрсетуге рұқсат беріледі. S қашықтығының әсері туралы ақпарат В [С] қосымшада бар.

ЕСКЕРТУ 3 Ұлттық қосымшада көлік құралдарының соққысын есепке алмауға болатын конструкцияның типтері мен элементтері көрсетілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ 4 Көлік құралдарының көпірлермен соқтығысуын қарастыруда EN 1991-2 ережесін ескерген жөн.

ЕСКЕРТУ 5 теміржол көпірлеріндегі апатты әсерлер туралы ақпарат UIC 777.1R бюллетенінде бар.

4.3.1.2 [4.3.1(2)] F_{dx} және F_{dy} күшін қолданудың ережелері анықталуы тиіс.


ЕСКЕРТУ F_{dx} және F_{dy} күшін қолданудың ережелері ұлттық қосымшада немесе нақты жоба аясында анықталуы мүмкін. F_{dx} және F_{dy} күшін бір уақытта әрекет етуші деп қолдануға болмайды.

4.3.1.3 [4.3.1(3)] F күші қосымшасының тіреу конструкциясымен соқтығысқандағы аумағын анықтау қажет.

ЕСКЕРТУ Ұлттық қосымшада көлік құралдарының шартын көрсетуге рұқсат етіледі. Келесі шарттар кеңес беріледі:

— жүк автокөліктерінің соққысының күшін F h 0,5-тен 1,5 м-ге дейінгі жүргінші бөлікке басуға рұқсат етіледі. Қорғаныс кедергілері болған жағдайда жоғары белгілерді қолданады. Күш қосымшасының кеңес берілетін аумағы келесідей анықталады: биіктігі $a = 0,50$ м, ені конструктивті элементтің енімен теңдестіріледі, бірақ 1,5 м-ден артық емес;

— жүк автокөліктерінің соққысының күшін F жүргінші бөлік деңгейінен $h = 0,5$ м биіктікте басуға рұқсат беріледі. Күш қосымшасының кеңес берілетін аумағы: биіктігі $a = 0,25$ м, ені элементтің еніне теңеледі, бірақ 1,5 м-ден артық емес (сурет 4.1).



a — күш қосымшасының кеңес берілетін аумағының биіктігі: 0,25 м құрайды (жеңіл автокөліктер үшін) және 0,50 м (ауыр автокөліктер үшін);

h — F соққысының күші жағдайы, яғни жүргінші бөлік деңгейінен биіктік. 0,5 м-ден (жеңіл автокөліктер үшін) 1,5 м-ге дейін (ауыр автокөліктер үшін) өзгереді;

x — қозғалыс тілкемінің осьтік линиясы.

Сурет 4.1 [4.1] — Қозғалыс тілкемі маңындағы және ғимараттардың тіреулі конструкцияларымен көпірлердің тіреулі конструкцияның күші

Мысал 1 (4.3.1)

Жол қозғалысы тілкемінен 5,0 м қашықтықта орналасқан ғимараттың тіреу конструкциясы бойынша жүк автокөлігінің күшінен күшті анықтау (бірінші қабат бағанасы)

Бастапқы мәліметтер:

Жүк автокөлігі, 10500 кг жүкті (брутто) салмақ

Жол категориясы - қала жолы

Объекттің өзара орналасуы мен жүргінші бөліктің схемасы суретте берілген 1 (4.3.1)

Шешім

4.1 [4.1, ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011] кестесіне сәйкес қатты соққы кезіндегі эквивалентті статикалық күштің бағдарлы белгісін құрайды:

- қозғалыс бағытында $F_{dx} = 500$ кН (50,0 т)
- қозғалыс бағытына перпендикуляр $F_{dy} = 250$ кН (25,0 т).


В2.1 [С2.1] (Қосымша В [С]) бойынша қатты соққының жеңілдетілген үлгісін қолдану арқылы жақындастырылған динамикалық талдау.

Динамикалық соққы күшінің есептік белгісі F_0 , мына формула бойынша анықталады (В.1 [С.1])

$$F = v_r \sqrt{km}, \quad (\text{В.1}) ([\text{С1}])$$

және қатты соққы жағдайы үшін, автокөлік массасы 30 000 кг және $v_0 = 50$ км/сағ жылдамдықты (13,9 м/с) 1300 кН құрайды (Кесте В.2 [С2]),

10 500 кг автокөлік массасын түзету және 40,0 км/сағ жылдамдыққа.



Мысалға 1 (4.3.1) Жүк автокөлігінің соққы әсері

В.1 [С1] формуласына сәйкес,

$$F_0 = 1300 \frac{40}{50} \sqrt{\frac{k \cdot 10500}{k \cdot 30000}} = 615,3 \text{ кН}$$

Тежелуді түзету (В.3 [С3] бөлім, Қосымша В [С] және кесте В1 [С1])

$$F_d = F_0 \sqrt{1 - d/d_b} = 615,3 \sqrt{1 - 5/10,3} = 441,3 \text{ кН (44,1 т)},$$

онда d_b – тежелу жолы, $d_b = \left(\frac{v_0^2}{2a} \right) \sin \varphi = (11,1^2 / 2 \cdot 3) \cdot 0,5 = 10,30$ м.

- көлік құралының жылдамдығы, $v_0 = 40$ км/ч = 11,1 м/с (Кесте В1 [С1]),
- бәсеңдету (кері белгіні үдеткіш) $a = 3,0$ м/с² (Кесте В2 [С2])
- $\sin \varphi = \sin 30^\circ = 0,5$ (φ – қозғалыс тілкемі мен ауытқушы көлік құралы арасындағы бұрыш).

Ғимарат жаққа еңісті түзету (қозғалыс схемасына сәйкес) □ 1,6

Қатты соққы кезіндегі динамикалық күштің жақындалған есептік белгісі

$$F_{dx} = 441,3 \cdot 1,6 = 706,0 \text{ кН (70,6 т)},$$

Сол сияқты, перпендикулярлы қозғалыс бағытындағы $F_{dy} = 353$ кН (35,3 т).

Қарастырылып отырған негізгі мәліметтер үшін қатты соққы кезіндегі күш, жақындаған динамикалық талдау мен эквивалентті статикалық күштің бағдарлық белгісі (кесте 4.1) 40% айырады.

F_{dx} и F_{dy} күшінің әрекеті бөлек қарастырылады.

$F_{жүк}$ автокөлігі соққысының күші жүргінші бөлік деңгейінен $h = 1,0$ м биіктігіне түседі. Күш қосымшасының аумағы: 0,5 м биіктік, ені конструктивті элементтің еніне тең.

4.3.2 [4.3.2] Құрылыстың жоғары бөліктеріне соққы

4.3.2.1 [4.3.2(1)] Жүк автокөліктерінен және/немесе олардың жүгінен құрылыстың жоғарғы бөліктерінің конструкциясына соққы әсерлерінің есептік белгілерін анықтау қажет, тек жүрістің айтарлықтай биіктігі қамтамасыз етілген немесе соққыдан қашу үшін сәйкесті шаралар қабылданған жағдайлардан басқа.

ЕСКЕРТУ 1 Соққы ықпалдарының есептік белгілері жүрістің жеткілікті биіктігі белгілерімен бірге және соққының алдын алудың сәйкесті қорғаныс шараларымен Ұлттық қосымшада бекітуге рұқсат етіледі. Көпір астындағы жол жабынын айырбастауды ескермей жүрістің жеткілікті биіктігінің кеңес берілетін белгісі 5,0 м-ден 6,0 м құрайды. Эквивалентті статикалық күштің бағдарлық белгісі 4.2 кестеде көрсетілген.

Кесте 4.2 [4.2] Құрылыстың жоғарғы бөлігіне соққы күштерінің бағдарлық белгісі


Жол категориялары	Эквивалентті статикалық күш $F_{dx}^{a)}$, кН
Республикалық белгідегі автодаңғылдар мен негізгі жолдар	500
Сүрлеу жолдар мен ауылдық аймақтағы жолдар	375
Қала жолдары	250
Аула территориялары және гараждар	75
^{a)} х — қозғалыс бағытында.	

ЕСКЕРТУ 2 Қолданылатын есептік белгі туралы шешімді соққының салдары, қозғалыс түрі және қарқындылығына байланысты, сонымен қатар қамсыз қорғаныс және алдын алу шараларынан тәуелсіз қабылдауға болады.

ЕСКЕРТУ 3 Вертикалды беттегі жобалы соққы жүктемесі 4.2 кестеде келтірілген соққы күштеріне барабар. $h_0 \leq h \leq h_1$ белгісі кезінде соққы күштерін r_F төмендетуші коэффициентке көбейту керек. r_F , h_0 және h_1 белгісін ұлттық қосымшада орнатуға рұқсат беріледі.

Кеңес берілетін r_F , h_0 және h_1 белгілер 4.2 суретте көрсетілген [4.2].

ЕСКЕРТУ 4 Көпір тақтайының төменгі бетіне ылди соққы жүктемесіне рұқсат беріледі. Ұлттық қосымшада соққы шарттары көрсетілуі мүмкін. Кеңес берілетін еңіс бұрышы 10° құрайды, сурет 4.3.



h — жол төсемінің беті мен көпір тақтайының төменгі шеті арасындағы жарықтағы физикалық арақашықтық;


h_0 — жол төсемінің беті мен көпір тақтайының төменгі шеті арасындағы жарықтағы минималды арақашықтық, одан төмен соққы құрылыстың жоғарғы бөлігінде есепке алынуы тиіс. Кеңес берілетін белгі $h_0 = 5$ м;

h_1 — жол төсемінің беті мен көпір тақтайының төменгі шеті арасындағы жарықтағы арақашықтықтың белгісі, одан жоғары соққы күшін F ескермеуге болады. кеңес берілетін белгі $h_1 = 6$ м (плюс көпір үстіндегі жол жабынын айырбастау запасы, вертикалды сарқырама және көпірдің майысқан жері); b — h_1 және h_0 арасындағы биіктіктің әртүрлілігі, яғни $b = h_1 - h_0$. b үшін кеңес берілетін белгі 1,0 м. F үшін төмендеткіш коэффициентті қолдану b белгілерде 0-ден 1 м, яғни h_0 және h_1 арасында.

Сурет 4.2 [4.2] — Жүргінші бөліктегі горизонталды конструктивті элементтерге соққы күштеріне арналған r_F төмендеткіш коэффициенттің кеңес берілетін белгісі, жүріс биіктігіне h байланысты.

ЕСКЕРТУ 5 Биіктікті анықтағанда h аз жаққа қарай болашақ өзгерістерді ескерген жөн, мысалы, көпір астындағы жол жабынын айырбастау есебімен.

4.3.2.2 [4.3.2(2)] Қажет болған жағдайда соққы күштері F_{dy} қозғалыс бағына перпендикуляр.



x — қозғалыс бағыты;

h — жол төсемі беті мен қаптамалар арасындағы немесе көпірдің төменгі бетінің конструктивті элементі арасындағы арақашықтық.

Сурет 4.3 [4.3] — Құрылыстың жоғарғы бөлігі элементтеріне соққы күші

ЕСКЕРТУ F_{dy} қолдануды ұлттық қосымшада немесе нақты жобада анықталуы мүмкін. F_{dy} F_{dx} біруақытта қолдануға кеңес берілмейді.

4.3.2.3 [4.3.2(3)] $F_{\text{соққы}}$ күшінің қосымшасының аумағы құрылыстың жоғарғы бөлігінің элементтеріне көрсетілген болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ Ұлттық қосымшада соққы аумағының өлшемі мен жағдайымен анықталуы мүмкін. Соққы беті ретінде 0,25 м ұзындықтағы квадратты қолдануға кеңес беріледі.

4.4 [4.4] Айырмалы тиегіштер соққысынан апат кезіндегі әсерлер


4.4.1 [4.4(1)] Айырмалы тиегіштері соққысынан апат кезіндегі әсерлердің есептік белгілерін айырмалы тиегіштер мен конструкцияның динамикалық сипаттамалары есебімен орнатады. Конструкцияның реакциясы сызықты деформацияға рұқсат беріледі. Динамикалық есепті орындау орнына эквивалентті статикалық күшті F қолдануға рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТУ Ұлттық қосымшада эквивалентті статикалық күштің F есептік белгісіне рұқсат беріледі. F белгісін В.2.2 [С.2.2] (қосымша В [С]) сәйкес жұмсақ соққының нақты есептерін қолдану арқылы анықтауға кеңес беріледі. Балама ретінде $F = 5W$ белгісін қолдануға кеңес беріледі, онда W — нетто және тиегіштің жүк тиегіш қабілетінің салмағы суммасы (қараңыз EN 1991-1-1, кесте 6.5); жүктеме еденнен 0,75 м биіктікте салынған. Кейбір жағдайларда жоғары немесе төмен белгілерді қолдануға рұқсат беріледі.

Мысал 2 (4.4)

Қойма бөлмесі бағанасы бойынша айырмалы тиегіш соққысының эквивалентті статикалық күштің F есептік белгісін анықтау.

Айырмалы тиегіш тобы FL2 (қараңыз Кесте Е.1, Қосымша Е), өзіндік салмақ 31кН (3,1т), көтерілетін жүк 15 кН (1,5 т).



Мысалыға 2 (4.4) □ Айырмалы тиегіштің соққы әсері

Шешім 1 (жақын есеп)

Эквивалентті статикалық күш белгісі $F = 5W = 5(31+15) = 230$ кН (23 т).

онда W — нетто және көтеретін жүк салмағының суммасы

F күші еден деңгейінен 0,75 м арақашықтықта салынған.

Шешім 2 (жақын динамикалық талдау), В [С]) қосымшаға сәйкес. қатты соққыда конструкция қатты және қозғалыссыз болып табылатын шарт қабылданады, ал соққы беретін объект соққы кезінде сызықты түрде деформацияланады.

Өзара әсер етудің максималды динамикалық күші формула бойынша В.1 [С.1]

$$F = v_r \sqrt{km}; \quad (B.1) \text{ ([C.1])}$$

онда v_r — соққы кезіндегі объект жылдамдығы, $v_r = 5$ км/сағ (1,4 м/с);

k — соққы беретін объекттің иілгіш қаттылығы (яғни жалпы деформацияға күш қатынасы F), $k = 2,53 \cdot 10^3$ кН/м;

m — соққы беретін объект массасы, $m = (31+15)/9,81 = 4,70$ кН·с²/м.

k белгісі келесі есептеулерден алынды:

Соққы беретін объекттің көлденең кесу аумағы (айырмалы тиегішке қарама-қайшы)

$$A = a \cdot b;$$

Е.1 кестеде (Қосымша Е) қарастырылатын айырмалы тиегіш тобы үшін

$b = 1,10$ м; L — соққы беретін объект ұзындығы. $L = 3,0$ м;

Соққы беретін объекттің массалық тығыздығы, $\rho = 40$ кН/м³.

Айырмалы тиегіш салмағының формуласынан $W = \rho \cdot a \cdot b \cdot L$,

Соққы беретін объектiнiң биiктiгi $a = \frac{46}{40 \cdot 1,1 \cdot 3,0} = 0,35$ м,

және көлденең кесу аумағы $A = 0,35 \cdot 1,10 = 0,38$ м².

Эквивалентті иілгіш қатандық (В.3 [С.3] формуласы бойынша, Қосымша В [С]),

$k = EA/L$; $E = 2 \cdot 10^4$ Мпа кезінде, $k = \frac{2 \cdot 10^4}{3,0} \cdot 0,38 = 2,53 \cdot 10^3$ кН/м;

Өзара әсердің максималды динамикалық күші,

$$F = v_r \sqrt{km} = 1,4 \sqrt{2,53 \cdot 10^3 \cdot 4,70} = 152,6 \text{ кН (15,3 т)}$$

Динамикалық әсер (конструкцияның динамикалық реакциясы) динамикалық коэффициент $\phi_{dyn} = 2,0$ белгісі кезінде иілгіш реакциясы шартынан анықталады.

Онда бағанаға эквивалентті статикалық күш

$$F_{cm} = 152,6 \cdot 2 = 305,2 \text{ кН (30,5 т)}.$$

Қарастырылып жатқан басты мәліметтер қатты соққы кезіндегі күш жақын динамикалық талдау бойынша және эквивалентті статикалық күштің бағдарлық белгісі ($F = 5W$) 33% бөлінеді.

4.5 [4.5] Рельстен конструкция астындағы немесе конструкция маңындағы рельстік көлік құралдарының қосылуынан туындаған апатты әсерлер

4.5 [4.5(1)] Рельсті көліктен апат кезіндегі әсерлерді анықтау қажет.

ЕСКЕРТУ Ұлттық қосымшада рельсті көлік типтерін көрсетуге рұқсат беріледі, оларға осы бөлімде көрсетілген ережелер таралады.

4.5.1 [4.5.1] Жанындағы немесе рельстік жолдар үстіндегі конструкциялар

4.5.1.1 [4.5.1.1] Жалпы ережелер

4.5.1.1.1 [4.5.1.1(1)] Құрылыс астында немесе жанында орағытатын рельстен пойыздардың ауып кетуі кезінде тіреу конструкцияларына (мысалы, тіреулер немесе бағаналар) соққы жүктемелерінің есептік белгілері анықталуы тиіс қараңыз [4.5.1.2].

ЕСКЕРТУ 1 Конструкциялар тобына байланысты тіреу конструкцияларына соққыдан апат кезіндегі әсердің нәтижелерін азайту үшін ескертулік немесе қорғаныс шаралары.

ЕСКЕРТУ 2 [1] Көпірлерде рельстен шығудан түсетін жүктемелер ҚР ҚН EN 1991-2 бекітілген.

ЕСКЕРТУ 3 [2] Рельсті көліктің апат кезіндегі әсерлері бойынша қосымша ақпарат UIC 777-2 бюллетенінде көрсетілген.

4.5.1.2 [4.5.1.2] Конструкциялар классификациясы

4.5.1.2.1 [4.5.1.2(1)] Рельсті көліктің рельстен шығуы кезінде соққылы жүктемеге ұшырайтын конструкцияларды 4.3 [4.3] кестеге сай классификациялайды.

Кесте 4.3 [4.3] Рельсті көліктің рельстен шығуы кезінде соққылы жүктемеге ұшырайтын конструкциялардың классификациясы

А тобы	Адамдардың немесе қызмет етушілердің, адамдардың уақытша жиналуына арналған рельсті жолдар үстінде немесе солармен қатар орналасқан конструкциялар, сонымен қатар көпқабатты құрылыстар.
В тобы	Адамдардың ұзақ уақытқа мекендеуіне арналмаған және адамдардың уақытша жиналу орындары ретінде қызмет етпейтін автокөлік қозғалысы бар көпірлер немесе бірқабатты ғимараттар сияқты рельсті жолдар үстіндегі немесе солардың жанындағы массивті конструкциялар

ЕСКЕРТУ 1 А немесе В тобына жататын конструкцияларды ұлттық қосымшада немесе нақты жоба аясында орнатуға рұқсат етіледі.

ЕСКЕРТУ 2 Ұлттық қосымшаға уақытқа конструкцияларды классификациялау бойынша қосымша мәліметтерді де қосуға рұқсат беріледі, уақытша жүргінші көпірлер немесе қоғамдық тағайындалудың осындай конструкциялары, сонымен қатар құрылыс жұмыстарын атқаруда қолданылатын көмекші конструкциялар, қараңыз EN 1991-1-6.

ЕСКЕРТУ 3 4.3 кестеде көрсетілген қосымша ақпарат пен классификацияларды дәлелдеу, UIC құжаттарында бар.

4.5.1.3 [4.5.1.3] Конструкциялар тобына қатысты апат кезіндегі есептік ситуациялар.

4.5.1.3.1 [4.5.1.3(1)] Конструкция астындағы көліктің шығуы немесе А немесе В тобы конструкциясына жақындаудан тұратын ситуацияларды EN 1990, 3.2 сәйкес апат кезіндегі есептік ситуацияларға жатқызады.

4.5.1.3.2 [4.5.1.3(2)] Конструкция астындағы көліктің шығуы немесе конструкцияларға жақындауда рельсті көліктің рельстен шығуында құрылыстың (көпірдің тақтайы) жоғарғы бөлігіне соққыны жалпы жағдайда есепке алмауға рұқсат етіледі.

4.5.1.4 [4.5.1.4] Атобы конструкциясы

4.5.1.4.1 [4.5.1.4(1)] А тобы конструкциясы үшін, рельсті көліктің максималды жылдамдығы 120 км/сағ аспайтын орындарда орналасқан тіреулі конструктивті элементтер бойынша (мысалы, бағаналар, қабырғалар) соққыдан эквивалентті статикалық күштердің есептік белгісін орнату қажет.

ЕСКЕРТУ Эквивалентті статикалық күштер және олардың бірегейлігі Ұлттық қосымшада рұқсат етіледі.

Бағдарлы белгілер 4.4 кестеде көрсетілген.

Кесте 4.4 [4.4] — Рельсті жолдардың үстінде немесе маңында орналасқан А тобының конструкциясы үшін соққының горизонталды эквивалентті статикалық күштердің бағдарлы есептік белгісі

Конструктивті элемент пен жақын рельсті жол арасындағы арақашықтық d , м	Күш $F_{dx}^{a)}$, кН	Күш $F_{dy}^{a)}$, кН
Конструктивті элементтер $d < 3$ м	Нақты жоба аясында орнату қажет. Қосымша ақпарат — қараңыз қосымша Б [В]	Нақты жоба аясында орнату қажет. Қосымша ақпарат — қараңыз қосымша Б [В]
Бірыңғай қабырғалар және сондай конструкциялар: $3 \text{ м} \leq d \leq 5 \text{ м}$ $d > 5 \text{ м}$	4000 0	1500 0
^{a)} x — қозғалыс бағытында; y — қозғалыс бағытына перпендикуляр.		

4.5.1.4.2 [4.5.1.4(2)] Тіреу конструкциялары бірыңғай төлелер мен платформалармен қорғалған жағдайларда соққы күштерін төмендетуге рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТУ Төмендету ережесін ұлттық қосымшада бекіткен жөн.

4.5.1.4.3 [4.5.1.4(3)] F_{dx} және F_{dy} күші рельс деңгейі үстіндегі биіктікте орнатылған болуы тиіс, 4.4. кестені қараңыз. F_{dx} және F_{dy} күшін есептеуде бөлек есепке алған жөн.

ЕСКЕРТУ F_{dx} және F_{dy} күшінің қосымша нүктесінің рельс деңгейінен биіктігін ұлттық қосымшада орнатқан жөн. Кеңес берілетін белгі 1,8 м.

4.5.1.4. [4.5.1.4(4)] Егер рельсті көліктің конструкцияның орналасу орнындағы максималды жылдамдығы 50 км/сағ аспаса, онда 4.4 кестеден күштер белгісі төмендеуге рұқсат етіледі.

ЕСКЕРТУ Төмендету ережесін ұлттық қосымшада бекітуге рұқсат беріледі. Кеңес берілетін төмендеу 50% құрайды. Қосымша ақпарат UIC 777-2 бюллетенінде бар.

4.5.1.4.5 [4.5.1.4(5)] Рельсті көліктің максималды рұқсат етілген жылдамдығында конструкцияның орналасу орнында 120 км/сағ жоғары F_{dx} және F_{dy} горизонталды эквивалентті статикалық күштердің есептік белгісі конструкция бүліну салдары бойынша

ССЗ тобына жататынын болжай отырып, қосымша ескертулік және (немесе) қорғаныс шаралары есебімен анықтайды, қараңыз 3.4 [(1)].

ЕСКЕРТУ — F_{dx} және F_{dy} белгісі қосымша ескертулік және (немесе) қорғаныс шаралары есебімен Ұлттық қосымшада немесе нақты жоба аясында орнатуға рұқсат беріледі.

4.5.1.5 [4.5.1.5] В тобының конструкциясы

4.5.1.5.1 [(1)] В конструкция тобы үшін арнайы талаптар қояды.

ЕСКЕРТУ — Талаптарды Ұлттық қосымшада көрсетуге немесе нақты жоба аясында анықтауға рұқсат етіледі. Әрбір талап тәуекелдікті бағалау нәтижелеріне негізделуі мүмкін. Ескереілетін факторлар және іске асырылатын шаралар туралы ақпарат В қосымшада көрсетілген.

4.5.2 [4.5.2] Тұйық рельсті жолдар сыртында орналасқан конструкциялар

4.5.2.1 [4.5.2(1)] Тұйық рельс жолының өткелін (мысалы, ақырғы станцияларда) егер конструкция немесе оның тіреуі тұйық рельсті жолдар сыртында болған уақытта EN 1990 сәйкес апатты есептік ситуация деп есептейді.

ЕСКЕРТУ Ескеру қажет тұйық рельс жол сыртындағы аймақты Ұлттық қосымшада немесе нақты жоба аясында көрсетуге рұқсат етіледі.

4.5.2.2 [4.5.2(2)] Тәуекелдікті шектеу бойынша шаралар тұйық рельсті жолдар аймағына таралмауы тиіс және оның өткел ықтималдығын қысқартуға тиіс.

4.5.2.3 [4.5.2(3)] Тіреуіш конструктивті элементтер тұйық рельсті жол сыртындағы аймақта орналаспауы тиіс.

4.5.2.4 [4.5.2(4)] Егер тіреуіш конструктивті элементтерді рельсті жолдың тұйығының маңына орналастыру қажет болса, буферлік тіреуден бөлек тұйықтық сыртындағы бөрене қорғаныс қабырғасын ескерген жөн. Қорғаныс қабырғасына соққының эквивалентті статикалық күшінің белгісін көрсеткен жөн.

ЕСКЕРТУ Арнайы шаралар және эквивалентті статикалық соққы күштерінің баламалы есептік белгілері Ұлттық қосымшада немесе нақты жоба аясында көрсетіледі. Қорғаныс қабырғасына соққыдан эквивалентті статикалық күштің кеңес берілетін белгісі $F_{dx} = 5000$ кН — жолаушы пойыздар үшін және $F_{dx} = 10\,000$ кН — жүк пойыздары үшін. Бұл күштерді горизонталды рельс деңгейінен 1,0 м биіктікте салуға кеңес беріледі.

4.6 [4.6] Кеме соққыларынан апатты ықпалдар

4.6.1 [4.6.1] Жалпы ережелер

4.6.1.1 [4.6.1(1)] Кеме соққыларының апат кезіндегі әсерлерді келесі шарттарды есебімен анықтау қажет:

- су жолының типі;
- су деңгейі және ағын шарты;

— кемеңің типі және су сыйымдылығы (шөгу), сонымен қатар оның соққылық сипаттамалары;

— конструкция типі және энергияның шашырауының сипаты.

4.6.1.2 [4.6.1(2)] Ішкі су жолдарындағы кеме типтері, оларды конструкциямен соқтығысу жағдайында ескерген жөн, СЕМТ жүйесі бойынша классификациялайды.

ЕСКЕРТУ СЕМТ классификация жүйесі В.3 [С.3] кестеде көрсетілген (қосымша В [С]).

4.6.1.3 [4.6.1(3)] Теңіз су жолдарындағы кемелердің соққы сипатын анықтаған жөн, оларды конструкциямен соқтығысу жағдайларында есептеуге алу қажет.

ЕСКЕРТУ 1 Теңіз су жолдарындағы кемелердің классификациясын ұлттық қосымшада бекітуге рұқсат етіледі. Мұндай кемелерге бағдарлық классификация В.4 кестеде [С.4] (қосымша В [С]) көрсетілген.

ЕСКЕРТУ 2 Кемелермен соқтығысуды ықтимал үлгілеу бойынша ақпарат қосымша Б [В] көрсетілген.

4.6.1.4 [4.6.1(4)] Кеме соққылары кезіндегі ықпалдардың есептік белгілерін анықтауда қосымша гидродинамикалық массаны ескерген жөн.

4.6.1.5 [4.6.1(5)] Соққы кезіндегі ықпалдарды екі өзара шектейтін жүктемелер түрінде ұсынған жөн:

— қарсы күш F_{dx} ;

— құрамдас F_{dy} қарсы күш, қарсы қарсы күшке F_{dx} перпендикуляр әрекет ететін, және үйкелме құраушы F_R, F_{dx} параллельді әрекет етуші.

4.6.1.6 [(6)] Жоба бойынша кеме соққыларын қабылдауы тиіс конструкциялар (мысалы, айлақ қабырғалар және айлақ бағаналар) ҚР ҚНЕН 1991 бөлігіндегі қолдану саласына жатпайды.

4.6.2 [4.6.2] Өзен көлігінің соққылары

4.6.2.1 [4.6.2(1)] Қажет болған жағдайда өзен кемелерінен қарсы және бүйір есептік динамикалық күштерді орнатады.

ЕСКЕРТУ Қарсы және бүйір динамикалық күштердің белгісін Ұлттық қосымшада немесе нақты жоба аясында көрсетуге рұқсат беріледі. Қосымша динамикалық масса әсерлері, сонымен қатар басқа массалы кемелер әсерін қоса алғанда кемелердің стандартты параметрлері және стандартты есептік ситуациялар қатары үшін бағдарлық белгілер В кестеде көрсетілген [С.3] (қосымша В [С]).

4.6.2.2 [4.6.2(2)] Бүйір соққы күшімен бір уақытта әрекет ететін соққы кезіндегі үйкеліс күшін F_R келесі формула бойынша анықтайды (4.1).

$$F_R = \mu F_{dy}, \quad (4.1)$$

онда μ — үйкеліс күші.

ЕСКЕРТУ Үйкеліс күшін μ ұлттық қосымшада көрсетуге рұқсат беріледі. Кеңес берілетін белгі $\mu = 0,4$.

4.6.2.3[(3)] Соққы күштерін белгілі бір биіктікте кеменің суға шөгуіне байланысты (жүкпен немесе жүксіз) су деңгейінің жүзуге барынша жарамдылығына қатысты ұстаған жөн соққы күшін bh салудың биіктігі мен ауданын анықтау қажет.

ЕСКЕРТУ 1 Соққы күшінің bh биіктігі мен ауданын Ұлттық қосымшада немесе нақты жоба аясында анықтауға рұқсат беріледі. Нақты мәліметтердің болмаған жағдайында күшті су деңгейінен 1,5 м биіктікте салуға рұқсат етіледі. Соққы күші bh қосымшасының ауданы бүйір соққы үшін $b = 1,0$ м және $h = 0,5$ м кезінде рұқсат етіледі.

Сонымен қатар b_{pier} — су жолындағы кедергінің ені, мысалы көпір тіреуінің ені.

ЕСКЕРТУ 2 Белгілі бір жағдайларда кеме тіреумен соқтығысу алдында табанынан немесе іргетасты блоктан көтерілетінін ескеру рұқсат етіледі.


4.6.2.4 [4.6.2(4)] Қажет болған жағдайда көпірдің бой ара осіне перпендикуляр әрекет ететін кемемен соқтығысудан эквивалентті статикалық күшті қабылдауға көпірдің тақтайы есептейді.

ЕСКЕРТУ Эквивалентті статикалық күштің белгісін ұлттық қосымшада немесе нақты жоба аясында көрсетуге рұқсат беріледі. Бағдарлық белгі – 1 МН.

Мысал 3 (4.6.2)

Өзен қайығының көпір тіреуіне эквивалентті статикалық соққысының күшін анықтау

Бастапқы мәліметтер: I класс қайығы (класс СЕМТ¹), ұзындығы 40,0 м, масса 320,0 т².



Мысалы 3 (4.6.2) Көпір тіреуішіне өзен қайығы соққысының әсері

Өртүрлі топтағы өзен қайығының соққысы кезінде динамикалық (эквивалентті статикалық) күштің бағдарлық белгісі В.3[С.3] (қосымша В [С]) кестеде келтірілген.

¹European Conference of Ministers of Transport (Көлік министрінің Еуропалық конференциясы), 1992 ж. 19 маусымнан классификация бойынша кеңестер, ЕС Кеңесімен 1993 ж. 29 қазанда қабылданған.

²Масса m , т, ($1 \text{ т} = 1000 \text{ кг}$) кеме, жүк және жанармай конструкциясы массасынан тұратын кеменің жалпы суммасын есепке алады. Оны сонымен қатар тоннаж, су сыйымдылығы деп атайды.

Көрсетілген күш белгілері су жолдарының барлық тобы үшін күтілетін ситуацияны (жағдайды) және гидродинамикалық массаны есепке алатын зерттеулерге негізделеді.

Қарастырылып отырған жағдайға динамикалық күштің бағдарлық белгісі F_{dx} кН, (кеменің қозғалысы бойынша) және F_{dy} , кН (қозғалыс бағытына көлденең) 2000 және 1000 кН құрайды.

Қапталды соққы күшімен бір уақытта әрекет ететін F_{dy} соққы кезіндегі үйкеліс күші F_R , (4.1) $F_R = \mu F_{dy} = 0,4 \cdot 1000 = 400$ кН (40,0 т) формуласы бойынша анықталады.

Соққы күші қосымшасының биіктігі мен ауданын (нақты жобада нақтыланады) ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 және Ұлттық қосымшаға сәйкес қабылдайды: күш су деңгейінен 1,5 м биіктікте басылады; соққы күші қосымшасының ауданы $bh = b_{\text{pier}} \times 0,5$ м — қарсы соққы мен аудан үшін, $bh = 1,0 \times 0,5$ м — бүйір соққысы үшін.

онда b_{pier} — су жолындағы тосқауыл ені, мысалы көпір тіреуінің ені.

4.6.3 [4.6.3] Теңіз кемелерінің соққысы

4.6.3.1 [4.6.3(1)] Теңіз кемелерінің қарсы есептік эквивалентті статикалық соққы күштерін орнату қажет.

ЕСКЕРТУ Қарсы және бүйір динамикалық соққы күштерінің сандық белгісін ұлттық қосымшада немесе жеке жоба аясында көрсетуге рұқсат беріледі. Бағдарлы белгілер В.4 [С.4] (қосымша В [С]) кестеде көрсетілген. Бұл белгілердің интерполяциялауға рұқсат етіледі. Белгілер типтік теңіз жолдарына таралады, бұл аймақ маңында олардың азаюы рұқсат етіледі. Кіші кемелер үшін В.4 [С.4] (қосымша В [С.4]) сәйкес анықтауға рұқсат беріледі.

4.6.3.2 [4.6.3(2)] Қажет болған жағдайда соққыны тұмсық, артқы және бүйір жағымен қарастырған жөн. Тұмсық бөлігімен соққыны 30° максималды бұрыштық ауытқушылықпен негізгі қозғалыс бағытымен есепке алады.

4.6.3.3 [4.6.3(3)] Қаптал соққымен бір уақытта әрекет ететін үйкеліс күші F_R мына формуламен анықталады (4.2)

$$F_R = \mu F_{dy}, \quad (4.2)$$


μ — үйкеліс коэффициенті.

ЕСКЕРТУ Үйкеліс коэффициентін μ ұлттық қосымшада көрсетуге рұқсат етіледі. Кеңес берілетін белгі $\mu = 0,4$.

4.6.3.4 [4.6.3(4)] Соққы күшін басатын жағдай және аудан құрылыстың геометриясына, кеменің өлшемі мен геометриясына (мысалы, дөңестердің болуы немесе болмауы), кеменің суға шөгуіне және тепе-теңдік ерекшеліктеріне, сонымен қатар су тасқындары мен судың қайтуына байланысты болады. Соққы нүктесінің жағдайы үшін вертикалды диапазонды кеме қозғалысының ең қолайсыз қозғалыстарынан шыға отырып, анықтайды.

ЕСКЕРТУ Соққы зонасын Ұлттық қосымшада бекітуге рұқсат етіледі. Соққы аумағын келесідей анықтауға кеңес беріледі: $0,05l$ биіктігіне, $0,1l$ еніне (l — кеме ұзындығы). Соққы

нүктесінің жағдайын 0,05l судың есептік деңгейінен төменнен 0,05l судың есептік деңгейінен жоғарыға дейінгі аралықта көрсеткен жөн (Сурет 4.4).



Сурет 4.4 [4.4] — Теңіз кемелері соққысының бағдарлы беті

4.6.3.5 [4.6.3(5)] Құрылыстың жоғарғы жағын кеменің түріне және құрылымның биіктігіне қарай тағайындайды. Ереже бойынша, ұшу көпірінің құрылымы кеме құрылымының биіктігімен шектеледі.

ЕСКЕРТУ 1 Қарқынды күш тек Ұлттық қосымшада немесе белгілі бір нақты жобада жіберіледі. Кеменің тұмсықтық бөлігінің соққандағы бағдарлы күші 5%-тен 10% құрайды.

ЕСКЕРТУ 2 Кеменің жоғарғы бөлігіндегі діңгегі соқтығысқанда ғана бағдар күші 1 МН құрайды.

4.7 [4.7] Тікұшақтар соқтығысының апат кезіндегі әсері

4.7.1 [4.7(1)] Тікұшақтар қонатын аумақтары бар ғимараттарда апат кезіндегі қону әсерін қарастыру қажет. Сатылас эквивалентті статистика күші $F_d(4.3)$ формуламен анықталады:

$$F_d = C\sqrt{m}, \quad (4.3)$$

онда $C = 3 \text{ кН} \cdot \text{кг}^{-0.5}$;

m — тікұшақтың массасы, кг.

4.7.2 [4.7(2)] Соққының күшін кез келген қонатын аумақта және қонатын аумақтың шекарасы 7 метрге дейінгі жерді қарастыру керек. Соққы күші $2 \times 2 \text{ м}$ аумақты құрауы қажет.

Мысалы 4 (4.7)

«Ансат» санитарлы тікұшағының соққы күшін Орталық медициналық апатты қону барысында анықтау (қонатын аумақта).

Бастапқы деректер:


Тікұшақтың массасы (ұшу барсында), 3300 кг.

Апатты жағдайдағы аймақтың көлемі $(A+7,0 \text{ м}) \times (B+7,0 \text{ м})$, онда A және B — қонатын аумақтың көлемі.

$A=25,0$ м және $B=20,0$ м болған жағдайда, апатты қонатын аймақтың көлемі $32,0 \times 27,0$ м.

Соққы барысындағы салым $2,0 \times 2,0$ м.

Динамикалық коэффициент $C=3 \text{ кН} \cdot \text{кг}^{-0,5}$.



Мысалға 4 (4.7) Тікұшақтың апатты жағдайдағы соққы әсері

Шешімі

Мына формула бойынша (4.3) алатынымыз $F_d = C\sqrt{m} = 3\sqrt{3300} = 172 \text{ кН}$, қарқынды бөлу күшіне тең $f_d = 172/4 = 43,0 \text{ кН/м}^2$ ($4,3 \text{ т/м}^2$).

Қарастырып отырған апатты жүктеме жабын құрылымымен сәйкес болуы тиіс, сонымен қоса жоғарғы ростверк қашықтықтағы жүйе ретінде қарастылуы керек.

5 ІШКІ БӨЛМЕДЕГІ ЖАРЫЛЫСТАР

5.1 Терминдер, анықтамалар және мағыналары

5.1.1 Терминдер мен анықтамалар

Негізгі терминдер мен анықтамаларды келесі топтардан қарастырған жөн [1.5(1)]:

5.1.1.1[1.5.1] **Жану жылдамдығы** (burning velocity): Оттың алдындағы әлі жанбаған шаң, газ немесе будың жылдамдығына қатысты жалынның таралу жылдамдығы.

5.1.1.2[1.5.3] **Дефлаграция** (deflagration): Өзгеріссіз қалған ортадағы дыбыс жылдамдығынан бәсең аймақтың жану жылдамдығының таралуы.

5.1.1.3[1.5.4] **Детонация** (detonation): Өзгеріссіз қалған ортадағы дыбыс жылдамдығынан басым аймақтың жану жылдамдығының таралуы.

5.1.1.4[1.5.7] **Оттың өрістеу жылдамдығы** (flame speed): Қозғалыссыз бастапқы нүктеге қатысты от майданының таралу жылдамдығы.

5.1.1.5[1.5.8] **Жанудың шекарасы** (flammable limit): Жануды тарататын газ тәріздес тотықтандырғышы бар біртекті қоспадағы жанып жатқан материалдың минималды немесе максималды концентрациясы.

[1.5(1)] қабылданған терминдер мен анықтамаларға **толықтырулар мен өзгертулер**

5.1.1.6 **Қорғаныс конструкциясы, қысым түсіру құрылғысы** (venting panel): Дефлаграция кезінде дамидын қысымды төмендетудің алдын алатын бекітулі конструкциядағы [enclosure] (қабырға қоршаулар, жабын, төбе) шектеулі кедергісі бар құрылыстың конструктивті элементтеріне қысымды азайту мақсатындағы конструктивті емес элементтер ([1.5.17] пунктін қараңыз).

ЕСКЕРТУ Қорғаныс конструкциялары жеңіл лақтырылғыш, жеңіл қопартқыш және ашылып кеткіш болып келеді (5.3.4.2 пунктін қараңыз).

5.1.1.7 **Бекітулі конструкция** (enclosure): – Қоршаулардан пайда болған (қабырғалар, жабындар және т.с.с.) ішкі кеңістігі (қуыс) бар құрылыс; мысалы: ғимарат ішіндегі бөлме, сүрлем, бункер, сұйыққұйма және т.с.с.

5.1.1.8 **Жарылғыш қаупі бар қоспа**: Белгілі бір концентрация мен жарылысты тудыру көзі пайда болған уақытта жарылуға бейімді ауа қоспасы немесе жанғыш газды тотықтандырғыш, тезжанғыш сұйықтық булар, тұтанғыш тозаң немесе талшықтар.

5.1.1.9 **Тозаңның жарылғыш қаупі бар концентрациясы**: Мұндай концентрацияда бұлттағы жарықтың сіңірілуі және/немесе шашырау арақашықтығы шамамен 0,2 м-ді құрайды; мұндай бұлттар, ережеге сәйес, түссіз келеді, және бұлттағы тозаң концентрациясы адамға қауіпсіз.

5.1.1.10 **Апат сценарийі**: Жарылыстың адам, ғимарат, құрылыс және технологиялық жабдыққа қауіпті факторларының әсер етуінің белгілі бір аймағы бар оқиғалардың тізбектелу үлгісі.

5.1.2 Шартты және әріптік белгілер

5.1.2.1 Латын алфавитінің бас әріптері

Латын алфавитінің бас әріп белгілерін келесідей қарастырамыз [1.6(1)]:

K_G — бұлт газының дефлаграциялық индексі ;

K_{St} — бұлт тозаңының дефлаграция индексі;

5.1.2.2 Латын алфавитінің кіші әріптері

Латын алфавитінің кіші әріптерінің белгілерін келесі өзгертулер мен қоспалармен қарастыруға болады [1.6(1) сәйкес].

ЕСКЕРТУ Түпнұсқа мәтінінде EN 1991-1-7:2006 «1.6 Symbols» бөлімінде (және, міндетті түрде, в ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 1.6 бөлімінде «Бас және кіші әріп мағыналары») қысымды білдіретін белгілер ретінде бас әріптер қолданылған, бірақ ары қарай кіші әріптер қолданылған. Кейбір бөлімшелерде ҚР ҚН EN қысымды кіші әріптермен белгілеген, бұл жерде өзгертулер енгізілген.

p_{max} — максималды қысым, дефлаграция кезінде қолайлы қоспаға жету;

p_{red} – қысымның түсуі, бітеулі дефлаграция контрукциясы сақтандырушы конструкциясымен бірге жету (қысым түсіру құрылғысы);

p_{stat} – статистикалық қысым, қысымның бәсең болу кезінде сақтандыру конструкциясын қосады (қысым түсіру құрылғысы).

Толықтыру:

p_{ϕ} – толқындық қысу барысында дефлаграциялық жарылыс кезіндегі артық қысым;

Δp_{ϕ} – толқындық күш барысындағы детонациондық жарылыс кезіндегі артық қысым;

p_a – атмосфералық қысым;

$p_{red,max}$ – күтілетін максималды бітеу конструкция мен қорғаушы конструкция қысымы (қысымды түсіру құрылғысы);

p_{bem} – конструкция мықтылығына сәйкес қысым;

p_d – бөлменің ішіндегі эквивалентті статикалық номиналды табиғи газдың жарылысы;

p_0 – жарылыс кезіндегі шарықтау қысымы.

5.2 Қолданыс аймағы

5.2.1 Осы Оқулық аясында жарылыс деп шектеулі көлемдегі энергияның үлкен көлемін жылдам бөліп шығаратын заттектің физикалық немесе химиялық айналуының (газ, тозаң, бу ауа жарылыс қаупі бар қоспалар) қысқа уақыттық үрдісі аталады, ол жоғары температуралар мен жоғары артық қысыммен қосақталады (қараңыз пункт [5.2(1), ескерту 1]).

5.2.2 Бұл Оқулықта, ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 сияқты ([5.1(4)]пунктті қараңыз), жарылу көзі ғимарат немесе құрылыс ішінде орналасқан уақытта ішкі жарылыстар қарастырылады. .

ЕСКЕРТУ ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 үшін қолданылатын аудармада 5 бөлім «Ішкі бөлме жарылысы» деп аталады. Түпнұсқа мәтінінде EN 1991-1-7:2006 5 бөлім «Internal explosions» деп аталады, «Ішкі жарылыс» деген мағынаны білдіреді. Сол себепті ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 қолдану аймағы тек қана ғимарат емес, сонымен қатар барлық жарылыс болуы мүмкін аймақтарды қарастыру қажет (сүрлем, бункерлер, суқоймалар, т.б.).

5.2.3 [5.1(1)P] Ғимараттың барлық бөлімшелері салыну барысында және басқа құрылыстарда, газ жанатын немесе жарылғыш қаупі бар заттар, газдар немесе сұйықтықтар немесе газ сақтаулы тұрса (мысалы, химиялық сұйықтық сақтайтын жерлер, бункерлер, канализациялық жүйелер, газ орнатылған пәтерлер, темір жол және жол туннельдері) осының бәрі ескерілуі қажет.

5.2.4 Сонымен қатар тозаң мен ауа қоспасы арқылы жарылғыш қаупі бар зат түзіледі, сол себепті оны да қатаң түрде ескеру қажет (тозанды бұлттар).

Тозанды ауа қоспаның жарылыс қаупі бар концентрациясы бункерлер, құбырлар және т.б. арнайы жабдықтар ішіндегі сияқты да, жабдықтан тыс тозаң қалдықтарының копырауына да (еденде, құрылыстарда, қабырғаларда) жетуі мүмкін.

5.2.5 ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 сияқты бұл Оқулықта қарастырылмайды:

- жарылғыш заттар жарылғанда ([5.1(2)] пунктін қараңыз); яғни қатты, ұнтақ тәріздес, пластикалық және конденсировтық сұйық жарылғыш заттар, олардың ішінде тротил, аммонит, динамит және т.б.; жарылғыш заттар сақтайтын және өндіретін ғимараттар мен құрылыстар арнайы ережелер мен қағидаларға сәйкестендіріледі;

- сыртқы (сыртқы) жарылыстар, ғимараттың немесе құрылыстың сыртында болған жарылыстар;

- қысымға байланысты немесе қатты ыстық қызудың әсерінен болған жарылыстар;

- көп сатылы(екінші, каскадты) жарылыстар ([5.1(3)] пунктін қараңыз); мұндай жарылыс кезінде жарылыс басталғаннан соң жанғыш қоспа ойық арқылы екінші бөлмеге өтеді; екінші бөлмеде жану аумағының жылдам артуын тудыратын қоспаның қатты қопырауы өтеді, нәтижесінде, егер екінші бөлме атмосферамен байланыста болса, ондағы қысым біріншідегіге қарағанда 2-3 есе жоғары болады.

ЕСКЕРТУ Деректерде көп сатылы жарылыстардың әсері қарастырылмайды, бірақ жарылыс болудың азаюын қарастыратын жобалар бар (мысалы, бөлімше 5.3).

Кейбір бітеулі конструкцияларды қорғау анықтамалар EN 14491-де бар.

5.2.6 CC1 тобының құрылыс ғимараттарындағы (қараңыз [бөлім 3]) жарылыс эффектін жеке бөлім ретінде қарастыруға болмайды, конструкциялық элементтердің өзара арақатынасы ҚР ҚН EN 1992 – ҚР ҚН EN 1999 сәйкес болуы керек ([5.2(3)] пунктін қараңыз).

5.2.7 [5.2(4)] CC2 немесе CC3 тобының құрылыс ғимараттарының конструктивті элементтерді дұрыс жобалау, эквивалентті статистикалық үлгілерді жүктеу барысында есептеулі және конструктивті ережелерді сақтау қажет. Сонымен қатар, CC3 құрылыс тобына, ереже бойынша динамикалық есептеу қажет.

5.2.8 Құрамдағы арнайы конструктивті талап, тек жәй эксплуатациялық жүктеулерге шыдамды ғимараттар мен құрылыстарға ғана арналған, жарылыс жүктеулерді көтере алмауы мүмкін.

5.2.9 Бұл Оқулық ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 қатар, тек жалпы жарылыс болған жағдайдағы бабын табу және әдістерін шектеулі диапазонда есептеу. Алдын ала барлық жағдайды ескеріп, жарылыс жүктеулерін тексерту үшін арнайы газ немесе физика саласында жұмыс жасайтын мамандарды шақырту қажет.

5.3 Ықпалдарды анықтау

5.3.1 Жарылыс ықпалдар кешенін туғызады, олардың әрқайсысы қауіп төндіреді. Ықпалдар кешені механикалық ықпал тудырады, ол жылу бөлінумен тікелей байланысты.

Негізгі жарылыс тудыратын ықпалдар:

- а) максималды артық қысымның бөлінуі;
- б) ғимараттың бұзылған конструкциясы, коммуникациясы немесе ұсақ бөлшектері;
- в) қауіпті өрттің факторлары (ашық өрт және тұтану, токсикалық өрт өнімдері, түтін және т.б.);
- г) жарылыс кезінде пайда болған құбылыстар.

5.3.2 Бұл оқулықта, ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 сияқты жарылыстың басты әсері ретінде максималды артық қысым және солармен байланысты қысым түрлері (төмендетілген, статикалық және т.б.) қарастырылады.

Жарылыстың басқа факторлары (мысалы, 5.3.1, б, в, г пунктерінде көрсетілген) осы Оқулықта әсерлер ретінде қарастырылмайды. Алайда 5.4 бөлімшеде олардың кейбіреуі үшін олардың пайда болу немесе салдарын шектеу ықтималдылығын азайту үшін жобалау қағидалары бойынша кеңестер келтірілген.

5.3.3 Апатты жарылыстар дефлаграциялық және детонациялық болуы мүмкін.

5.3.3.1 Дефлаграциондық жарылыс (жану).

$p_{\text{ф}}$ қысым ақырындап қысылудың барысында тұтанудан жануға ауысады. Артық қысымның және күштің арқасында ең соңында от тәріздес температурасы ($1800 \div 2500^\circ\text{C}$) шар пайда болады.

Дефлаграциондық жарылыс қысу толқынын тудырады, ары қарай күш толқынына айналады.

Дефлаграциондық жарылыс жануы жартылай бітеу (ішкі жарылыс) жарылыс уақытында бірдей қысымда болады ([5.3(4)] пунктін қараңыз).

Дефлаграциондық басқа жарылыстарға қарағанда көп тараған апатты жарылыс болып табылады.

5.3.3.2 Детонациондық жарылыс атмосферада күштік және химиялық аймақтың жану дауыстың жылдамдығын, яғни дауысы жақын естіледі. Күштік толқынның атмосфера қысымының p_a дан $p_a + \Delta p_{\text{ф}}$ дейін көтеріледі, содан соң ақырындап азаяды.

Белгілі бір уақытта күштік толқын фазасына жетпес бұрын күшінен арылады, бірақ $0,3\Delta p_{\text{ф}}$ түспейді. Сонымен бірге, қысыммен бірге қатар ауаның толқын бағытына қарай қозғалысы байқалады (жылдамдылықтың қысымы). Ал сөнген сайын ауа бағыты қарама-қарсы бағытта байқалады.

Детонациондық жарылыс үлгісі конденсирлық жарылғыш заттар жарылысынан пайда болады (бұл жерде қарастырылмайды; пунктін 5.2.5 қараңыз).

5.3.4 Апат кезіндегі жарылыстардың әсерін анықтау барысында апаттың болу және жарылғыш қаупі бар сценариін болжау керек. Сонымен қатар дефлаграциядан детонационды жарылысқа өтуін талдау керек.

5.3.5 Дефлаграциондық жарылыс детонационды фазаға келесі жағдайларға байланысты:

а) ашық алаң жарылысында:

- егер детонация арнайы детонатор жарылыс арқылы жарылса (бұл жерде қарастырылмайды; 5.2.5 пунктін қараңыз);

- егер детонация газ сұйықтығы қоспасы немесе газбулық қоспасы арқылы жарылса;

б) туннельдерде, каналдарда, құбырлардағы және т.б.:

- егер туннельдің жабық шет жағында жанса, ал басқа бөлігі ашық немесе туннельдің өте ұзын болатын болса; тегіс қабырғалы туннельдерде (мысалы құбырларда) дефлаграция детонацияға туннельдің шамамен туннельдің 60 диаметрі арақашықтығына өтеді; туннельдер ішінде қопырауындардың әртүрлі гидравликалық кедергі түрінде

³ $\Delta p_{\text{ф}}$ белгісі детонациялық жарылыстар үшін қолданылады, дефлаграциялық жарылыстарға $p_{\text{ф}}$ қабылданған.

болғанда (кабельдер, дөңестер, торларды және т.б. төсеуге арналған конструкциялар) детонацияға өту 5-10 есе аз арақашықтықта өтеді.

Егер жарылыс туннельдің ашық жағынан болса, дефлаграциялық жарылыстың детонациялыққа өтуі жүрмейді.

5.3.6 [5.2(1), ескерту 1] ғимарат ішінде болған жарылыстың қысымы келесілерге байланысты:

- тозаң түрі, газ және будан;
- ауадағы тозаң, газ және будың пайызынан;
- ауаның, газдың және бу қоспасының бірқалыптылығынан;
- өрттің неден пайда болғанынан;
- ғимарат ішіндегі сақтық;
- қоршаулардың көлемі мен мықтылығынан;
- қысым түсіру клапан және ойықтарға байланысты.

5.3.7 [5.3(4)] Ғимарат ішінде болған жарылыс кезінде барлық қоршаулардың қысымы бірегей.

5.3.8 Қысымды анықтау үшін бірыңғайланған әдістер қолданылады (Қосымша Г, пунктін [5.2 (4), ескерту 1] қараңыз).

Г Қосымшасында келесі жарылыс түрлері ұсынылған (қараңыз. пункт [5.3(1), ескерту 1]):

- бункерлер мен суқоймаларда, ғимараттардағы тозаң жарылыстары;
- ғимараттардағы табиғи газ жарылыстары;
- автокөлік және теміржол туннельдеріндегі газ және булық жарылыстар.

Д қосымшасындағы аумақты сақтандыру конструкция және қысымды баламалы әдістермен қарастыру.

5.3.9 [5.2(4), ескерту 2] Жарылыстың әсері кезіндегі есептер бір немесе бірнеше аспектілерден тұрады:

- кедергілер мен қорғаныс құралдарының әсер ету есебімен жарылыс қысымын есептеу⁴;
- динамикалық бір бағытты емес конструктивті есептеу;
- болжамалы аспектілер және талдау;
- сақтандыру шарасының экономикалық оптимизациясы.

5.3.10 [5.2(1)] Жарылыс қысымын конструктивті емес элементтердің конструктивті элементтерге реакциясының берілуімен анықтау қажет.

5.3.11 Сақтандыру құрылғылардың әсерінен пайда болған реактивті күштердің және осы күштердің әрекет етуіне себеп болған деформация әсері.

Бұл жағдайда EN 14491 пайдалануға болады.

5.3.12 [5.2(2)] Бүкіл ғимарат ішіне әртүрлі ішкі бөлмелер немесе бөлмелер топтарында тозаң, газ немесе будың болуы жорамалын жасаған жөн. Желдеткіш әсерді, бөлменің немесе бөлмелер тобының әртүрлі геометриясын есепке алу қажет.

5.3.12.1 Бөлмеде жанғыш газдардың, тезжанғыш немесе жанғыш сұйықтықтардың айналуы кезінде, жанғыш заттек массасын анықтауда, егер ол шектік жорамалды жарылыс қаупі жоқ концентрациясын арттырудағы автоматты іске қосуы бар резервті

желдеткіштермен қамтамасыз етілсе, құрылғылардың ықтимал апат орнына тікелей жақын жердегі бөлмеден ауаны ығыстыру үшін орналасу жағдайында.

5.3.12.2 Бөлмедегі жанғыш газ бен будың концентрациясын қамтамасыз ететін, жарылыс қаупі жоқ концентрациядан аспайтын, апатты вентиляция үшін есептелген үнемі жұмыс жасайтын жалпы айырбастық вентиляцияны есепке алуға рұқсат беріледі. Көрсетілген жалпы айырбастық вентиляция негізгілердің автоматты түрде тоқтауынан тұратын резервті желдеткіштермен жабдықталған болуы тиіс.

5.3.13 Қорғаныс конструкциялардан тыс қысымды анықтау қажеттілігі болған жағдайда, EN 14491 ережесінде пайдалануға рұқсат беріледі.

5.4 Жобалау қағидаты

5.4.1 Жарылғыш қаупі бар ғимараттарды жобалау келесі бағытқа бағытталған жиынтықтардан тұрады:

- а) жарылысты болдырмау,
- б) жарылысты оқшалау,
- в) жарылудың қарқынды ықпалын төмендету,
- г) белгілі зақымдану ықпалын ұғыну.

б, в, г бөлімшелеріндегі іс-шаралар жарылудың әсері шектеулі іс-шараларға тікелей байланысты ([5.3(3)] пунктіне қараңыз).

5.4.2 Жарылысты болдырмау (жарылу туралы ескерту):

а) техникалық құрылғылардың дұрыс жағдайы мен қауіпсіздік ережелерді сақтауда, соған қоса:

- тәртіп пен тәртіптемеге сәйкес орындау;
 - жүйелі және сапалы алдын алулық жөндеу өткізу;
 - температураны белгілі арнасынан асырмауды қадағалау;
- б) ортаны от қаупінен сақтау:
- газ тәрізді және қатты флегматизаторлардың жануын қолдану;

ЕСКЕРТУ Қатты жанғыш флегматизаторлар ретінде жанғыш емес ұнтақтар қолдануы тиіс, ол жанғыш тозаңмен қосындысы ортақ қоспаны жанғыш емес жасайды.

Газ тәріздес флегматизаторлар ретінде азот, қос қышқыл көміртек немесе басқа инертті газдар қолданылады.

- ортаның температура өлшемі өлшемнен аспауын қадағалау;

- жанғыш заттың саны (концентрация) мөлшерінен аспауын қадағалау, олар: оттегі немесе басқа шаң тозаңды газды қышқылдандырғыш қоспалар;

в) өрт болдырмаудың көздері:

- статистикалық электрдің тоғын алып тастау;
- күш үйкелісін және ұшқынын болдырмау;
- аппараттардың шіріп ұшқындануын болдырмау (техника бойынша);
- қатты қызуды болдырмау;

- құрылғының жылуды шығармау барысында шаң тозаң қабырғаға жабысады (өзінен өзі жануға бейім шаң тозаңға арналған);

- химиялық пассивті үстін шаң-тозаңмен және құрылғымен пайдалану (құралмен);

г) газданулық пен дұрыс жұмыс істейтін вентилицидан апатқа қарсы қорғаныс құралдарының болуы, ол жарылыс қаупі бар бу мен газдың ықтимал шоғырлану аймағының пайда болуын шектейтін тиімді желдетуді қамтамасыз етеді.

5.4.3 жарылысты болдырмау арнайы іс-шаралармен қамтамасыз етіледі, олар жеке немесе жиынтық ретінде қолданылады ([5.3(3)] пунктін де қараңыз).

5.4.3.1 Негізгі жарылысты оқшаулау әдістері:

а) жарылғыш қаупі бар өндірісті жеке ғимараттарда немесе жеке арнайы конструктивті салынған ғимараттарда сақтау;

б) жарылғыш қаупі бар заттардың таралуына шектеу қою (қоспа), мысалы:

- апат кезіндегі сұйықтықтардың төгілуін шектеу;

- апатты желдеткішті қосу;

в) техникалардың дұрыс орналасуын қадағалау жарылғыш толқынның әсерін қадағалау (апатты жағдайдың болдырмаудың алдын алу үшін);

г) отты сөндіру заттарын қолдану және жарылысты белсенді тоқтата білу;

д) қоршауда тұрған құрылғыларды қолдана білу, «отты ұстап тура алатын» заттарды оты бар аймақта пайдалана білу.

5.4.3.2 Мүмкіндікке қарай, жарылғыш қаупі бар бөлмелер ғимараттың жоғарғы қабаттарында болуы ұсынылады.


5.4.3.3 Көпсалалы жарылысты болдырмау үшін жарылғыш қаупі бар бөлмелер мен басқа бөлмелердің арасынан ойықтар жасауға болмайды. Егер ойық болған жағдайда оларды мықты есіктермен қорғау керек, екі жақтың есіктері ашық қалмауы тиіс.

5.4.4 Ішкі жарылыс кезінде қарқындылықты түсіру үшін жарылғыш қаупі жоғары бөлменің артық қысымын төмендету керек.

5.4.4.1 Артық қысымды түсіру үшін сақтандыру конструкциясы арқылы жүзеге асырылады (апатты қысымды төмендету құрылғысы).

5.4.4.2 Сақтандыру конструкциялары жарамсыздану қағидасы бойынша салаланады: олар тез жарамсыздануы мүмкін (есіктер, қабырға панелдері, және т.б.) тез бұзылуы мүмкін (терезелердің шытынауы, есіктердің босауы) және тез ашылғыштығы (терезелер, есіктер, сонымен қатар арнайы құрылғылар: клапандар, люктер, ауыздықтар, дефлекторлар және т.б.).


Кейбір апат кезіндегі қысымды төмендететін арнайы құрылғылар 5.1.Суретте көрсетілген.



Сурет 5.1

Апатты қысымның арнайы құрылғыда төмендетуі 5.2 сурет (қараңызтағыСурет 5.4)

а) сүрлемдегі люк (қақпақтың)
жарамсыздануы



а) дефлектордың сүрленуі



Сурет 5.2

5.4.4.3 Сақтау конструкциялары жылдамдық бойынша екіге бөлінеді (инерциондылығы бойынша): инерционды емес және инерционды. Инерционды емес сақтау конструкциясы ретінде: шыныланған ойықтар, терезе және есіктің ойықтық айналмалы элементтері және т.б. қолданылады. Инерционды сақтау конструкциясы ретінде: қабырғалы панельдер, жеңіл панельдер, белгілі қысымды жарамсыздандырғыш жобаланған арнайы элементтер.


5.4.4.4 Қысымның түсу жүйесі, ереже бойынша, жасалудың минималды қысымына және аз инерциялыққа ие болуы керек ([5.3(6)] Пунктің қараңыз).

Бірақ осымен қатар, жүйенің жасалу кезінде қайнаған қоспалардың көп бөлігі ұшатынын ескеру қажет. Егер бұл айтарлықтай қауіп төндірсе, жүйені үлкен инерциялықпен қолдану қажет.

5.4.4.5 Қысымды қауіпсіз жағдайына дейін төмендететін жүйемен жабдықталған құрылыс пен ғимараттардың ұзындық өлшемдері 10-нан аспауы қажет.

5.4.4.6 [5.3(5)] Жарылыс кезінде жеңіл лақтырылатын элементтердің «снаряд» салдарын алдын-алу үшін оларды бекіту қажет.

Жеңіл ырғалатын қақпақты бекіту мысалы 5.3 суретінде көрсетілген.



5.3 Сурет

5.4.4.7 Егер салынып жатқан құрылыс сатысын қорғаныш ретінде жарылыс мөлшерін айтарлықтай қауіпсіз ету үшін әйнектеу қолданылса, жобалау кезінде мыналарды назарда ұстау қажет.

Әйнектеу ешқашан лезде бұзылмайды. Бұл келетін мөлшердің ұлғаюына байланысты орын алады. Бірінші кезекте, түрлі ақаулары бар әйнектер бұзылады. Аз ғана мөлшердегі қысымнан әйнектердің жарылыс аймағына жақынырақ орналасқан бөлігі ғана сынады.

Құрылысты жүргізушілерге тиімді қорғанысты қамтамасыз ету үшін әйнектердің үлкен көлемін пайдаланған жөн.

Ең төзімді қорғанысты біртекті және екі қатарлы әйнектер қамтамасыз етеді. Әйнектеудің бұзылуы ықтимал және ол Вейбуллдың бөліп жіктеуіне сай келеді.

Жобада адамдарға ұшқындайтын әйнектердің немесе басқа да құрылыс бөлшектерінің қауіптілігін ескеру қажет ([5.3(6), ескерту] қараңыз).

5.4.4.8 [5.3(5)] Қорғағыш құрылысты өртену мүмкіндігі бар, егер олар белгілі болса, аймақтарға жақын немесе қысымы жоғары аймақтарға орналастыру қажет. Олардың жарамсыздану адамдарға қауіп төндірмеу керек немесе басқа материалдардың жануына себеп болмауы керек.

5.4.4.9 Жүк түсіретін саңылаудан шығатын жарылыс салдарынан болатын жалынның шарпу мүмкіндігін (5.4., сонымен қатар 5.2 Суреттерді қараңыз) жобалау кезінде ескеру қажет. Олар қоршаған ортаға да, басқа жарылыс алу қаупі бар секторларға (аймақтарға) да әсер етпеуі тиіс [5.4(5) пункті]).

Сондықтан, қысымды лақтыру саңылауы максималды сатыда бос кеңістікке бағытталуы керек.

Жалын параметрін есептеу кезінде қорғаныш құрылысы шамасында EN 14491 жағдайын қолдануға рұқсат етіледі.



Сурет 5.4

5.4.5 Залалдың шамасына сәйкес есептік және құрылыс шараларымен қалпына келтіріледі.

5.4.5.1 Ішкі жарылыстың күшею мүмкіндігінің алдын-алу үшін құрылысты 2.1(4)Р ҚР ҚН EN 1990 Пунктіне сай мынадай үлгіде жасау керек ([5.3(1)Р] Пунктін қараңыз).

5.4.5.2 [5.3(2)] Егер барлық құрылыстың негізі болып келетін элементтеріне зақым келмесе есептеу кезінде құрылыстың шектеулі бөлімдерінің бұзылуына жол берілуі мүмкін.

5.4.5.3 [5.3(3)] Пунктінде көрсетілгендей, жарылыс салдарын азайту үшін құрылыс нысанын жарылыстың қысымдық шыңын есепке алу арқылы іске асыру қажет.


ЕСКЕРТУ Г [D] Қосымшасынан алынған әдіс бойынша қысымның ұлғаюына байланысты, қысымның үдемелі максималды 0,2 с ұзақтығына сәйкес, материалдың пластикалық күйін ескере отырып, қарастыру қажет.

5.4.5.4 Жүріп жатқан құрылыстың зақымдануын азайту үшін шаралар 5.4.1. Подпунктінің бөлімшесінде көрсетілген, оларды бірге қолдану ұсынылады.


Мысал ретінде мекеменің көлемді-өлшемі алынуы мүмкін, олар 5.5 және 5.6 Суреттерде көрсетілген. Жоспарлық шешім мыналады қамтиды (5.5 Сурет):

- бөгеу құралдардың көмегімен жарылысты тұмшаулау, жалындап жатқан басқа аймақтарға жарылысты «таратпау» (5.5 а, б, в Сурет);
- ішкі жарылыс кезінде мекемедегі басы артық қысымды азайту арқылы жіті жарылыс әсерлерінің алдын-алу (5.5, б, в Сурет).


5.5 а Суретінде көрсетілгендей жарылыс қаупі бар мекеме жоғары қабатта орналасуы мүмкін, ал қорғаныс құрылымы бүркеу сатысында болуы мүмкін (5.6 Сурет).



а) қоршаған аумақты жарылу қаупі бар жердің залалынан қорғайтын жабық қорғаныс құрылысының жасалуы



б) қорғаныс құрылысы мекеменің ішкі бөлігін қорғайды, ал сыртқы қабырғаның бірінде алдын-ала қорғау құрылымы жасалады.




в) қорғаныс құрылысы мекеменің барлық енін алып жатыр; екі жақ сыртқы қабырғасында қорғаныс құрылымы орналасқан

Сурет 5.5

5.6 Суретінде көрсетілгендей мына жағдайлар ескеру қажет:

- тосқауыл қоятын құралдардың көмегімен жарылыстың алдын-алу және оның басқа аймақтарға таралуына бөгет болу;
- ішкі жарылыс кезіндегі қарқынды жарылыс әсерін мекемедегі басы артық қысымды жеңіл лақтырылатын және/немесе жеңіл бұзылатын алдын-ала қорғау құрылыстарын пайдалану арқылы төмендету
- жарылыс қаупі бар аймақтың жоғары қабатта орналасуына байланысты жарылыс салдарынан мекеменің түгел қопарылу қаупін төмендету.



Сурет 5.6

5.4.5.5 Салмақ түсіретін конструкцияның зақымдануын азайту үшін, қажетіне қарай, төмендегідей факторларды ескерген жөн.

а) [5.3(8)] Жарылыстың алғашқы сатысынан кейін басы артық қысыммен екінші сатысы орын алады, оның қысымы төменгі деңгейде болуы мүмкін. Қажетіне қарай мына деректі ескерген жөн.

ЕСКЕРТУ. Сарапшының кеңесіне жүгіну қажет.

б) Көлемді-жоспарлы мәселе және ірі габаритті құралдың орналасуы жарылыстың қарқынды жануына жол бермеуі қажет (немесе тіпті детонацияға 5.3. 5.6 Пунктін қараңыз).

в) Мекеменің пішіні және/немесе мүмкіндігі бар жарылыс толқынының таралуы мейлінше қарапайым болуы керек. Мекеменің ұзындық өлшемі бір-бірінен 5-тен артық ерекшеленбегені дұрыс.

5.5 Жүк салмақтың анықтамалық мысалдары

5.5.1 Жалпы ережелер

5.5.1.1 Осы бөлімшеде келтірілген мысалдар өзіндік анықтамалық сипатқа ие. Мысалдарда келтірілген кейбір мәселелер мен амалдар қолданыста ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 келтірілген тәсілдермен алмастырылуы мүмкін.

5.5.1.2 Есептік сызбада шынайы жағдайдағы құрылысты жеңілдетіп көрсетілген.

- бункер қабырғасының материалы – темірбетон; қауіпсіздендіру конструкцияларымен жабдықталған бункердің болжамды максималды төменгі қысымы $p_{red,max} = 12 \text{ кН/м}^2$;

- қауіпсіздендіру конструкциялары – статикалық күшейту қысымына ие жарма түрінде (EN 14797:2006, А Қосымшасын қараңыз), кем дегенде $p_{stat} = 10 \text{ кН/м}^2$; тиімділік коэффициентін 1 ге тең деп алу көзделген.

1 Шешім

(Г Қосымшасында көрсетілген әдіс бойынша)

5.5.2.5 Бункердің геометриялық параметрлерін анықтаймыз

- көлем

$$V = 8 \times 6 \times 6 + 1/3 \times 6 \times 6 \times 3 = 324 \text{ м}^3;$$

- биіктік

$$H = 8 + 3 = 11 \text{ м.}$$

ЕСКЕРТУ Биіктік ұғымы D Қосымшасында анықталмаған. Бұл жерде шұңқырды есептегендегі жалпы биіктік алынған. (мысалы, NFPA 68:2007 қараңыз).

- диаметрі

$$D = a = b = 6,0 \text{ м.}$$

ЕСКЕРТУ Бункерлер үшін диаметр ұғымы тікбұрышты қимасымен [D Қосымшасында] анықталмаған. Бұл жерде мына гидравликалық формуламен көрсетілген $D = 4 \times A / P$, бұл жерде A – қию аумағы, P – периметрі.

5.5.2.6 Бункерде сақтаулы материалдардың параметрлерін белгілейміз:

- шаң-тозаңның максималды қысымын p_{max} Г.1 кестесі бойынша 900 кН/м^2 ге тең деп аламыз.

- шаң-тозаң бұлтының дефлаграциялық индексін K_{St} Г.1 кестесі бойынша $12000 \text{ кН/м}^2 \cdot \text{м/с}$ тең деп аламыз.

5.5.2.7 [D.1(2)] да көрсетілгендей тежеулерді тексереміз:

а) $0,1 \text{ м}^3 < V = 324 \text{ м}^3 < 10\,000 \text{ м}^3$; тежеу орындалуда;

б) $H / D = 11 / 6 = 1,83 < 2$; тежеу орындалуда;

в) $p_{stat} = 10 \text{ кН/м}^2 < 100 \text{ кН/м}^2$; тежеу орындалуда;

г) $10 \text{ кН/м}^2 < p_{red,max} = 12 \text{ кН/м}^2 < 200 \text{ кН/м}^2$; тежеу орындалуда;

д) $500 \text{ кН/м}^2 < p_{max} = 900 \text{ кН/м}^2 < 1000 \text{ кН/м}^2$

$1000 \text{ кН/м}^2 \cdot \text{м/с} < K_{St} = 12000 \text{ кН/м}^2 \cdot \text{м/с} < 30000 \text{ кН/м}^2 \cdot \text{м/с}$; жағдайында тежеу орындалуда.

[Формула (D.1) формуласы] қолданылуы мүмкін.

5.5.2.8 Қауіпсіздендіру конструкциясының талап етілген ауданын есептейміз.

$$A = (4,485 \times 10^{-8} \times p_{max} \times K_{St} \times p_{red,max}^{-0,569} + 0,027 \times (p_{stat} - 10) \times p_{red,max}^{-0,5}) \times V^{0,753}$$

Мәнін қоя отырып, мынаған қол жеткіземіз

$$A = (4,485 \times 10^{-8} \times 900 \times 12000 \times 12^{-0,569} + 0,027 \times (10 - 10) \times 12^{-0,5}) \times 324^{0,753} = 9,15 \text{ м}^2.$$

2 Шешім

(Д Қосымшасында көрсетілген баламалы әдістеме бойынша)

5.5.2.9 Бункердің геометриялық параметрлерін анықтаймыз (Д.1.2.2 қараңыз):

- жалынның максималды жолы $H = 8 + 3/3 = 9 \text{ м}$.

- көлемі

$$V_{\text{eff}} = 8 \times 6 \times 6 + 1/3 \times 6 \times 6 \times 3/3 = 300 \text{ м}^3;$$

- тиімді көлемі

$$A_{\text{eff}} = V_{\text{eff}} / H = 300/9 = 33,3 \text{ м}^2;$$

- тиімді диаметрі

$$D_{\text{eff}} = (A_{\text{eff}})^{0,5} = 5,77 \text{ м};$$

- қатынасы

$$L/D = H / D_{\text{eff}} = 9 / 5,77 = 1,56.$$

5.5.2.10 Бункерде сақтаулы материалдың параметрін белгілейміз:

- шаң-тозаңның максималды қысымын p_{max} 9 барға тең деп аламыз;

- шаң-тозаң бұлтының дефлаграциялық индексін K_{St} 120 бар • м/с тең деп аламыз;

5.5.2.11 Д.1.2.1 көрсетілген шектеулерді тексереміз:

а) $0,1 \text{ м}^3 < V = 324 \text{ м}^3 < 10\,000 \text{ м}^3$; тежеу орындалуда;

ЕСКЕРТУ Бұл жерде жалпы көлем алынған $V = 8 \times 6 \times 6 + 1/3 \times 6 \times 6 \times 3 = 324 \text{ м}^3$;

б) $p_{\text{stat}} = 0,1 \text{ бар} < 1,0 \text{ бар}$; тежеу орындалуда;

в) $p_{\text{stat}} = 0,1 \text{ бар} < p_{\text{red,max}} = 0,12 \text{ бар} < 2,0 \text{ бар}$; тежеу орындалуда;

г) $5 \text{ бар} < p_{\text{max}} = 9 \text{ бар} < 10 \text{ бар}$

$10 \text{ бар} \cdot \text{м/с} < K_{\text{St}} = 120 \text{ бар} \cdot \text{м/с} < 30 \text{ бар} \cdot \text{м/с}$ жағдайында тежеу орындалуда;

д) шарт сақталуда;

е) $1 < L/D = 1,56 < 20$; тежеу орындалуда;

5.5.2.12 Қауіпсіздендіру конструкциясының талап етілген көлемін есептеп шығарамыз

Бұл жерге $p_{\text{red,max}} = 0,12 \text{ бар} < 1,5 \text{ бар}$ болғандықтан, (Д.1)–(Д.4) формуласын қолданған жөн.

Табатынымыз

$$\begin{aligned} B &= (3,264 \times 10^{-5} \times p_{\text{max}} \times K_{\text{St}} \times p_{\text{red,max}}^{-0,569} + 0,27 \times (p_{\text{stat}} - 0,1) \times p_{\text{red,max}}^{-0,5}) \times V^{0,753} = \\ &= (3,264 \times 10^{-5} \times 9 \times 120 \times 0,12^{-0,569} + 0,27 \times (0,1 - 0,1) \times 0,12^{-0,5}) \times 324^{0,753} = 8,64 \text{ м}^2; \end{aligned}$$

$$C = (-4,305 \times \lg(p_{\text{red,max}}) + 0,758) = 4,72.$$


Мәнін (Д.1) ға қойы отырып, ие болатынымыз

$$A = B (1 + C \times \lg(L/D)) = 8,64 \times (1 + 4,72 \times \lg(1,56)) = 16,5 \text{ м}^2.$$

5.5.3 Мысал 2. Мекемедегі шаң-тозаңның жарылысы

Бастапқы мәні

5.5.3.1 5.5.3.1 Суретте көрсетілгендей мекемедегі қауіпсіздендіру конструкциясының аумағын анықтау керек



ЕСКЕРТУ Мекеменің жоспарында терезе және есіктің ойықтары көрсетілмеген. Қимада терезелік ойықтар шартты түрде көрсетілген (есептеу нәтижесі бойынша көрсетілуі керек).

Сурет 5.5.3.1

5.5.3.2 Мекеменің мақсаты — қалыпты ылғалды-температуралық жағдайдағы борпылдақ заттарды қайта жасап шығару.

Борпылдақ заттарды қайта жасау кезінде пайда болатын шаң-тозаң жарылысқа бейім болып келеді.

Материалдың сарапталған параметрлері мынаны көрсетеді:

- шаң-тозаңның жарылу кезіндегі максималды қысымы $p_{\max} = 650 \text{ кН/м}^2$;
- шаң-тозаң бұлтының дефлаграциялық индексі $K_{St} = 13000 \text{ кН/м}^2 \cdot \text{м/с}$;

5.5.3.3 Конструктивті шешімдері:

Мекеме темірбетонды қаңқамен жобаланады.

Конструкцияның минималды есептік төзімділігіне сай келетін қысым (апат кезінде зақымданбай қалуы керек) $p_{\text{Вем}} = 15 \text{ кН/м}^2$.

Қауіпсіздендіретін конструкцияға статикалық күшейткіш $p_{\text{stat}} = 10 \text{ кН/м}^2$ дан көп емес қысым тән; тиімділік коэффициентін 1 ге тең деп алу көзделген.

Шешім 1

(Г Қосымшасында көрсетілген әдіс бойынша)

5.5.3.4 Ғимараттың геометриялық көлемін анықтаймыз

$$V = L_1 \times L_2 \times L_3 = 12,075 \times 18,0 \times 42,8 = 9302,6 \text{ м}^3,$$

Бұл жерде

$L_1 = h = 12,075 \text{ м}$ – ғимараттың орташаланған биіктігі,

$L_3 = 42,8 \text{ м}$ – ғимараттың максималды өлшемі.

5.5.3.5 Шектеуді [D.1(3)] көрсетілген бойынша тексереміз:

а) $0,1 \text{ м}^3 < V = 9302,6 \text{ м}^3 < 10\,000 \text{ м}^3$; шектеу орындалуда;

б) $L_3/D_E = 2,57 > 2$; шектеу орындалмайды; см. 5.5.3.6;

бұл жерде $D_E = 2 \times (L_1 \times L_2 / \pi)^{0,5} = 2 \times (12,075 \times 18 / \pi)^{0,5} = 16,63 \text{ м}$;

в) $p_{\text{stat}} = 10 \text{ кН/м}^2 < 100 \text{ кН/м}^2$; шектеу орындалады;

г) $10 \text{ кН/м}^2 < p_{\text{Вем}} = 15 \text{ кН/м}^2 < 200 \text{ кН/м}^2$; шектеу орындалады;

д) $500 \text{ кН/м}^2 < p_{\text{max}} = 650 \text{ кН/м}^2 < 1000 \text{ кН/м}^2$

мына жағдайда $1000 \text{ кН/м}^2 \cdot \text{м/с} < K_{\text{St}} = 13000 \text{ кН/м}^2 \cdot \text{м/с} < 30000 \text{ кН/м}^2 \cdot \text{м/с}$;

шектеу орындалады;

5.5.3.6 [(D.2) формуласы] қолданылуы мүмкін, бірақ $L_3/D_E > 2$ болғандықтан, [Формулы (D.3)] формуласын пайдалану арқылы қауіпсіздендіру конструкциясы аумағының үлкеюін назарда ұстау керек.

5.5.3.7 [(D.2) формуласы] бойынша қауіпсіздендіру конструкциясының көлемін есептеп шығарамыз:

$$A = (4,485 \times 10^{-8} \times p_{\text{max}} \times K_{\text{St}} \times p_{\text{Вем}}^{-0,569} + 0,027 \times (p_{\text{stat}} - 10) \times p_{\text{Вем}}^{-0,5}) \times V^{0,753} = \\ = (4,485 \times 10^{-8} \times 650 \times 13000 \times 15^{-0,569} + 0,027 \times (10 - 10) \times 15^{-0,5}) \times 9302,6^{0,753} = 79,0 \text{ м}^2.$$

5.5.3.8 [(D.3)] формуласын қолдану арқылы қауіпсіздендіру конструкциясы аумағының кеңеюін табамыз:

$$\Delta A_H = A \times (-4,305 \times \lg(p_{\text{Вем}}) + 9,368) \times \lg(L_3/D_E) = \\ = 79,0 \times (-4,305 \times \lg(15) + 9,368) \times \lg(2,57) = 139,6 \text{ м}^2.$$

5.5.3.9 Қауіпсіздендіру конструкциясының жалпы талап етілген көлемі:

$$A = A + \Delta A_H = 79,0 + 139,6 = 218,6 \text{ м}^2.$$

Шешім 2

(Д Қосымшасында көрсетілген альтернативтік әдіс бойынша)

5.5.3.10 Д.1.3 есебі бойынша талап етілген параметрлерді анықтаймыз:

а) $p_{\text{red,max}} = 0,13 \text{ бар}$ (Шешім 1-дегі $p_{\text{Вем}} - \text{мен}$ салыстырғанда төмендеу);

б) $K_{\text{St}} = 130 \text{ бар} \cdot \text{м/с}$;

в) константа $C = 0,026 \text{ бар}^{0,5}$ $100 \text{ бар} \cdot \text{м/с} \leq K_{\text{St}} \leq 200 \text{ бар} \cdot \text{м/с}$ үшін;

г) ғимараттың ішкі бетінің аумағы

$$A_s = 2 \times 12,075 \times (18 + 42,8) + 2 \times 18 \times 42,8 = 3009 \text{ м}^2;$$


5.5.3.11 (Д.6) формуласы бойынша қауіпсіздік конструкциясының аумағын есептейміз:

$$A = C \times A_s \times (p_{\text{red,max}})^{-0,5} = 0,026 \times 3009 \times (0,13)^{-0,5} = 217 \text{ м}^2.$$

5.5.4 Мысал 3. Ірі панельді ғимараттың асүй аумағында орын алған газ жарылысы

Бастапқы мәні

5.5.4.1 5.5.4.1 Суретте көрсетілген табиғи газ апаты орын алған ғимараттың конструкциясына келген жүк салмақты есептеу қажет.



5.5.4.1 Сурет

5.5.4.2 Конструктивті шешім:

Ғимарат 158 конструкциялық топтама бойынша жасалған:

- көлденең қабырғалар – темірбетонды ірі панельді, 3,0 және 3,6 м өлшемде орналастырылған;
- ұзына бойғы қабырғалар – темірбетонды ірі панельді (екі сыртқы және екі ішкі), 5,4 + 2,1 + 5,4 м қадамдық өлшемде орналастырылған;
- жабыны – қалыңдығы 160 мм темірбетонды, көлденең және ұзына бойғы қабырғаға тірелген.

Шешім

5.5.4.3 Ғимараттың геометриялық көлемін анықтаймыз

$$V = 3,44 \times 3,56 \times 2,81 - 0,38 \times 0,89 = 34,07 \text{ м}^3.$$

5.5.4.4 Қауіпсіздендіру конструкциясы болып табылатын әйнектеу аумағын анықтаймыз (қысымды түсіретін жеңіл қиайтын құрылғылар).

$$A_v = 0,715 \times 1,285 \times 2 + 0,6 \times 0,265 \times 2 + 1,285 \times 0,455 = 2,74 \text{ м}^2.$$

5.5.4.5 Қысым баяу көбейген кезде қауіпсіздендіру конструкциясын (қысымды тастау құрылғысы) белсендіретін статикалы қысымды белгілейміз.

Г.1 кестесі бойынша $p_{\text{stat}} = 1,0 \text{ кН/м}^2$;

5.5.4.6 [D.2] көрсетілген шектеуді тексереміз:

а) $V = 34,07 \text{ м}^3 < 1000 \text{ м}^3$; шектеу орындалуда;

б) $0,05 < A_v / V = 2,74 / 34,07 = 0,08 < 0,15$; шектеу орындалуда.

5.5.4.7 Ғимараттың ішінде орын алатын табиғи газ апатының эквивалентті статикалы номиналды қысымын есептейміз:

а) [(D.2) формуласы] бойынша

$$p_d = 3 + p_{\text{stat}} = 3 + 1,0 = 4,0 \text{ кН/м}^2;$$

б) [(D.3) формуласы] бойынша

$$p_d = 3 + p_{\text{stat}}/2 + 0,04 / (A_v/V)^2 = 3 + 1,0/2 + 0,04 / 0,08^2 = 9,7 \text{ кН/м}^2.$$

Ақырғы мәнін анықтаймыз

$$p_d = 9,7 \text{ кН/м}^2.$$

5.5.5 Мысал 4. Туннельдегі детонационды жарылыс**Бастапқы мәні**

5.5.5.1 Автожол туннеліндегі детонационды жарылыстың қысымын жарылыстың өзегінен 25 м, 50 м, 100 м, 200 және 400 м қашықтықта есептеу қажет.

Шешім

5.5.5.2 Тапсырманың шешімін табу үшін Д (Г.7) [(D.7)] – (Г.9) [(D.9)] формуласын пайдалану қажет. Аталған формула сол уақыттағы импульс пішінін қысымның үлкеюіне қатысты анықтауға мүмкіндік береді.

5.5.5.3 Г.3.1 Пунктінде көрсетілген параметрлерді анықтаймыз:

$$p_0 = 2000 \text{ кН/м}^2;$$

$$c_1 = 1800 \text{ м/с};$$


$$c_2 = 800 \text{ м/с};$$

$$t_0 = 0,01 \text{ с.}$$

5.5.5.4 (Г.7) [(D.7)] және (Г.8) [(D.8)] формулаларына шыққан нәтижені ала отырып, жарылыс өзегінен берілген қашықтықтағы x уақытқа сәйкес t қысымның төмендегідей ұлғаю тәуелділігін көреміз.


1) $x = 25 \text{ м}$ сәйкес

$t, \text{ с}$	$p(t), \text{ кН/м}^2$
0,0139	2000
0,0146	1866
0,0153	1741
0,0160	1624
0,0167	1515
0,0174	1413
0,0313	1413




2) $x = 50 \text{ м}$ сәйкес

$t, \text{ с}$	$p(t), \text{ кН/м}^2$
0,0278	2000
0,0292	1741
0,0306	1515
0,0319	1318
0,0333	1148
0,0347	999
0,0625	999




3) $x = 100 \text{ м}$ сәйкес

$t, \text{ с}$	$p(t), \text{ кН/м}^2$
0,0556	2000
0,0583	1515
0,0611	1148
0,0639	869
0,0667	658
0,0694	499
0,1250	499




4) $x = 200$ м сәйкес


t, c	$p(t), кН/м^2$
0,1111	2000
0,1167	1148
0,1222	658
0,1278	378
0,1333	217
0,1389	124
0,2500	124

5) $x = 400$ м сәйкес

t, c	$p(t), кН/м^2$
0,2222	2000
0,2333	658
0,2444	217
0,2556	71
0,2667	23
0,2778	8
0,5000	8



5.5.5.5 Көрнекілік үшін 5.5.5.1-Суретте барлық графиктер бірдей масштабта көрсетілген.



Сурет 5.5.5.1

5.5.6 Мысал 5. Туннельдегі дефлаграционды жарылыс

Бастапқы мәні

5.5.6.1 Теміржол туннельіндегі дефлаграционды жарылыс кезіндегі қысымды анықтау қажет.

Шешім

5.5.6.2 Уақытқа байланысты қысым көлемі түрінде әсер ету күшінің формасын бағалауға мүмкіндік беретін формуламен есепті шешуге арналған (Г.10) [(D.10)].


5.5.6.3 Г.3.2 Пунктінде көрсетілген параметрлерді белгілейміз:

$$p_0 = 100 \text{ кН/м}^2;$$

$$t_0 = 0,1 \text{ с.}$$

5.5.6.4 (Г.10) [(D.10)] формуласының мәнін таба отырып, туннелдің жалпы ішкі бетінің t уақытқа сәйкес төменде көрсетілгендей қысымның ұлғаю тәуелділігін $p(t)$ аламыз.

$t, \text{ с}$	$p(t), \text{ кН/м}^2$
0	0
0,01	36
0,02	64
0,03	84
0,04	96
0,05	100
0,06	96
0,07	84
0,08	64
0,09	36
0,1	0



Сурет 5.5.6.1

6 ҚАҒИДАЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛА ОТЫРЫП ҮДЕМЕЛІ ОПЫРЫЛУДАН САҚТАЙТЫН ТҰРҒЫН ҮЙ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖАСАУ

6.1 Негізгі ережелер

6.1.1 ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 концепциясына сәйкес бұзылу салдары бойынша ортаңғы және жоғары кластық тұрғын үй ғимараттары (А Қосымшасы, А.1 кестесі) құрылыс жүйесіне қарамастан апаттық жағдайларда құрылысты бұзатын үдемелі опырылудан сақтандырылуы керек. Бұлар ескерілмеген ғимаратты дұрыс пайдаланбау жағдайынан туындауы мүмкін (өрт, жарылыс, транспорттық құралдардың соғылуы, рұқсат етілмеген қайтадан жоспарлау жағдайлары).

Бұл талаптар апаттың әсерінен бір қабат көлемінде вертикалды элементтердің жергілікті бұзылуына жол берілетінін білдіреді, бірақ алғашқы бұзылулар құрылыстың

түгел опырылуына жол бермеуі керек. Өйткені апаттық әсерді ерте игерген элементтерге қысым тез таралады.

Жергілікті бұзылу жағдайындағы салынып жатқан ғимараттың есебі тек бірінші топтың көлемінде іске асады. Қатты емес деформацияның дамуы, конструкцияның ауыстырылуы және ондағы сызаттың пайда болуы қаралып жатқан төтенше жағдайда шектелмейді.

6.1.2 Тұрғын ғимаратының беріктігін үдемелі опырылудан сақтау үшін мына тиімді экономикалық жағдайлармен қамту керек:

- ғимараттың дұрыс құрылымды-жоспарлы мәселесін жасау кезінде мүмкіндігі бар апаттық жағдайды ескеру;
- конструкциялық мөлшерді есептеу;
- конструкция элементтерінің дамуын қамтамасыз ететін және олардың пластикалық деформацияда жанасуын есептеу;

6.1.3 Жергілікті (гипотетикалық) бұзылу ретінде ғимараттың бір қабат маңындағы вертикалды конструкцияның бұзылуын (жойылу) қарастыруға болады, мысалы, тұрғын ғимараттың тұтас жойылуы:

а) қиылысатын қабырғалардың қиылысқан тұсынан (нақтырақ, бөлменің ғимараттың бұрышынан бастап) әрбір қабырғаға жақын ойыққа дейінгі аймақ немесе келесі вертикалды басқа жаққа қараған қабырғамен қоса алғанда қабырғаға дейін (жалпы алғанда 7 м ден аспайтын);

б) жеке тұрған бағаналар;

в) ұзына бойғы қабырғалармен жалғасатын бағаналар

Ғимараттың үдемелі бұзылуға беріктігін бағалау үшін тек неғұрлым қауіпті есептік сызбаларды қолдануға рұқсат етілген. Типтік, техникалық және жерасты қабаттарының сонымен қатар шатырдың конструкциясының үдемелі бұзылудан қауіпсіздігін тексеру қажет.

6.1.4 Беріктігі және тұрақтылығы бойынша есеп қысым мен өзара әсердің үйлесімділігіне әсер етеді, сонымен қатар үздіксіз және ұзақ уақыттық қысымды болады, және ғимарат конструкциясының жергілікті гипотетикалық бұзылуына әсер етеді. Жергілікті бұзылу ғимараттың кез-келген аймағынан орын алуы мүмкін.

6.1.5 Үздіксіз және ұзақ уақыттағы жүк салмақ қуат пен осы қуат бойынша сенімділік коэффициенттерінің, бірлікке тең болатын, үйлесімі жазылған нормативтік құжаттарға сай қабылданады (немесе арнайы тапсырыс бойынша).

6.1.6 Конструктивті шешімнің типіне байланысты ғимараттың апаттық жағдайындағы есептік ахуалын анықтайды, бұл конструкция типі және материалы, жүйесі мен байланыс үйлесімі және т.б. бойынша ерекшеленеді.

6.1.7 Қабылданған осы классификациялық құрал Ресей Федерациясының МНИИТЭП, НИИЖБ, және т.б.): жобалық және ғылыми-зерттеу жүргізушілер жасап шығарған техникалық әдебиеттегі нормативтік және анықтамалық құжаттар негізінде пайда болды.

- Тұтас тұрғын ғимараттарды үдемелі бұзылудан сақтайтын кепілдеме 2005 МНИИТЭП, НИИЖБ, Ж Қосымшасы;

- Ірі панельді ғимараттардағы үдемелі бұзылудың алдын-алу бойынша кепілдеме, 1999 (МНИИТЭП және НИЦ СтаДиО, НИИЖБ), И Қосымшасы;
- Каркасты ғимараттарды төтенше жағдайлардан қорғау үшін кепілдеме, 2002 (МНИИТЭП и НИЦ СтаДиО), К Қосымшасы;
- Кірпішті қабырғадан жасалған ғимаратты төтенше жағдайларда қорғауға нұсқаулық, 2002 (МНИИТЭП и НИЦ СтаДиО), Л Қосымшасы.

6.2 Тұтас тұрғын ғимараттардың құрылысы және оны үдемелі бұзылудан сақтауды есептеу ерекшеліктері

Есептеу талаптары

6.2.1 Тұтас тұрғын ғимараттарын есептеу үшін кеңістіктегі есептік үлгіні пайдалану ұсынылады. Үлгіде қалыпты эксплуатациялық жағдайда салмақ түсірмейтін (мысалы, ілмелі сыртқы қабырғалық панельдер, балкондардың темірбетонды қоршау және т.б) ал жергілікті әсер ету кезінде конструктивті жүйенің элементтерін қайта бөлуде белсенді әрекет ететін элементтер есепке алынуы мүмкін.

Ғимараттың есептік үлгісінде жеке вертикалды конструктивті элементтердің 1.4 Пунктіне сәйкес жойылуы (бұзылуы) есепке алынуы қажет.

Бірнеше элементтердің бірінің жойылуы конструктивті сызбаны және бұзылатын жермен жалғасатын элементтерінің қызметін өзгертеді, сондықтан элементтер мен олардың байланыстарының беріктік сипатына мән беру қажет.

Ғимараттың есептік үлгісінде жергілікті бұзылу мүмкіндігін жеке алғандағы жағдай қарастырылуы қажет.

6.2.2 Егер кез-келген элемент $F \leq S$ (1) шартын орында, бұл жерде F және S өзара тең, статикалық есеп бойынша алынған конструктивті элементтің күші және оның 6.1.5 нұсқаулық бойынша алынған есептік қабілеттілігі сәйкес болса ғимараттың үдемелі жойылуға қарсы беріктігі қамтамасыз етіледі.

Беріктігі бойынша талапқа сай келмейтін конструкциялар, үдемелі бұзылуға қарсы күшейтілу керек, немесе басқа шаралар қолданылуы қажет.

6.2.3 Элементтердің маңындағы күшті анықтау кезінде (олардың қабілеттілігі) мынадай шараларды ескеру қажет:

а) конструктивті сызбадағы күштің ұзақ уақыт әсер ететін бөлігі 6.1.5 п. нұсқасында көрсетілген;

б) күштің түрі болып табылатын конструктивті сызбаны есептеу кезінде алынған қысқа уақыт әсер ететін күштің бөлігі – п. (а) есебінен алынған сол қысым, қуат бір элементтің бұзылуы (жойылуы).

6.2.4 Әрбір жергілікті бұзылуда төменде көрсетілген үдемелі бұзылудың механизмдерін қарастыру керек:

- үдемелі бұзылудың алғашқы механизмі жергілікті бұзылудың аймағында орналасқан бір мезеттегі барлық вертикалды конструкцияның жылжуымен сипатталады (немесе олардың жеке бөліктерінің);

- үдемелі бұзылудың екінші типінің механизмі жергілікті бұзылу аймағында орналасқан ғимараттың әрбір бөлігінің бір мезеттік өзінің орталығынан айналуымен сипатталады. Осындай жылжу осы конструкциялардың байланысын ғимараттың

бүлінбеген элементтерімен қоса жоюды талап етеді; жабыны бар вертикалды элементтердің байланысын бұзу;

- бұзылудың үшінші механизмі - бұл тікелей қираған вертикалды конструкцияда орналасқан және оған сүйенген жабын аймағының ғана бұзылған жағдайы емес;

- төртінші механизмінде қираған вертикалды элементте тек бір қабаттың конструкциясының ауысуын көрсетеді. Бұл жағдайда жабында орналасқан вертикалды конструкциялар жұлып алынады.

Егер қандай да бір есептік сызбада шарт (1) орындалмаса, конструктивті элементтердің арматураларын күшейту керек немесе оның орындалуына басқа шараларды қолдану қажет.

Конструктивті талаптар

6.2.5 Үдемелі бұзылудан тұтас тұрғын ғимараттарын қорғаудың негізгі құралы – есепке сәйкес конструктивті элементтердің беріктігін қамтамасыз ету; қолданылатын арматураның пластикалық икемділігін және конструкциялар арасындағы болат байланысты жақсарту (арматура ретіндегі байланыстыратын конструкциялар, кепілдемелі бөлшектерді және т.б.); салмақ түсірмейтін элементтердің кеңістіктегі қызметін қосу.

Үдемелі бұзылуға қарсы тұратын байланыстың тиімді қызметі оладың қызметінен ажырамауы, созылмалығы, бұзылмаған жағдайда деформациялануға жол берілмеген жағдайда ғана мүмкін болады. Көрсетілген байланыс талаптарын орындауды пластикалық жапырақ немесе арматуралы болат арқылы тексеріп, ал анкердің байланыс беріктігінің аққыштығына көп көңіл бөлінуі керек.

6.2.6 Ғимараттың үдемелі бұзылуынан сақтайтын тұтас конструкцияларды жинақ элементтерімен біріктіру кедір-бұдыр болып үлгіленуі керек, ал бірігудің пластикалық деформациясын қамтамасыз ететін элемент анағұрлым берік болуы керек.

Осы шартты орындау кезінде біріктірудің барлық элементтерін ескеру керек, ерекше пластикалықтан басқа, әрі кеткенде 1,5 есе пластикалық элементтің қабілетіне ие элементтен басқа, мысалы, кепілденген бөлшектер мен балқытылған қосылыстарды байланыстың өзімен салыстырғанда көп дегенде 1,5 есе көп етіп есептеу қажет. Пластикалық элементтер құрылғыларының жобалық орындалуын жіті бақылау қажет – оларды одан да мықты элементпен ауыстыруға рұқсат жоқ.

6.2.7 Горизонталды арматураның қиылысуының минималды ауданы (төменгі және жоғарғы арматуралар үшін жиынтық), бойлай және көлденең орналасқан темірбетонды жабын және бүркеу бетонды қию ауданынан 0,25% ден кем емес мөлшерді қамту керек.

Осыған байланысты аталған арматура үздіксіз болуы керек және темірбетонды конструкцияларды жобалау туралы нормативті құжаттарындағы талапқа сәйкес болуы керек.

6.2.8 Ілмелі сыртқы панельдердің бетон және темірбетонды горизонталды байланысы ғимараттың салмақ түсіретін элементтерімен қоса алғанда 1 м, қабатының биіктігі 3,0 м панелдің созылмалы күші ұзындығы 10 кН (1тс) ден және ұзындығы 1 м, қабатының биіктігі 3,5 м, 12кН ден кем болмауы керек.

6.2.9 Бағананың, қабырғаның қабатаралық арматурасы 10 кН (1тс) дан кем емес созылмалы күшті осы бағана, қабырғаның жүк ауданындағы әрбір квадратты метрінде қабылдануы керек.

6.3 Үдемелі бұзылудан сақтау есебі бойынша ірі панелді ғимараттарды есептеу және конструкциялау ерекшеліктері

Есептік талаптар

6.3.1 Конструкцияның жергілікті бұзылуының әсері ғимараттың конструктивті жүйесінің үлгісі бірнеше нұсқада қаралады, олардың әрқайсысы апаттық жағдайға конструкцияның бұзылу мүмкіндігін көрсетеді.

Панельді тұрғын ғимараттарында жергілікті бұзылудың есептік сызбасы ретінде бір қабаттың (кез-келген) екі вертикалды (нақтырақ, ғимараттың бұрышынан бастап) қиысатын қабырғасынан бастап, жақын орналасқан әрбір қабырғаның ойығынан немесе келесі перпендикулярлы бағыттағы қабырғаның вертикалды түйіскен аймағының жойылуын қарастыру керек.

6.3.2 Үдемелі бұзылуға қарсы ғимараттың беріктігін бағалау кезінде бұзылудың неғұрлым қауіпті есептік сызбаларын қарастыру қажет:

- балкон мен лоджияға шығатын есік ойықтары әлсіз, сыртқы қабырғаларды да қамтитын жергілікті бұзылу (1 суреттегі 1, 2, 3 сызбалар, Ж Қосымшасы);
- ішкі қабырғалардың бұзылуын қоса алғандағы жергілікті бұзылу, есік ойықтарының (1 сурет, 2, 4, 5 сызбасы, Ж Қосымшасы) болуына байланысты басқа вертикалды конструкциялармен әлсіз байланысуы, аралық қиманы қайта жабуға байланысты (1 суреттегі 2, 4, 5 сызбасы, Ж Қосымшасын қараңыз) немесе жабын арқылы ішінара байланыстың болмауы (баспалдақ торына жалғасатын қабырғалар; 1 суреттегі 4 сызба, И Қосымшасы).

6.3.3 Панелді ғимараттың үдемелі бұзылуға қарсы тұрақтылығын есептеу үшін пластинкалар түріндегі кеңістіктегі үлгіні пайдалану ұсынылады (ойықтарымен немесе ойықтарысыз), олар өзара байланысады, ал беріктігі жағынан панельдер арасындағы баламалы байланыс есепке алынады (2а сурет, И Қосымшасы).

Осындай үлгіде қалыпты эксплуатациялық жағдайда салмақ түсірмейтін, ал жергілікті бұзылуда қысымды жіктеуге белсенді түрде қатысатын элементтерді қамту керек: сыртқы ілмелі панелдер, монтажды байланыстар және т.б. Ғимараттың үлгісі 6.3.1 п. конструкцияның жергілікті бұзылуын есептеу сызбасындағы нұсқаулық бойынша жасалуы керек.

6.3.4 Үдемелі бұзылуға қарсы тұрақтылық есебінің орнына ғимаратты 6 баллдық сейсмикалық әсерге байланысты, ҚНЖЕ ҚР 2.03-30-2006 (ҚНЖЕ II-7-81*) сай экстраполяция бойынша барлық коэффициенттерін қабылдай отырып, есептеу қарастырылады. Осындай есеп нәтижесі бойынша ҚНЖЕ 2.03.01-84* и ҚНЖЕ ҚР 2.03-30-2006 тораптары мен байланыстары жобалануы керек.

Конструктивті талап

6.3.5 Үдемелі бұзылудан ірі панелді ғимараттың барлық элементтерімен қоса қорғау қалыпты эксплуатациялық немесе монтажды қысым немесе конструктивті ұғым бойынша апаттық жергілікті бұзылудың мүмкіндігін ескере отырып жобалау қажет.

6.3.6 Үдемелі бұзылудан ірі панелді ғимараттарды сақтаудың тиімді шешімі үшін қалыпты эксплуатациялық және монтаждау кезіндегі барлық жобалау үшін байланыстың мына жүйесі тиімді:

- созылу мен қозғалыс кезінде дисктің қажетті беріктігін қамтамасыз ететін жабын плитасы арасындағы горизонталды бойлы және аралық байланыс;

- горизонталды қабырғалар мен созылмалы және қозғалмалы жабынның қажетті беріктігін қамтамасыз ететін бір қабырғалық пилонның қабырғалық панельдерінің вертикалды байланысы (қабатаралық);

- ілмелі қабырғалық панелдердің жел және температуралық әсерге төзімділігін қамтамасыз ететін сырқты ілмелі және жабын дисктерінің арасындағы горизонталды байланысы.

6.3.7 Үдемелі бұзылуға қарсы тұратын панелді ғимараттардың жиынтық элементтерін біріктіру біртекті болып жобаланбауы қажет, бұл жердегі пластикалық деформациялық жанасуды қамтамасыз ететін элемент анағұрлым мықты болуы керек.

6.3.8 Бөлім 6.3.6 п де барлық аталған байланыстардың қиылысуы эксплуатациялық, монтажды немесе апаттық әсер есебімен анықталуы керек, бірақ мына шамалардың созылымды әсерін қамтамасыз етуді талап етуін қадағалау керек:

- ғимарат жоспарының ұзыны бойынша созылған горизонталды байланысы, - ғимараттың 1 м еніне 15 кН (1,5 тс);

- ғимараттың еніне перпендикулярлы жалғасқан жабынның горизонталды байланысы үшін, және сонымен қатар шағын жоспарлы ғимараттың горизонталды байланысы үшін – ғимараттың 1 м ұзындығы үшін 10 кН (1,0 тс);

- бетонды және темірбетонды ілмелі сыртқы жабын дискісі бар панелдердің горизонталды байланысы үшін – қабырғаның 1 м ұзындығы үшін 10 кН (1 тс) ден кем емес;

- вертикалды қабатаралық байланыс үшін, бұл жерде оптималды конструктивті шешім панелдерді (көтерме ілмек, істіктер және т.б.) – көтермелеу үшін сәйкес келетін беріктіктен кем емес.

6.4 Каркасты тұрғын ғимараттардың үдемелі бұзылуға қарсы шамасын есептеу жәге конструкциялау ерекшеліктері

Есептік талаптары

6.4.1 Ғимараттың үдемелі қирауға қарсы төзімділігі тұрақты және уақытша ұзақ жүктемелерден, сонымен қатар ғимарат конструкцияларына гипотетикалық әсерлердің біреуінен тұратын жүктемелер мен әсерлердің ерекше үйлесімі есебімен тексеріледі.

6.4.2 Жүріп жатқан конструкцияға гипотетикалық әсері ғимараттың түрлі деңгейдегі, әрқайсысы апаттық жағдайға жеткізуі мүмкін, жергілікті қысымның негізінде есептеледі.

Келесі мынадай жергілікті әсерлерді қабылдау ұсынылады:

ғимараттың фундаментінің астындағы кез-келген жерінде орналасқан 6 м диаметрлі карстік ұңғыма;

жалпы ауданы 40м² ге дейін жететін жабынның зақымдануы;

тегіс емес негізгі шөгінді;

қарастырылып отырған элементтің бір қабаттың маңындағы вертикалды стерженді сырты үшін 3,5 т және қатпарлы сырты үшін 1м² горизанталды қысымы (қысымы бойынша сенімділік коэффициенті бірлікке тән).

6.4.3 Ғимараттың үдемеліқирауға төзімділігін есептеу үшін кеңістіктегі үлгіні пайдалану қажет.

Мұндай үлгі қалыпты эксплуатациялық жағдайларда күш түспейтін болып табылатын, ал жергілікті әсерлердің болуы жағдайында жүктемені қайта таратуға белсенді түрде қатысатын элементтерді ескеруі мүмкін. Ғимараттың үлгісі 6.4.2 пунктінде көрсетілген барлық жергілікті әсерлерге есептелінуі мүмкін.

Конструктивті талаптар

6.4.4. Каркасты тұрғын ғимараттарын үдемелі бұзылудан қорғаудың негізгі әдісі болып – бағалалардың, көлденең тосқауылдардың, диафрагмалардың, жабын дискісінің және конструкцияның түйіскен жерінің төзімділігін сақтық қорда сақтау саналады. Жабынның төзімділігін жасау, бағаналар мен көлденең тосқауылдардың, жабын мен каркас конструкцияларының арасындағы байланыс элементтерінің пластикалық жүйесін жақсарту, кеңістіктегі жүк түсірмейтін элементтер жүйесінің жұмысын тарту.

6.4.5 Қалыпты эксплуатациялау немесе монтажды қысым немесе конструктивті түсінік бойынша есепті жасайтын элементтердің жиынтықтарының байланысын мүмкіндігі бар жергілікті апаттық бұзылуларды есепке ала отырып жобалау қажет. Үдемелі бұзылудан ғимаратты тиімді қорғау мәселесін шешу үшін барлық жобалау және қалыпты эксплуатациялау, монтаждау талаптарын есептеу кезінде байланыстың мына жүйесін ескеру қажет:

- жабын плиталарының созылу және бұрылу кезіндегі төзімділігін қамтамасыз ететін горизанталды бойымен және көлденең байланысы (Сурет 2, К Қосымшасы);

- қабырғалық панелдердің жел және температуралық төзімділігін қамтамасыз ететін ілмелі сыртқы қабырғалар және жабын дисктерінің горизанталды байланысы.

6.4.6 Үдемелі қирауға қарсы тұратын байланыстардың тиімді қызметі олардың пластикалық қабілеті таусыла бастаған кезде жұмысынан ажырамай, салыстырмалы сызықтық деформацияланған кезде мүмкін болады, күш түсу қабілетінің таусылуынан кейін байланыс жұмыстан ажырамай, қираусыз салыстырмалы ірі сызықтық деформацияларға рұқсат беруі мүмкін болуы үшін.

Жиынтық элементтердің жанасуының пластикалық қабілетін қамтамасыз ету үшін олардың құрамында пластикалық жапырақ немесе арматуралы болаттың қоспасынан дайындалған арнайы пластикалық элементтер болуы қажет.

6.4.7. Жабын дискісіндегі байланыстардың қиылысуы (6.4.5 п. типтерінде көрсетілген) эксплуатациялық, монтажды немесе қаралып отырған апаттық әсер есебімен анықталуы керек, бірақ келесі маңыздылықтарды қабылдауда кем түспеуі керек:

- ғимарат жобасының ұзындығы бойынша жабынның горизонталды байланысы үшін – 1 м ғимараттың еніне 15 кН (1,5 тс);

- ғимарат жобасының ұзындығына перпендикулярлы жабында орналасқан горизонталды байланыс үшін, және сонымен қатар, тұтас жобасы бар ғимараттың горизонталды байланысы үшін – ғимараттың 1 м ұзындығына 10 кН (1,0 тс);

- сыртқы бетонды және темірбетонды ілмелі және жабын дискісінің горизонталды байланысы үшін – қабырғаның 1 м ұзындығына 10 кН (1 тс)дан кем емес;

Байланыс арасындағы қашықтықты 3,6 м көп емес аралықты алу керек.

6.5 Кірпішті қабырғалы тұрғын ғимараттарын үдемелі бұзылудан қорғау үшін есептеу және конструкциялау ерекшеліктері

Есептеу талаптар

6.5.1 Үдемелі бұзылуға қарсы ғимараттың төзімділігін әрдайым және уақытылы салмаққа ие қысым мен әсердің байланысын, және сонымен қатар, конструкцияның жергілікті бұзылуына тиетін гипотетикалық әсерді есептеу арқылы анықтайды.

6.5.2 Конструкцияға келетін жергілікті бұзылудың әсері ғимараттың бірнеше есептік нұсқалары қаралуына байланысты анықталады, өйткені олардың әрқайсысы конструкцияның апаттық жағдайындағы мүмкін болатын жергілікті бұзылуына сәйкес келеді (1 Сурет, Л Қосымшасы).

6.5.3 Жергілікті бұзылу кезінде мына өлшемдерді пайдалу керек:

- ғимараттың астындағы 6 м диаметрлі карстық шұңқыр (карстық қауіпті аймақтарда);

- бір қабаттың екі қиылысатын қабырғасының келесі жақын орналасқан қабырғаның ойығына дейін немесе 3 м ден аспайтын келесі перпендикулярлы орналасқан қабырғаның қиылысының бұзылуы (жойылуы);

- сыртқы қабырғаның кез-келген аралық қабырғасының жойылуы;

- ені 3 м болатын қабырғаның кез-келген бөлігінің жойылуы;

- жалпы ауданы 40м² ге дейін баратын жиынтық немесе тұтас жабынның бүлінуі.

6.5.4 Үдемелі бұзылуға төзімділігін бағалау үшін бұзылудың неғұрлым қауіпті есептік сызбаларын қарастыру керек:

- сыртқы қабырғалардың бүлінуін, балконға және лоджияға шығатын әлсіреген есік ойықтарын қоса алғандағы жергілікті бұзылуы;

6.5.5 Жерасты бөлігі 6 баллдық сейсмикалық жағдайға төзімді келетін кірпішті ғимаратты (іргетасты топырағының категориясына байланысты емес) үдемелі бұзылуға төзімділігін есепке алмайды. Осыған байланысты [9] есепке сай қажетті экстраполяция бойынша сәйкес коэффициенттерді қабылдау қажет. Осы есептің нәтижесі бойынша [6, 8, 32] сәйкес тораптар мен байланыстар жобалануы керек.

Конструктивті талаптар

6.5.6 Есептеу бойынша қалыпты эксплуатациялық немесе монтажды жүктемелер не болмаса конструктивті есептер бойынша орнатылатын құрама элементтер арасындағы байланыстарды, жабын дискілерінде созылу мен жылжудың қосымша күшін тудыратын ықтимал жергілікті қираулардың есебімен жобалаған жөн.

6.5.7 Үдемелі қирауға кедергі болатын байланыстардың тиімді жұмысы олардың ақырғы жағдайдағы иілімділігін қамтамасыз етуде ғана мүмкін: күш түсу қабілеті таусылғаннан кейін байланыс жұмыстан шығып, қираусыз салыстырмалы түрде ірі сызықтық деформацияларға жол беруі қажет.

6.5.8 Ғимараттың прогрессивті дамуындағы қарсыласуының эффективтілік байланысы ғана емес, сонымен қатар басқада көптеген жұмыстарда жоғары дәрежесінде көріну.

Негізгі керекті заттар:

- жалғастырғыш қоспалар, бір жерден қозғалтқыш элементі ретінде қолданылған, мұндай қоспалар құрылыс ғимараттарында ұзағынан қолданылған;

- кілтек қоспалар, жеке кілтек тығыздылығы басқа темірлерге қарағанда 1,5 есе тығыз болған.

6.5.9 Барлық бірлескен байланыстар эксплуатациялы, монтажды немесе апаттық іс-әрекеттер негізінде анықталады.

- горизонталды байланыста, ұзыннан орналасқан қоршалған, биік ғимарат - 15 кН (1,5 тс) ғимарат қабырғасының қалыңдығы 1 м жуық.

- горизонтальді байланыста, ұзыннан орналасқан перпендикулярлы биік ғимарат, сонымен қатар горизонтальді байланысқа ғимаратта компактты байланыс жасау үшін - 10 кН (1,0 тс) ғимарат қабырғасының қалыңдығы 1 м тең.

Осы әрбір байланыс аралығын кем дегенде 3,6 м жуық жасау қажет.

А ҚОСЫМШАСЫ*(ақпараттық)***Ғимараттар конструкцияларын белгісіз себептер нәтижесінде олардың жергілікті құлау салдарын ескере отырып жобалау****А.1 Қолданылу саласы**

(1) Бұл А қосымшасы ғимараттарды жобалаудағы анықталмаған себептер нәтижесінде сәйкес емес толық қирау басталмай тұрып тізбекті құлауға жол беретін әдістер мен ережелерді қамтиды. Басқа да қолданылып жүрген әдістемелермен қатар бұл стратегия қирау салдары бойынша жіктелуіне байланысты (3.4 қараңыз) шектеулі зақымдануында немесе толық қирамаған құлауы кезіндегі ғимараттың сақталып қалуын қамтамасыз етеді.

А.2 Кіріспе

(1) ҚР ҚН ЕН нің бұл бөлімінің 3 тарауына сәйкес ғимараттың конструкцияларын жобалауда ғимарат та, оның көп бөліктерінің де тізбекті құлау орын алған жағдайда бүлінбеуін қамтамасыз ететіндей стратегия тиімді болып табылады. Осы стратегияны қолдану ғимараттың бірқатар теңдестірілмеген апаттың әсеріне шыдауға мүмкіндік беретін өміршеңдігін жеткілікті түрде қамтамасыз етуі тиіс.

(2) Ең қысқа уақыт дегеніміз апатты жағдай орын алысымен ғимарат төтеп бере алуға қажет, ғимарат ішінен және соған жақын маңдағы аумақтан адамдарды қауіпсіз жерге көшіруге және құтқаруға қажетті уақыт болып табылады. Қауіпті заттары бар құрылыстар, қоғамдық мәні бар және ұлт қауіпсіздігінде маңызды ғимараттар мен құрылыстар ұзағырақ мезгілді қажет етуі мүмкін.

А.3 Бүліну салдары бойынша ғимараттарға қолданылатын жіктемелер

(1) А1 кестесінде бүлінуі бойынша ғимараттар түрлерін топтау көрсетілген. Бұл топтауға 3.4(1) көрсетілгендей бүліну салдары бойынша төменгі, орта және жоғарғы топтарға топтамалау кіреді.

А.1 Кестесі. Бүлінуі бойынша топтарға жіктеу

Бөлінуі бойынша жіктемелер	Ғимараттардың түрлері және оларды қолдану ерекшеліктері
СС1 □ төменгі (1)	Биіктігі төрт қабаттан аспайтын, бір жанұяға арналған ғимарат. Ауылшаруашылық ғимараттары. Адамдар сирек қатынайтын, басқа ғимараттарға және адамдар жиі келетін аумақтарға дейінгі арақашықтығы осы ғимараттың биіктігінен 1,5 еседен кем емес ғимараттар.

А.1 Кестесі. Бүлінуі бойынша топтарға жіктеу (жалғасы)

Бөлінуі бойынша жіктемелер	Ғимараттардың түрлері және оларды қолдану ерекшеліктері
CC2 □ орта (2a) Қатері төмен топ	Бір жанұяға арналған бес қабатты ғимарат. Биіктігі төрт қабаттан аспайтын қонақүйлер. Төртқабаттан аспайтын көп пәтерлі және тұрғын үйлер. Төрт қабаттан аспайтын кеңселік ғимараттар. Үш қабаттан аспайтын өндірістік ғимараттар. Әр қабаттың көлемі 1000 м^2 болатын, үш қабаттан аспайтын сауда ғимараттары. Бір қабатты оқу мекемелерінің ғимараттары. Әр қабатының көлемі 2000 м^2 болатын, адамдар көп келетін екі қабаттан аспайтын ғимараттар.
CC2 □ орта (2b) Жоғарғы қатердегі топ	15 қабаттан аспайтын, бірақ төртқабаттан жоғары көп пәтерлі және басқа да үйлер мен қонақүйлер. Бірден көп, бірақ 15 қабаттан аспайтын, оқу мекемелерінің ғимараттары. Үштен көп, бірақ 15 қабаттан аспайтын сауда ғимараттары. Үш қабаттан аспайтын ауруханалар. Төрттен көп, бірақ 15 қабаттан аспайтын кеңселік ғимараттар. Адамдар көп келетін, әр қабаттың көлемі 2000-нан 5000 м^2 дейін болатын ғимараттар. Алты қабаттан аспайтын паркингтер.
CC3 □ жоғарғы (3)	Қабаттар саны мен әр қабаттың көлемі 2- топтағы анықталған мөлшерден асатын барлық ғимараттар. Біршама мол адамдардың келуіне рұқсат етілетін барлық ғимараттар. 5000- нан артық көрермендер сиятын стадиондар. Қауіпті заттар орналасқан және немесе технологиялық үдерістер жүргізілетін ғимараттар.

ЕСКЕРТУ 1 Егер ғимаратты пайдалануы бойынша бірнеше тұрпатқа жатқызуға болатын болса, онда бүлінуінің салдары бойынша оған жоғарырақ топты беру қажет.

ЕСКЕРТУ 2 Қабаттардың санын анықтау барысында астыңғы қабатты есепке алынбайды, егер олар 2b тобының (жоғарғы қатердегі топ) талаптарына сай келсе.

ЕСКЕРТУ 3 ҚР ҚН EN1991-1-7 бойынша жергілікті қираудың масштабтарын шектеудің жалпы қағидалары мен стратегияларын сақтауда (қирау салдары бойынша ғимарат тобы), қатерлерге талдау жүргізу қажеттілігі (жергілікті қирау есебін есептегенді қоса алғанда) нақты объект үшін ғимарат немесе құрылыстың жауапкершілігі категориясына байланысты техникалық тапсырмадағы жобалауда анықталады.

А.4 Ұсынылатын стратегиялар

(1) Келесі ұсынылатын стратегиялардың қолданылуы сәйкес емес толық қирау пайда болмаған жағдайда тізбекті қирауға төтеп бере алуына мүмкіндік беретін, ғимараттың сақталу дәрежесін жеткілікті қамтамсыз етеді.

а) Қирау салдары бойынша 1 топ ғимараттарына.

Егер ғимарат ҚР ҚН EN 1990-ға ҚР ҚН EN 1999-ға сәйкес қалыпты пайдаланылуға жағдайға сай құрастырылған және жобаланған болса, онда анықталмаған себептерден болатын әсерлердің қосымша есебі талап етілмейді.

б) Қирау салдары бойынша 2 а тобындағы ғимараттарға (төменгі қатердегі топ).

А.5.1. бойынша өзіне салмақ түсетін конструкцияларға арналған және А.5.2 бойынша салмақ түсетін қабырғалық конструкцияларға арналған, қирату салдары бойынша 1 топқа арналған ұсыныстар стратегиясына қосымша ретінде қабырғаларды тиімді ұстастыру немесе тиімді көлденең байланыстарды алдын ала ескеру қажет.

ЕСКЕРТУ 1 Тиімді ұстатып бекітуге коды қойылатын талаптарды белгілеу ұлттық қосымшада рұқсат етіледі.

в) Қирау салдары бойынша 2b тобындағы ғимараттарға (жоғарғы қатердегі топ).

Қирау салдары бойынша 1 топқа ұсынылған стратегияға қосымша, қажетті:

— А.5.1-анықталғандай — өзін өзі алып жүретіндер үшін және А.5.2-те — қабырғалық құрылымдар үшін (қара 1.5.11), А.6-ға сәйкес тік байланыстар құрылғыларымен бірге барлық тірек бағаналар мен қабырғалардағы көлденең байланыстар құрылғыларын орнатуды қамтамасыз ету немесе

— А.7-те анықталғандай бағананы ұстап тұратын әрбір тірек бағананы я бөренені немесе қабырғаны ұстап тұратын кез келген бөлікті шартты түрде жою кезінде ғимарат құрылымы жалпы өз орнықтылығын сақтап тұратынын және локальды бүліну белгілі бір шектен аспайтынына тексеріс жүргізу (әр этажда бір ретте бір-ақ элемент болуы керек).

Егер мұндай бағаналар мен бөліктерді шартты жою бүлінудің белгілі бір мөлшерінен асып кетсе, онда мұндай элементтерді басты элементтер ретінде есепке алу қажет (қара А.8).


Салмақ түсетін қабырғалары бар ғимараттарда қабырғалық бөлікті, бір ретте бір бөлікті шартты түрде жою стратегиясы анағұрлым нәтижелі болады.

г) 3-қатардағы ғимараттар үшін қирау салдары бойынша.

Ғимарат болжауға болатын және болжауға болмайтын қатерлерді есепке алатын жүйелі қауіп-қатерлерді бағалауды қажет етеді.

ЕСКЕРТУ 2 Қауіп-қатерлерді сараптау бойынша нұсқаулықтар Б [В] Қосымшасында орналасқан.

ЕСКЕРТУ 3 Ғимараттың әр түрі үшін мүмкін болатын локальды қираудың шегі әр түрлі болуы мүмкін. Ұсынылған мән болып жабын ауданының 15 % саналады, алайда әрбір екі іргелес қабаттың 100 м² емес болуы керек (А.1-сурет).



(А) — локальды қирау әрбір екі іргелес қабаттағы жабын ауданының 15%-ынан аспауы қажет;

(В) — шартты түрде жойылатын бағана.

Сурет А.1 — Жергілікті бүліну кезіндегі ұсынылатын мәндер:

а — қабаттың жоспары; b — қима

А.5 Көлденең байланыстар

А.5.1 Жиіктемелі құрылымдар

(1) Бағаналар мен қабырғаларды ғимарат құрылымдарымен берік байланыстыру үшін әр этажаларлық жабынның периметрі бойынша және жабын деңгейінде екі перпендикулярлы бағытта жабын жазықтығымен көлденең байланыстар орнатуды қамтамасыз ету қажет. Байланыстар үздіксіз болуы қажет және мүмкіндігінше жабын шетіне жақын әрі тіректер мен қабырғалар осі бойынша өтуі қажет. Байланыстың ең аз дегенде 30 %-ы бағаналар мен қабырғалардың остік сызығына тікелей жақын орналасуы қажет.

ЕСКЕРТУ А.2-суреттегі мысалға қараңыз.

(2) Көлденең байланыстар болат прокатынан, бетон тақталардағы болат темір арқаудан немесе темір арқаулы тор мен болатбетонды жабындардағы (басқа бөренелермен берік байланыстарда) профильді болат табағынан орындалуы мүмкін. Байланыстар осы элементтердің қосындысынан да тұруы мүмкін.

(3) Үздіксіз байланыстардың әрқайсысын, оның ішінде ақырғы байланыстарды да ерекше соңғы жағдай үшін ішкі байланыстар жағдайында T_i есепті созылдырғыш күш салуға және периметр бойынша байланыстар жағдайында T_p -ді есепке алу қажет. Созылғыш күш салулар келесі мәндерге ие болады:

Мәндердің көбі анықтауыш болып табылатын ішкі байланыстар үшін:

$$T_i = 0,8 \cdot (g_k + \psi q_k) \cdot sL \text{ или } 75 \text{ кН}, \quad (\text{А.1})$$

Мәндердің көбі анықтауыш болып табылатын периметр бойынша байланыстар үшін:


$$T_p = 0,4 \cdot (g_k + \psi q_k) \cdot sL \text{ или } 75 \text{ кН, (А.2)}$$

мұнда s — байланыстар арасындағы қадам;

L — байланыстар бойы;

ψ — есепті апатты жағдайларда септігін тигізу үшін жеке коэффициент (яғни EN 1990, (6.11b) формуласы бойынша ψ_1 немесе ψ_2)

ЕСКЕРТУ — А.2-суреттегі мысалға қараңыз.



(a) — ішкі байланыстар ретінде бойы 6 м болатын бөрене;

(b) — байланыстар ретінде жобаланған барлық бөренелер;

(c) — периметр бойынша байланыстар;

(d) — бағанағы орнатылған байланыс;

(e) — шеткі бағана

А.2-сурет - Ағаш дуалдан жасалған алты қабатты сауда ғимаратындағы көлденең байланыстарды орналастыру мысалы

МЫСАЛ. Келесі әсер ету сипаттамаларын (мәселен, ғимараттың болат ағаш дуалы үшін) болжай отырып 6 метрлік бөренедегі T_i апатты созылғыш күш салуды шамалау (қара А.2-сурет).

Жүктемелердің сипаттамалық мәндері: $g_k = 3,0 \text{ кН/м}^2$ и $q_k = 5,0 \text{ кН/м}^2$.

(6.11a) формуласы арқылы ψ_1 (т. е. = 0,5) үйлесім коэффициентін тағайындауды есепке ала отырып

$$T_i = 0,8 \cdot (3,00 + 0,5 \cdot 5,00) \cdot \frac{3+2}{2} \cdot 6,0 = 66 \text{ кН} < 75 \text{ кН}.$$

(4) Сонымен қатар, байланыстар ретінде өзге әсер етулерді қабылдайтын, апаттық жағдайлар қатарына қосылмайтын элементтерді де қолдануға болады.

А.5.2 Салмақ түсетін қабырғалық құрылымдар

(1) 2а тобындағы ғимараттар үшін қираудың салдары бойынша (төмендетілген қауіптер тобы), А.1-кестесін қараңыз.

Ғимараттың қажетті сақталғыштығы құрылысты есепке алынуы өз ішіне өзара әрекеттесетін барлық элементтерді, оның ішінде қабырғаларға анкерлік бекітулерді де қамтитын ірі элементтер арқылы жүзеге асыру арқылы мүмкін болады.

(2) Для зданий класса 2б [2b] тобындағы ғимараттар үшін қиарудың салдары бойынша (жоғары қауіп-қатерлі топтағы), қара А.1-кесте.

Жабындарда жабын бойымен орналасқан ішкі байланыстардан жасалған тікбұрышты торды және жабын тақталарының периметрлері бойынша ені 1,20 м болатын болдеу шегінде орналасқан сыртқы байланыстарды өз ішіне қамтитын үздіксіз көлденең байланыстар жасап отыру қажет. Есептік созылмалы күш салуды келесі әдіс бойынша анықтайды:

$$\text{ішкі байланыстар үшін} \quad T_i = \frac{F_t \cdot (g_k + \psi q_k)}{7,5} \cdot \frac{z}{5} \text{ кН/м, } T_i \geq F_t; \quad (\text{A.3})$$

$$\text{периметрлер бойынша байланыстар үшін} \quad T_p = F_t, \quad (\text{A.4})$$

мұнда F_t — 60 кН/м немесе $20 + 4n_s$ кН/м болса, ең аз мән анықтауыш болып саналады;

n_s — қабаттар саны;

z — ең аз мәнге ие болатын коэффициент:


— $5H$, мұнда H — қабат биіктігі;

— бағаналар немесе өзге де салмақ түсетін тік элементтер остері аралығындағы байланысқа бағытталған максимальды арақашықтық, м, егер бұл арақашықтық:

— жеке тақтамен немесе

— бөренелер мен тақталар жүйесімен жабылған болса.

ЕСКЕРТУН (H (м) и z (м) параметрлері А.3-суретте көрсетілген.



А.3-сурет. H және z параметрлерінің гарфикалық көрінісі:

a — қабат жоспары;

b — қима: жабын тақтасы;

c — қима: бөрене мен тақта

А.6 Тік байланыстар

(1) Әрбір бағана мен қабырға негізінен бастап жабын деңгейіне дейін үздіксіз байланыстармен бекітілуі қажет.

(2) Жиектелген құрылымдарда (болат немесе темірбетонды құрылымдар) көлденең жүктемелерді қабылдайтын бағаналар мен қабырғалар, кез келген қабаттың бағанасына түскен тік тұрақты және өзгермелі жүктемелерден пайда болған анағұрлым көбірек есептік реакцияларға тең апаттық әсерлерден созылмалы күш салуға төтеп беру керек. Бұл созылмалы күш салу құрылымға жобалық тұрақты және өзгермелі әсер етулермен бір уақытта әсер етпейтіні болжанады.

(3) Салмақ түсетін қабырғалық құрылымдардағы (қара1.5.11) көлденең байланыстарды келесі жағдайларда тиімді болады:

а) тастан қаланған қабырғалар үшін қабырғаның қалыңдығы 150 мм-ден кем болмауы қажет және қысу кезіндегі беріктігінің ең аз көрсеткіші EN 1996-1-1-ге сәйкес 5 Н/мм²-ге тең болады;

б) егер жарық жағдайындағы қабырға биіктігі H , м, болса, онда жабынның жоғарғы және төменгі немесе жабын мен шатыр шегінің өлшенген аралығы $20t$ -дан аспауы қажет, мұндағы t — қабырға қалыңдығы, м;

в) егер байланыстар көлденең T анкерлік күш салуды қабылдауға шамаланған болса:

$$\text{онда } T = \frac{34A}{8000} \cdot \left(\frac{H}{t}\right)^2 \cdot N \text{ ішіндегі көбі немесе } 100 \text{ кН/м, (A.5)}$$

мұндағы A — жоспарда өлшенген қабырғаның көлденең қимасының ауданы, бұл жерде қабырғаның бос аумағын, мм², алып тастау қажет.

г) егер көлденең байланыстар орталықтар арақашықтығы қабырға бойымен кем дегенде 5 м болатындай етіп топталса және олар бекітілмеген қабырға шеттерінен 2,5 м-ден алыс емес аралықта орналасса.

А.7 Салмақ түсетін қабырғаның нақты қимасы

А.4(1) с) көрсетілген салмақ түсетін қабырғаның нақтылы ұзындығын былай анықтайды:

— темірбетонды қабырғаның ұзындығы $\leq 2,25H$;

— тастан қаланған сыртқы қабырғада, ағаш немесе металдан жасалған қабырғаларда L ұзындық қапталдық тіректер аралығындағы қашықтық ретінде өлшенеді. Қапталдық тіректер ретінде өзге де құрылымдық элементтер болады (мысалы, бағаналар немесе көлденең қабырғалар);

— тастан қаланған ішкі қабырғада, ағаш немесе металдан жасалған қабырғаларда ұзындық $\leq 2,25H$,

мұндағы H — қабат биіктігі, м.

А.8 Негізгі элементтер

ҚР НТҚ 01.01-7.1-2013

(1) 3.3(1)Р-ке сәйкес А.4(1)с)-де көрсетілген ғимарат құрылымының негізгі элементі тік және көлденең бағыттарда (бір уақытта бірдей бағытта) элементтің өзі және жалғасатын компоненттеріне әсер ететін A_d апаттық әсер ету жағдайына төтеп беруі қажет. Осы тұста бұл компоненттер мен олардың байланыстарының беріктілік шегін есеп алу қажет. Мұндай апаттық есептік жүктемені EN 1990, (6.11b) формуласына сәйкес, шоғырланған немесе біркелкі орналастырылған жүктеме түрінде қолданған жөн.


ЕСКЕРТУ Ғимараттар құрылымы үшін $A_d = 34 \text{ кН/м}^2$ шарты орындалуы керек.

Б [В]ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

Қауіп-қатерлерді бағалау бойынша нұсқаулықтар**Б.1[В.1] Кіріспе**

(1) Бұл қосымша ғимараттар мен инженерлік құрылыстарға арналған қауіп-қатерлерді бағалауды жүргізу мен жоспарлау жөніндегі нұсқаулықтардан тұрады. Қауіп-қатер сараптамасын жасау кезіндегі іс-әрекеттердің жалпы сипаты рисунке В.1суретте көрсетілген.



Б.1 [В.1] Сурет — Қауіп-қатерлер сараптамасы кезіндегі іс-әрекеттерге шолу

Б.2[В.2] Терминдер мен анықтамалар

Б.2.1 [В.2.1] Салдарлар (consequence): Мүмкін болатын оқиғалар нәтижесі (қауіп-қатерлер сараптамасы кезінде, әдетте қажет емес салдарлар). Салдарлар ауызша көрініуі немесе адам шығыны көрсеткіштері, запа шеккен адамдар саны, экономикалық шығындар, қоршаған ортаға келген зақымдар, жұртышылық қауым және ғимаратты қолданушылар көрген шығындар және т.б. арқылы көрінуі мүмкін. Оның ішіне тура салдарлармен қатар белгілі бір уақыт аралығында болатын салдарларды да қосуға болады.

Б.2.2 [В.2.2] Қатерлер көріністері(hazard scenario): Белгілі бір уақыт аралығында орын алған және қажетсіз оқиғаның болуына (мысалы, құрылымның толықтай құлатылуы) алып

келуі мүмкін бір немесе бірнеше бірге жүретін жағдайлармен бірге негізгі қауіп-қатермен анықталатын қауіпті жағдай.

Б.2.3 [B.2.3] **Қауіп-қатер(risk):** 1.5.13 суретін қараңыз.

Б.2.4 [B.2.4] **Қауіп-қатер тиімділігінің белгілері** (risk acceptance criteria): Жылдық жиілік түрінде көрінетін қажетсіз оқиғалардың белгілі бір салдарларының болу мүмкіндігі үшін тиімді шектер. Бұл критерийлер әдетте беделді билік органдарымен бір жағынан адамдар үшін, екінші жағынан жұртшылық үшін тиімді қауіп-қатер деңгейін орнату үшін анықталады.

Б.2.5 [B.2.5] **Қауіп-қатерлер сараптамасы** (risk analysis): Қауіп-қатерлерді сипаттау және/немесе есептеуді жүйелі түрде орындау. Қауіп-қатерлер сараптамасы қажетсіз оқиғалар, себептер, мүмкіндіктер және бұл оқиғалардың салдарын сәйкестендіруді қамтиды (қара В.1-сурет).

Б.2.6 [B.2.6] **Қауіп-қатерлерді бағалау** (risk evaluation): қауіп-қатерлер сараптамасы нәтижелерін қауіп-қатерлер тиімділігі критерийлерімен және басқа да шешім қабылдау критерийлерімен салыстыру.

Б.2.7 [B.2.7] **Қауіп-қатерлерді басқару** (risk management): Алға қойған мақсаттарға сәйкес келетін қауіпсіздік деңгейіне жету және сақтану үшін белгілі бір ұйымның қолға алған жүйелі шаралары.

Б.2.8 [B.2.8] **Қажетсіз жағдай** (undesired event): Адамдардың жарақат алуына себепші болатын, қоршаған ортаға зиян келтіретін немесе материалдық шығынға ұшырататын жағдай немесе оқиға.

Б.3[В.3] Қауіп-қатерлер сараптамасы кезіндегі жұмыстар мазмұнының сипаттамасы

Б.3.1 [(1)]: Объект, бастапқы деректер және қауіп-қатерлер сараптамасының мақсаты кең көлемде сипатталуы қажет.

Б.3.2 [(2)] Сарапталатын мәселеге қатысты барлық техникалық, экологиялық, ұйымдастырушылық, адами факторлар жан-жақты құжатталуы тиіс.

Б.3.3 [(3)] Қауіп-қатерлер сараптамасы кезінде жасалған барлық алғышарттар, рұқсат етілген және жеңілдетілген жағдайлар көрсетілуі қажет.

Б.4 [B.4] Қауіп-қатерлер сараптамасының тәсілдері

Б.4.1 [(1)] Қауіп-қатерлер сараптамасы сипаттамалық (сапалық) бөліктен және қажет болған жағдайда есептік бөліктен (сандық) тұруы мүмкін.

Б.4.1 [B.4.1] Қауіп-қатерлердің сапалық сараптамасы

Б.4.1.1 [(1)] Қауіп-қатерлер сараптамасының сапалық бөлігі аясында барлық қатерлер мен сәйкес келетін қатерлер сценарийлерін сәйкестендіреді. Мұндай сәйкестендіру Қауіп-қатерлер сараптамасы кезінде негізгі міндеті болып саналады және жүйенің жан-жақтылы зерттелуі мен нақты түсінуді қажет етеді. Бұл мақсаттарға арналған

арнайы тәсілдер қатары жасалып шығарылды. Ол инженерге сараптаманың бұл бөлігін сапалы түрде орындауға мүмкіндік береді (Мысалы, РНА, HAZOP, істен шығу, оқиғалар, шешімдер қабылдау, себепті желі және т.б.).

Құрылыс қауіп-қатер сараптамасын жасау кезінде келесі жағдайлар құрылым үшін қауіп тудыруы мүмкін:

- әдепкі әсер етулердің жоғары мәндері;
- маретиялдар сапасының төмен болуы, ол қателіктер салдары немесе олардың тозу жағдайы ескерілмеген болса мүмкін болады;
- жобада ескерілмеген жер асты жағдайлары және қоршаған ортаның өзге де жағдайлары;
- өрт, жарылыс, сел, жерсілкінулер секілді т.б. тілсіз жаулардың апаттық әсері;
- бекітілмеген апаттық әсерлер.

Қатерлер сценарийлерін анықтауда мына жағдайларды ескерген жөн:

- құрылымға болжанған немесе белгілі өзгермелі әсер етулер;
- сыртқы орта жағдайлары;
- құрылымның жоспарланған немесе қолданыстағы зерттеу бағдарламасы;
- құрылымның жалпы тұғырнамасы, жұмыс жобасы, қолданылатын құрылыс материалдары және бүлінулер мен тозуға ұшырауы мүмкін болатын әлсіз тұстар;
- сәйкестендірілген қауіп-қатер сценарийі салдарынан болған бүлінудің түрі мен деңгейі, сонымен қатар бүлінудің салдары.

Мүмкін болатын ілеспелі әсер етулермен бірге негізгі қауіп-қатер кезінде істен шығу орын алған жағдайда қауіпсіздікке әсер ететін салдарларды анықтау үшін құрылымды қолданудың негізгі режимін анықтау қажет.

Б.4.2 [В.4.2] Сандық қауіп-қатер сараптамасы

Б.4.2.1 [(1)] Қауіп-қатерлер сараптамасының сандық бөлігі аясында барлық қажетсіз жағдайлар мен олардың салдарының ықтималдылық сараптамасын жасайды. Ықтималдылық көрсеткіштері көп жағдайда инженерлік бағалауларға негізделеді және сондықтан да іс жүзіндегі істен шығулардан көп ерекшеленуі мүмкін. еЕгер істен шығуларды сандық тұрғыда көрсету мүмкін болса, онда қатер қажетсіз жағдай салдарының математикалық күту арқылы көрсетілуі мүмкін. Қатерлерді көрсетудің мүмкін болатын тәсілі Б.2 [В.2]-суретте көрсетілген:

Деректер мен үлгілер есептеулеріндегі/суреттеріндегі кез келген қателіктер жан-жақты талқылауды қажет етеді. Қауіп-қатер сараптамасын жасауды мынаны ескере отырып сәйкес деңгейіне келгенде тоқтатады:

- қауіп-қатер сараптамасының мақсаты мен қажетті шешімдер;
- сараптаманың бастапқы кезеңдерінде қабылданған шектеулер;
- орынды немесе нақты деректердің қолжетімділігі;
- қажетсіз оқиғалардың орын алуынан болған салдарлар.

Сараптама негізделетін бастапқы рұқсат етілген әрекеттер сараптама нәтижелерін алғаннан кейін қайта қарастырылуы қажет. Сараптама жасау кезінде есепке алынатын факторларға беріктілік сандық тұрғыда анықталуы қажет.

Тяжелые	×				
Высокие	×				
Средние		×			
Низкие			×		
Очень низкие				×	
Последствия Вероятность	0,00001	0,0001	0,001	0,01	> 0,1

ТҮСІНДІРМЕЛЕР:

Мүмкін болатын қирау салдары әрбір сценарий үшін қатердің тууын анықтап оларды ауыр, жоғары, орташа, төмен және өте төмен деп топтастырады. Қатер ауырлығының деңгейін былайша анықтауға болады:

- ауыр — құрылымның аяқ астынан құлап, адамдардың өлімі мен жарақатына әкелу ықтималдығы;
- жоғары — құрылымның бір немесе бірнеше элементінің істен шығуы және соның салдарынан құрылымның жекелеген бөліктерінің қирауы жоғары ықтималдылығының туындауы және адамдардың жарақат алуының төмен ықтималдылығы;
- орташа — құрылымның бір элементінің істен шығуы. Толықтай немесе жекелеген бөліктердің қирауы мүмкін. Адамдардың жарақат алуының ықтималдылығы төмен болады;
- төмен — локальды бүлінулер;
- өте — аз ғана локальды бүлінулер.

төмен

Б.2 [B.2] Сурет — Қауіп-қатердің сандық сараптамасы нәтижелерінің мүмкін болатын графикалық көрінісі

Б.5 [B.5] Қауіп-қатердің тиімділігі және қорғаныс шаралары

Б.5.1 [(1)] Қауіп-қатер деңгейін анықтаған соң қорғаныс шараларын көрсету қажеттілі жөнінде шешім қабылдаған жөн (құрылымдық немесе құрылымдық емес).

Б.5.2 [(2)] Қауіп-қатер тиімділігін орнату үшін көп жағдайда ALARP қағидасын қолданады (as low as reasonably practicable/соншалықты төмен, соншалықты мақсатты).

Бұл қағидаға сәйкес қауіп-қатердің екі деңгейі көрсетіледі. Егер қауіп-қатер жалпытиімділік диапазонының (яғни ALARP) төменгі шегінен аспаса, онда қорғаныс шараларын қолданбайды. Егер қауіп-қатер жалпытиімділік диапазонының жоғарғы

шегінен асып түссе, онда қауіп-қатер тиімсіз деп табылады. Егер қауіп-қатер төменгі және жоғарғы шектер аралығында орналасса, онда экономикалық тұрғыдағы тиімді шешімді іздеу қажет болады.

Б.5.3 [(3)] Істен шығу жағдайына қатысты белгілі бір уақыт аралығы үшін қауіп-қатерді бағалау кезінде істен шығу салдарының негізінде есептеу мөлшерлемесін есепке алу қажет.

Б.5.4 [(4)] Қауіп-қатер тиімділігінің деңгейін әдетте келесі екі критерийлерді қолдану арқылы анықтайды:

— жеке адам басына төнуі мүмкін қауіп-қатерлер: жеке адамға төнетін қауіп-қатерлер әдетте өліммен аяқталатын жазатайым оқиғалардың пайызы ретінде анықталады. Қызметтің белгілі бір түріне қатысты қауіп-қатерлер бір жыл ішінде туындауы мүмкін өліммен көрсетілуі мүмкін немесе бір өлім жағдайы пайда болатындай мүмкін болатын уақыт аралығы;

— қауымға төнуі мүмкін қауіп-қатерлер деңгейі: уақытқа байланысты өзгеріп отыратын адам өміріне қауіп тудыратын қатерлердің әлеуметтік тиімділігін көп жағдайда $F-N$ диаграммасы ретінде көрсетеді. Бұл диаграмма N санынан көп F жазатайым оқиғалардың максималды жылдық көрсеткішін көрсетеді.

Балама ретінде VPF (Value of prevented fatality/өлім оқиғаларын болдырмау құны) немесе Quality index of life (өмір сүру сапасының индексі) секілді тұғырнаманы қолдануға болады.

ЕСКЕРТУ Қауіп-қатер тиімділігінің деңгейлерін ұлттық қосымшада немесе нақты бір жобаның аясында анықтау қажет.

Тиімділік критерийлерін лайықты қауіп-қатерлерге қатысты шешімдердің негізі ретінде белгіленген белгілі бір ұлттық ережелер мен талаптарға, белгілі бір нормалар мен стандарттарға, тәжірибелі деректер мен/немесе теориялық білімдерге сүйене отырып бекітуге рұқсат беріледі. Тиімділік критерийлерін сапалық немесе сандық түрде көрсетуге рұқсат беріледі.

Б.5.5 [(5)] қауіп-қатердің сапалық сараптамасы жағдайында келесі критерийлерді қолдануға болады:

а) негізгі мақсат елеулі қосымша шығындарсыз қауіп-қатер деңгейін ең аз мөлшерге жеткізуде болуы қажет;

б) В.2а-суреттегі тігінен штрихталған аумақтарда көрсетілген салдар үшін сәйкес сценариймен байланысты қатерлер қабылданады.

в) В.2а-суреттегі тігінен штрихталған аумақтарда көрсетілген салдар үшін осы сценарий үшін қатерлерді қабылдау немесе олардың мүмкін болатын құны бойынша шаралар қабылдау туралы шешім қабылдау қажет;

г) тиімсіз деп табылған салдар үшін (В.2а-суреттегі тігінен штрихталған аумақтарда көрсетілген салдар тиімсіз деп табылған болуы мүмкін) қатерлер деңгейін төмендетуге байланысты шаралар қолдану қажет (қара Б. 6 [В.6]).

Б.6 [B.6] Қауіпті төмендету шаралары

Б.6 [(1)] Қауіпті төмендету үшін төмендегідей шаралар қолдануға рұқсат етіледі:

а) қатерді болдырмау немесе азайту үшін, мысалы, сәйкес келетін есептеулер арқылы, жобаның тұғырнамасын өзгерту және қатерді азайтуға бағытталған шараларды қолдану арқылы және т.б.;

б) қауіпті болдырмауды жобаның тұғырнамасын немесе құрылысты пайдалану жағдайларын өзгерту жолымен, мысалы, конструкцияны қорғау шараларын қолдану жолымен, спринклер жүйесін орнатумен және т. б.;

в) қауіпті бақылау арқылы, мысалы, зерттеулер жүргізу жолымен, құлақтандыру және бақылау жүйесін орнату арқылы;

г) қауіпті болдырмау, мысалы, өміршеңдігі мен беріктілігін көтеруді қамтамасыз ету жолымен, берілетін жүктемелерді резервтер есебінен (статикалық ажыратылмау) немесе тозуға төзімділікті арттыру жолымен және т. б.;

д) конструкцияның қирауын адамдар денсаулығы мен өміріне аз қауіп туатындай етіп бақылауға рұқсат етіледі, мысалы, жарық немесе бағдаршам бөренелерімен соқтығысқан жағдайда.

Б.7 [B.7] Қайталап қарастыру

Б.7.1 [(1)] Іс әрекет аумағы, есеп және мүмкін болатын әрекеттер (қара Б.1-Сурет) конструкцияны қауіпті төмендету бойынша қолданылатын шаралармен бірге бекіту мүмкін болмайынша, сценарийлерге қатысты қайта-қайта бағалауға ұшырай береді.

Б.8 [B.8] Қорытындылар мен нәтижелер туралы ақпараттар

Б.8.1 [(1)] Сараптаманың сандық және сапалық нәтижелері (егер ол болса) ықтималдылығын көрсететін салдарлар тізімін ұсынады, ал тиімділік дәрежесі барлық қызығушылық танытқан жақтармен келісіледі.

Б.8.2 [(2)] Қатерлерді сараптағанда қолданылған барлық деректерді және оларды алу көздерін көрсетеді.

Б.8.3 [(3)] Қатерлер сараптамасының шектеулері мен негізділігін анықтау үшін қатерлерді анықтау кезінде бекітілген барлық негізгі рұқсат етілген әрекеттер, алғы шарттар мен жіберілген олқылықтар түйінделуі тиіс.

Б.8.4 [(4)] Қатерлер сараптамаларының қорытындыларына негізделген, қатерді азайтуға бағытталған шараларды қолдану ұсыныстары көрсетіледі.

Б.9 [В.9] Азаматтық құрылыс орындары мен ғимараттарға арналған қолданулар

Б.9.1 [В.9.1] Жалпы ережелер

Б.9.1.1 [(1)] Төтенше уақиғалар жағдайында азаматтық құрылыс орындары мен ғимараттардағы қатерді төмендетуге арналған бір немесе бірнеше шараларды қарастыру:

— конструктивті жүйе мен конструктивті элементтер тізбекті қирау орын алған жағдайда беріктік қоры немесе түсетін күштің басқа да мүмкіндіктерін ескере отырып жобаланғандағы конструктивті шаралар;

— төмендетуді қамтитын конструктивті емес шаралар:

— оқиғаның пайда болу ықтималдылықтары,

— әсер ету тиімділігі,

— қираудың салдарлары.

Б.9.1.2 [(2)] Ықтималдылықтар мен барлық апатты және төтенше әсер етулерден болған әсерлерді (мысалы, өрт, жер сілкіну, соққы, жарылыс, айрықша климаттық әсерлер) қатердің мүмкін болатын сәйкес жиынтығы ретінде қарастыру қажет. Қатердің салдарлары бұл жағдайда экономикалық шығын мен құрбандар санының формасы ретінде бағаланады. Нақтыланған түсіндірмелер мыналарда белгіленген: Б.9.2 [В.9.2] и Б.9.3 [В.9.3].


Б.9.1.3 [(3)] Б.9.1.2 [В.9.1(2)]-да көрсетілген әдістемелер алдын ала болжалданбаған қатерлерге (тұрғызу кезіндегі жобадағы қателіктер немесе ескерілмей әбден тозған және т.б.), аса тиімді емес болып табылады. Сондықтан жобалаудың бүлінулердің деңгейі төмен (А қосымшасын қара) дәрежесі рұқсат етілген, мысалы байланыстырушы элементтер құрылғысы мен қажетті икемділігін қамтамасыз ететін классикалық талаптарды есепке ала отырып ауқымды стратегиясы жасалынды. Бұл жағдайда конструктивті элемент (бөрене, тіреу) қандай да бір себеппен және қандай да бір көлемде бүлінген болсын оны қатардан шығарып тастайтын жағдай ретінде арнайы қарастырылады. Мұндай жағдайда конструкцияның басқа бөліктеріне олар қысқа мерзім аралығында (Т-ның қалыпқа келу уақыты болып табылатын) мақсатты берілген қалыпты жүктемені көтере алу мүмкіндігіне орай талаптар қойылады:

$$P(R < ET \text{ ішінде (бір элемент жойылады)} | < p_{\text{target}}. \quad (Б.1) [(В.1)]$$

Мақсатты сенімділік Т уақыт ішіндегі (сағат, күндер немесе айлар) ғимарат қауіпсіздігінің стандартты деңгейінен және қарастырылып отырған элемент жойылған (жобада есепке алынбаған себептерге байланысты) ықтималдылығына байланысты. Дәстүрлі конструкцияларға арналған есептеулерде қираудың барлық негізгі мүмкіндіктері есепке алынуы тиіс. Ақталу үшін өте аз ықтималдықпен істен шығуы себебін есепке алмау қажет. Б.9.1.2 [В.9.1(2)]-дағы көрсетілген тәсілді есепке алу қажет. Б.9.1.3 [В.9.1(3)]-дағы көрсетілген стратегияны күрделі сараптаманың шығарылуы үшін және көптеген жағдайларда қолдану үшін пайдаланады.

Б.9.1.5 [(5)] Дәстүрлі емес конструкциялар (мысалы, өте үлкен, сондай-ақ жаңа концепциялар мен материалдарды қолданып жасалынған) үшін белгісіз себептермен орын

алған істен шығу мүмкіндігін елеулі деп қарастыруға болады. Бұл тұста Б.9.1(2) [В.9.1(2)] және Б.9.1.(3) [В.9.1(3)]-де сипатталған тәсілдерді өз ішіне қамтитын әдісті қолданған жөн.



1-қадам — айрықша негізгі қатерлерді сәйкестендіру және модельдеу. Түрлі қарқындылықтағы түрлі қатерлердің туындау мүмкіндігін бағалау.

2-қадам — түрлі қатерлер салдарынан бүлінген құрылымдар күйін бағалау. Бүлінудің түрлі күйінің болу мүмкіндігі мен көрсетілген қатерлердың сәйкес салдарын бағалау.

3-қадам — бүлінген құрылымның жалпы күйін бағалау. Сәйкес салдары бар бүлінген құрылымның мүмкін болатын жалпы апаттық күйін бағалау.

Б.3 [В.3]-сурет — Апаттық жағдайларда бүлінген құрылымдар үшін қатерлер сараптама кезеңдерінің графикалық көріністері

Б.9.2 [В.9.2] Құрылыс құрылымдарына арналған қатерлер сараптамасы

Ацетилен	10,6	1415
Бутан	8,0	92
Этан	7,8	106
Сутек	6,8	550
Изопропанол	7,8	83
Метан	7,1	55
Метанол	7,5	75
Неопентан	7,8	60
Пентан	7,8	104
Пропан	7,9	100

p_{red} – жарылыстың шамадан тыс төменгі қысымы, бар;

p_{stat} – қорғаныс конструкциясы активациясының статикалық қысымы, бар;

V – оқшауланған конструкцияның көлемі, м³.

(Д.7) формуласы келесі жағдайлар үшін қолданылады:

а) оқшауланған конструкция турбуленттілік туғызатын элементке ие емес;

б) $K_G \leq 550$ бар·м/с;

в) $0,1 \text{ бар} \leq p_{\text{stat}} \leq 0,5 \text{ бар}$;

г) $p_{\text{red}} \leq 2,0 \text{ бар}$;

д) $p_{\text{red}} > p_{\text{stat}} + 0,05 \text{ бар}$;

е) $V \leq 1000 \text{ м}^3$;

ж) конструкцияның ұзындығы (биіктігі) және диаметрі арасындағы қатынас

$$L/D \leq 2;$$

з) жағдайдың маңызы – атмосфералық қысым;

и) $E_f = 1$ қорғаныс конструкциялары үшін (қысым түсіруші құрылғылары), шамамен кемдегенде $0,5 \text{ кг/м}^2$ массаны құрайды;

к) $E_f = 1$ массасы $0,5 \text{ кг/м}^2$ немесе $A_v/V^{0,753} < 0,07$ жағдайында кем дегенде 10 кг/м^2 тең қорғаныс конструкциялары үшін; бұл шамамен осылар үшін $p_{\text{stat}} \leq 0,1 \text{ бар}$ и $0,1 \text{ бар} < p_{\text{red}} < 2,0 \text{ бар}$;

л) барлық басқада жағдайлар үшін және 10 кг/м^2 астам массаға ие қорғаныс конструкциясы үшін эффектілілік коэффициенті E_f келесі жағдайда анықталуы тиіс EN 14797 «Explosion venting devices».

Д.2.5 Жарылыстың шамадан тыс және төменгі қысымын бағалау кезіндегі бастапқы көтеріңкі қысымды емеппеу келесі формула бойынша жүзеге асуы мүмкін:

$$p_{\text{red}2} = p_{\text{red}1} \times (p_2 + 1)^\gamma, \quad (\text{Д.8})$$


мұндағы

p_2 – қысымның бастапқы жоғарлауы, бар;

$p_{\text{red}1}$ – Д.2.4 тармағында қолданылғын әдіс бойынша анықталғандай жарылыстың атмосфера қысымымен шамадан тыс төмендеу қысымы, бар;

$p_{\text{red}2}$ – жарылыстың шамадан тыс қысымының шын төмендетілуі;

γ – көрсеткіш деңгейі, ол Д.4 суретінде көрсетілгендей қорғаныс конструкциясының аумағынан және оқшауланған конструкцияның көлеміне байланысты.



1 – пропан

2 – этилен

3 – сутек


ЕСКЕРТУ Д.4 Сурет

3 барға дейінгі бастапқы қысымда қолданылады.

K_G , пропанды 1,3 реттен аса басып түсетін құрамында K_G бар газды қолдану үшін арналған пропан кестесі.

Сурет Д.4

Д.2.6 окшауланған конструкцияны жарылу қауіпі бар сұйықтықпен толтырылу есебінің орындалуын мүмкін Д.5 суретінен көре аласыз.



X – толу дәрежесі, %;

Y – $(p_{red,max})/(p_{red,max} 100\% \text{ дәрежеде})$.

ЕСКЕРТУ Графиктің қолданылу жағдайы:

- 100% толтырылу үшін кемінде 1 барға төмендетілген қысым кезінде p_{red} ;
- қорғаныс құрылғысының активациясы кезіндегі $p_{stat}=0,1$ бар статикалық қысым.

Сурет Д.5

Д.2.7 Төменде көрсетілген әдіс жеке тартылысы бар окшауланған конструкция кезінде қолданылады, яғни олардың окшауланған конструкцияның ұзындығы (биіктігі) және диаметрі арасындағы байланысы $2 < L/D \leq 10$ тең болған кезде.

Бұл әдістің пайымдауынша

- окшауланған конструкция ішіндегі газдық сұйықтық бір қалыпты күйде болады, ал окшауланған конструкция турбуленттілік шақыратын элементке ие болмайды;
- окшауланған конструкцияның пішіні майысқақ немесе көлденең қиылысу өлшемдеріне ие емес;
- газдар немесе газдық сұйықтықтар пропан немесе метанның жану жылдамдығы сияқты үлкен жылдамдықпен жануы мүмкін.

Д.2.7.1 Егер қорғаныс құрылғылары оқшауланған конструкцияның екі жағынада орналастырылсы, (торцта немесе торцқа жақын қабырғада) онда қысымның төмендігін келесі формула бойынша анықтайды (Д.9) – (Д.11).

Осы формулаларды, кей жағдай да қолданамыз, мысалы, оқшауланған конструкцияның бойына қосымша қорғаныс құрылғыларын орнатқан кезінде.

$$p_{\text{red}} = p_{\text{stat}} + (0,023 \times S_{\text{ui}}^2 \times K \times W \times (L/D)^{1/3}) / V^{1/3} \quad (\text{Д.9})$$

$$p_{\text{red}} = 0,015 \times d \times K \quad \text{осы үшін } p_{\text{stat}} \leq 0,06 \text{ бар;} \quad (\text{Д.10})$$

$$p_{\text{red}} = 0,015 \times d \times K + 0,15 \quad \text{осы үшін } p_{\text{stat}} > 0,06 \text{ бар;} \quad (\text{Д.11})$$

мұндағы

p_{red} – жарылыстың төмендетілген қысымы, бар;

p_{stat} – қорғаныс конструкцияларының активациясының статикалық қысымы;

S_{ui} – газдың жану жылдамдығы, м/с;

K – байланыс A_{cs}/A (төменге қараңыз);

A_{cs} – оқшауланған конструкцияның көлденең қиылысу алаңы, м²;

A – барлық қорғаныс конструкцияларының жалпы ауданы, м²;

W – қорғаныс конструкциялары алаңының бірліктерінің, кг/м²;

V – оқшауланған конструкцияның көлемі, м;

D – оқшауланған конструкцияның диаметрі, м.

$d = x / D$, мұндағы x – ол жалынның шығу көзі мен жақын жерде орналасқан қорғаныс құрылғысының арасындағы максималды мүмкін қашықтық.

Формулалар (Д.9) – (Д.11) келесі жағдайда қолданылады:

а) атмосфералық қысым;

б) жану жылдамдығы $S_{\text{ui}} \leq 0,46$ м/с (яғни, пропанға арналғаннан артық емес);

в) $V \leq 200$ м³;

г) $0,5 \text{ кг/м}^2 \leq W < 5 \text{ кг/м}^2$;

д) $p_{\text{stat}} \leq 0,1$ бар;

е) $2 < L/D \leq 10$.

Д.2.7.2 Егер оқшауланған конструкция шеттері бойынша қорғаныс құрылғыларына ие болмаса, және олар тек оқшауланған конструкцияның бойымен қаға жүргізілген болса, онда мына мағыналар (Д.10) және (Д.11) қысымның төмендеуін ескермей қалуы мүмкін. Бұл жағдайда келесі формулаларды қолданған жөн (Д.12) және (Д.13):

$$\text{а) метан үшін} \quad p_{\text{red}} = p_{\text{stat}} + 0,070 \times d \times K \quad (\text{Д.12})$$

$$\text{б) пропан үшін} \quad p_{\text{red}} = p_{\text{stat}} + 0,085 \times d \times K \quad (\text{Д.13})$$

Формулалар (Д.12) и (Д.13) келесі жағдайларда қолданысқа ие:

а) атмосфералық қысым;

б) жану жылдамдығы $S_{\text{ui}} \leq 0,46$ м/с (яғни, пропанға арналғаннан артық емес);

в) $V \leq 200$ м³;

г) $0,5 \text{ кг/м}^2 \leq W < 5 \text{ кг/м}^2$;

д) $p_{\text{stat}} \leq 0,1$ бар;

е) $p_{\text{red}} \leq 1$ бар;

ж) $2 < L/D \leq 10$.

ҚОСЫМША Е

(ақпараттық)

Айырлы тиегіштердің әсері [РҚҚН EN 1991-1-1:2002/2011, п. 6.3.2.3]

Е.1 [ҚР ҚНЕН 1991-1-1:2000/2011, 6.3.2.2(7)] Айырлы тиегіштер мен көлік құралдарының әсерін клесі кесте бойынша күштерді теңдей үйлестірілген көрсеткіш бойынша бағытталаған күш деп қарастыруға болады[6.2, 6.4 и 6.8 ҚР ҚН EN 1991-1-1:2000/2011].

Е.2 [6.3.2.3 ҚР ҚН EN 1991-1-1:2000/2011] Айырлы тиегіштердің әсері

Е.2.1 [6.3.2.3(1) ҚР ҚН EN 1991-1-1:2000/2011] Айырлы тиегіштер өзінің салмағына, көлеміне және штабелдеуші жүктеріне байланысты 6 класқа бөлінген:

FL1 – FL6 (кесте Е.1 [6.5]).

Кесте Е.1 [6.5] — кластарына байланысты айырлы тиегіштердің өлшемдері FL

Айырлы тиегіш тобы	Өзінің салмағы, кН	Тиеуші жүк, кН	Дөңгел екер арасындағы қашықтық a , м	Көлік құралының ені b , м	Көлік құралының ұзындығы l , м
FL1	21	10	0,85	1,00	2,60
FL2	31	15	0,95	1,10	3,00
FL3	44	25	1,00	1,20	3,30
FL4	60	40	1,20	1,40	4,00
FL5	90	60	1,50	1,90	4,60
FL6	110	80	1,80	2,30	5,10

Е.2 [6.6] кестесінде көрсетілген айырлы тиегіштің Q_k статикалық өстік күшінің мәні
Е.2 [6.3.2.3(2) ҚР ҚНЕН 1991-1-1:2000/2011].

Кесте Е.2 [6.6] — Айырлы тиегіштердің осьтік жүктемесі

Айырлы тиегіштің тобы	Өстік күш Q_k , кН
FL1	26
FL2	40
FL3	63
FL4	90
FL5	140
FL6	170

Е.3 [6.3.2.3(3)] статикалық тік өстік күштің мәнін Q_k анықтау барысында, динамикалық жоғарлатқыш коэффициентін ескере отырып анықтау қажет.

$$Q_k, \text{ dyn} = \varphi Q_k, \quad [(6.3)]$$

мұндағы $Q_k, \text{ dyn}$ — динамикалық әсердің сипаттамалық мәні;

ϕ — жоғарлатқыш динамикалық коэффициент;

Q_k — статикалық әсердің сипаттамалық мәні.


Е.4 [6.3.2.3(4)] айырлы тиегіштер үшін жоғарлатқыш динамикалық коэффициентті ϕ тиегіштің жылдамдығы мен тежелуіне байланысты инерцияның әсерімен анықтайды және келесіні құрайды:

$\phi = 1,40$ — пневматикалық дөңгелектері бар тиегіштер үшін;

$\phi = 2,00$ — дәл сондай, резеңкелі дөңгелектер.

Е.5 [6.3.2.3(5)] Өз салмағының 110 кН аспайтын айырмалы тиегіштердің жұмысын нақты мәліметтердің негізінде анықтаған жөн.

Е.6 [6.3.2.3(6)] Айырлы тиегіштердің Q_k және $Q_{k,dyn}$ вертикалды осьтік жүктемелерді Сурет Е.1 [6.1] сәйкес орналастырған жөн.



Сурет Е.1 [6.1] — Айырлы жүктемелердің өлшемдері

Е.7 [6.3.2.3(7)] Тиегіштердің үдеуі мен тежелуі кезіндегі горизонталды жүктемелерді Q_k вертикалды осьтік жүктемесінен 30% тең деп санауға болады.

ЕСКЕРТУҚосымша динамикалық коэффициенттер ескерілмейді.

ҚОСЫМША Ж*(ақпараттық)***Монолитті тұрғын жайларды үдемелі қираудан сақтау бойынша кеңестер, 2005⁴****Кіріспе**

Кеңестер жаңа, сонымен қатар, кез келген конструктивті жүйедегі сенімділігі бойынша II дәрежеден кем емес және жергілікті бұзылулар пайда болған уақыттағы үдемелі қирауға қарсы тұрақтылығы бар биіктігі 25 қабаттан артық емес (75 м) салынған монолит және құрама-монолит тұрғын жайларды жобалау мен салуға, реконструкциялау мен тексеруге арналған.

Бұл кеңестерді жасау қажеттілігі қолдағы құжаттар [19, 20, 21] монолит тұрғын жайларды жобалау мен тексеруге байланысты мәселелерді қамтимайтындығынан туындады. Монолит тұрғын жайлар «еркін» архитектуралық-жоспарлы шешімдермен, қабырғалардың кең адымымен (немесе бағаналардың), салмақ түсіретін және қоршайтын конструкциялар және т.с.с. шешімімен байланысты бірқатар ерекшеліктері бар (құрама ғимараттармен салыстырғанда), ол монолит ғимараттардың төтенше жағдайларда (ТЖ) үдемелі қирауға қарсы тұрақтылық есебінің спецификасын қамтамасыз етеді.

Осы әдістеменің негізгі мақсаты – *жобалы* ТЖ кезіндегі монолит тұрғын үйлерге қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Жобалы деректермен туындаған төтенше жағдайлар (ТЖ), жалпы жағдайда болжап болмайтындай және бір ғимараттың жекеленген конструкцияларына жергілікті апатты ықпалдарға жетелейді: жарылыстар, өрт, карстық орлар, жол-көлік оқиғалары, конструкциялар мен материалдардың ақауы, құзыретті емес реконструкция (қайта жоспардау) және т.с.с. оқиғалар.

Ережеге сай, қарастырылып отырған типтің ықпалы ғимараттардың салмақ түсіретін конструкцияларының жергілікті бұзылуына алып келеді. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда ТЖ осы бастапқы бұзылулармен-ақ бітеді, ал басқа жағдайларда – апаттың алғашқы сәтінде сақталып қалған салмақ түсіретін конструкциялар ертеректе бұзылған элементтерден түскен қосымша күшті көтере алмай, қирайды. Соңғы типтегі апаттар әдебиетте «үдемелі қирау» атына ие болды.

Ж.1. Басты ережелер.

1.1. Тұрғын монолит үйлер ғимараттардың қалыпты пайдалану шарттарымен қарастырылмаған апатты ықпалдар кезіндегі (өрт, жарылыс, көлік құралдарының соққы ықпалдары, санкцияланбаған қайта жоспарлау және т.с.с.) салмақ түсіретін конструкциялардың жергілікті қирауы жағдайындағы үдемелі (тізбекті) қираудан сақталуы тиіс. Бұл талап апатты ықпалдар кезінде бір қабат көлемінде жекеленген вертикалды салмақ түсіретін элементтердің жергілікті қирауы рұқсат етілетіндігін

⁴Жасалды: МНИИТЭП (инж. Шапиро Г.И. – жұмыс жетекшісі, инж. Эйсман Ю.А.) және НИИЖБ (т.ғ.д., проф. Залесов А.С.)

білдіреді, бірақ бұл бастапқы қираулар апатты ықпалдармен бүлінген, басты салмақ түсетін конструкцияның қирауына немесе бұзылуына алып келмеуі тиіс.

Салмақ түсіретін конструкцияның жергілікті қирауы жағдайындағы ғимараттың есебі бірінші топтың ақырғы жағдайы бойынша жасалады. Иілгіш емес деформациялардың дамуы, конструкциялардың орын ауыстыруы және оларда жарықтардың ашылуы қарастырылып отырған төтенше жағдайларда шектелмейді.

1.2. Монолит тұрғын үйдің үдемелі қирауға қарсы төзімділігін ерекше экономикалық құралдармен қамтамасыз ету керек:

- қарастырылып отырған апатты ситуацияның туындау мүмкіндігі есебімен ғимараттың ұтымды конструктивті-жоспарлы шешімімен;
- конструкциялардың қиықталмауын қамтамасыз ететін конструктивті шаралармен;
- конструкция элементтерінде және олардың пластикалық деформацияларының қосындыларының дамуын қамтамасыз ететін материалдар мен конструктивті шешімдерді қолдану.

1.3. Монолит тұрғын жайлардың реконструкциясы, атап айтқанда, пәтерлерді қайта жоспарлау мен бөлмелерді қайта орналастыру оның үдемелі қирауға қарсы төзімділігін төмендетпеуі тиіс.

1.4. Жергілікті (гипотетикалық) қирау ретінде ғимараттың бір (кез келген) қабаты аясында вертикалды конструкциялардың қирауын (жойылуын) қарастырған жөн:

а) екі қиылысатын қабырғаның қиылысу орнынан (атап айтқанда, ғимарат бұрышынан) әрбір қабырғадағы жақын ойықтрға дейін немесе басқа бағыттағы қабырғалы келесі вертикалды торабына дейін (жалпы ұзындығы 7 м көп емес);

б) жеке тұрған бағана (пилон);

в) п.а аумағымен ұзындығымен қабырғаға жалғасатын бағаналар (пилон).

Ғимараттың үдемелі қирауға төзімділігін бағалау үшін қираудың ең қауіпті есептік схемаларын ғанақарастыруға рұқсат беріледі. Типтік, техникалық және жер асты қабаттарының, сонымен қатар шатыр конструкцияларының үдемелі қирауынан қорғаудан тексеру қажет.

Ж.2. Есептік салмақтар мен материалдардың сипаттамалары.

2.1. Беріктік пен төзімділік бойынша есепті тұрақты және ұзақ уақытша салмақтан тұратын, салмақ пен ықпалдың ерекше үйлесуіне, сонымен қатар ғимарат конструкциясына жергілікті гипотетикалық қираулардың ықпалы бойынша жасайды. Жергілікті қирау ғимараттың кез келген жерінде орналасуы мүмкін.

2.2. Тұрақты және ұзақ уақытша салмақ әрекет етуші нормативті құжаттарға сәйкес (немесе арнайы тапсырма бойынша) бірге тең салмақ үйлесімі коэффициенттері мен салмақ бойынша дәйектілік коэффициенттерімен қабылданады.

2.3. Материалдардың есептік берік және деформациялық сипаттамалары темір бетондар мен болат конструкцияларды жобалаудың әрекет етуші нормаларына сәйкес олардың нормативті белгілеріне тең қабылданады.

Ж.3. Монолит тұрғын үйлердің үдемелі қирауға қарсы төзімділігін есептеу.

3.1. Монолитті тұрғын үйлерді есептеу үшін кеңістіктік есептік үлгіні қолдануға кеңес береді. Үлгіде қалыпты эксплуатациялық жағдайларда салмақ түсірмейтін болып табылатын элементтер (мысалы, аспалы сыртқы қабырғалық панельдер, балкондардың темір бетонды қоршаулары және т.с.с.) ескеріледі, ал жергілікті ықпалдар болған жағдайда конструктивті жүйенің элементтеріндегі күшті қайта бөлуге белсенді түрде қатысады.

Есептік үлгі қ.1.4 сәйкес жекелінген вертикалды конструктивті элементтердің жойылу (қирау) мүмкіндігін ескеруі тиіс.

Бір немесе бірнеше элементтерді жою конструктивті схеманы және элементтер жұмысының сипатын өзгертеді, олар қирау орнына жалғасатын немесе солардың үстіне тұрып қалған болады, оны элементтер мен байланыстың қатаң сипаттамаларын тағайындауда ескерген жөн.

Ғимараттың есептік үлгісі жергілікті қираудың әрқайсысының (біреуінің) есебімен есептелуі мүмкін.

3.2. Ғимарат есебін әртүрлі, соның ішінде ақырғы элементтер әдісіне негізделген бағдарламалық кешендерді пайдалану арқылы орындауға болады. Элементтердің қатаң сипаттамаларының физикалық және геометриялық сызықсыздық есебінің мүмкіндігіне рұқсат беретін бағдарламалық кешендерді пайдалану материалдардың қосымша шығынының есебі мен төмендеуі нәтижесінің деректілігін қамтамасыз етеді.

Статикалық есеп негізінде алынған жекеленген конструктивті элементтердегі күш осы элементтермен қабылданған ақырғы күшпен салыстырылуы тиіс.

Ғимараттың үдемелі қирауға қарсы төзімділігі қамтамасыз етілсе, егер кез келген элемент үшін $F \leq S$ шарты сақталса, онда F және S орындалған статикалық есеп бойынша алынған конструктивті элементтегі сәйкесті күш және оның салмақ түсіретін есептік қабілеті 2.3 қ.

Беріктілік бойынша талаптар қанағаттанбайтын конструкция күшеюі тиіс, не болмаса конструкцияның үдемелі қирауға қарсы тұруын арттыратын басқа шаралар қабылдануы тиіс.

3.3. Элементтегі ақырғы күшті анықтауда (олардың салмақ түсіргіш қабілетін) келесілерді қолданған жөн:

а) күштің ұзақ әрекет ететін бөлігі - қ. 2.2 көрсетілген салмаққа жергілікті қираусыз есептеу схемасындағы конструктивті схема есебінен;

б) п.(а)күштің қысқы уақытты әрекет ететін бөлігі – салмақ түсіретін элементтердің біреуін (қараңыз қ.1.4) есептеуден алынған сол салмақ пен күштің әрекет етуіне жойылу есебімен (қирау) есептеу схемасында конструктивті схема есебінен алынған күштердің әртүрлілігі ретінде.

3.4. Конструктивті жүйенің ақырғы жағдайдағы жергілікті қирау үстінде орналасқан элементтердің үдемелі қирауына қарсы төзімділігін тексерудегі созылмалы жұмысын қамтамасыз ету жағдайында экономикалық шешім беретін ақырғы тепе-теңдік теориясының кинематикалық әдісін жүргізуге кеңес беріледі. Ондай жағдайда ғимаратты әрбір таңдалған схема бойынша есептеу келесі үрдіс бойынша орындалады:

- тіреуішін жоғалтқан ғимарат элементінің үдемелі (екінші) қирауының ықтимал механизмдері (қирау механизмін жасау яғни барлық қирауыш байланыстарды, соның ішінде пайда болған созылмалы топсаларды да анықтау, және осы байланыстағы күштің бағыты бойынша ықтимал жалпыланған ауысуларды табу);

- үдемелі қираудың әрбір таңдалған механизміне барлық созылмалы қираушы элементтер мен байланыстар (S_i) қималарымен, соның ішінде созылмалы топсалармен қабылдануы мүмкін шектік күштер анықталады; механизмнің бөлек бөлімдеріне салынған, яғни жеке қирамайтын элементтерге немесе олардың бөліктеріне, олардың әрекетінің бағыты бойынша ауысуда (u_i) тең әрекет ететін (G_i) сыртқы күштер; - қарастырылып отырған механизмнің ықтимал ауысуында ішкі күштер (W) мен сыртқы салмақтың (U) жұмысы анықталады

$$W = \sum S_i w_i; \quad U = \sum G_i u_i$$

және тепе-теңдік шарты тексеріледі

$$W \geq U. \quad (1)$$

Барлық қабаттардағы бір уақыттық қирау мүмкіндігін бағалауда тепе-теңдік шарты (1) шартпен алмасады

$$W_f \geq U_f. \quad (2)$$

онда W_f және U_f - конструкцияның бір қабатындағы ауысулардағы сыртқы және ішкі күштердің сәйкесті жұмысы; қабаттар жабынның төменгі бетімен бөлінелі, ол жабын үстінде орналасқан қабатқа жатады.

Көрсетілген есептік үдеріс тек п. 4.2 , 4.3 жекеленген конструктивті элемент пен олардың арасындағы ақырғы жағдайдағы байланыстардың созылмалы жұмысын қамтамасыз ету туралы талаптарды орындағанда ғана қолдануға жарамды. Егер қандай да бір элементтің созылмалығы немесе байланысы қамтамасыз етілмесе, олардың жұмысы ескерілмеуі керек (элемент және байланыс қатыспаушы болып саналады). Егер осал қирайтын ондай элементтер мен байланыстар тым көп болса, және олардың ресми түрде алынып тастауы ғимараттың үдемелі қирауға қарсы тұру бағасын қатты азайтатын болса, онда байланыстардың созылмалылығын қамтамасыз ету, немесе ғимараттың басқа есептік үлігісін пайдалануға тура келеді (қараңыз п.3.2).

Әрбір таңдалған жергілікті қирау кезінде үдемелі қираудың төменде көрсетілген барлық механизмдерін қарастырған жөн:

- үдемелі қираудың бірінші механизмі жергілікті қирау үстінде орналасқан барлық вертикалды конструкцияның бір уақыттық үдемелі жылжуымен сипатталады.

- екінші типтегі үдемелі қирау механизмі өзінің айналу орталығында жергілікті қирау үстінде орналасқан ғимараттың конструктивті бөлігінің бір уақыттағы әрбір бұрылымымен сипатталады. Мұндай жылжу бұл конструкциялардың ғимараттың бүлінбеген элементімен байланысының бұзылуын; жабыны бар вертикалды элементтердің жылжу байланыстыраның бұқылуын талап етеді.

- қираудың үшінші механизмі—ол тікелей соғылған вертикалды конструкция мен басынан-ақ оған тірелгеннің үстінде орналасқан жабын учаскесінің қирамау шарты.

- төртінші механизм тікелей соғылған вертикалды элемент үстінде орналасқан тек бір қабат конструкциясының орын ауыстыруының алдын алады. Бұл жағдайда жабындар үстінде орналасқан вертикалды конструкциялардың жабыннан ажырауы болады.

Егер қандай да бір есептік схема бойынша шарт (1) немесе (2) орындалмаса, конструктивті элементтердің темір арқауын күшейтумен (қайта бөлумен) немесе басқа да іс-шаралармен оның орындалуына қол жеткізу қажет.

3.5. Кейбір жағдайларда аспалы жүйе элементтері сияқты ірі бүгілген жерлерде немесе мембранды эффект есебімен жойылған бағана (пилон, қабырға) үстін жабу жұмысын қарастырған орынды.

3.6. Гипотетикалық жергілікті қираулардың үстінде орналаспаған салмақ түсіретін бағаналарда (пилон, қабырғаларда), оның ықпалы қысым мен күштің артуына алып келеді. Бағаналардағы (пилон, қабырғалардағы) күшті олардың барынша жүктелуінде (п. 3.3а) қарастырылатынға жақын орналасқанның (күш п.2.2 бойынша қабылданады) вертикалды элементінің жергілікті қирауының пайда болу күшімен салыстыру қажет. Элементтегі күштердің бағасын жақын әдістермен, мысалы жүк аудандарын қолдану арқылы орындауға рұқсат етіледі.

Егер бағанадағы (пилон, қабырғадағы) көрсетілген күштің артуы 30%-дан асады, қарастырылып отырған элементтегі әрекет етуші күштердің көлемін анықтап алған жөн (қолданбалы бағдарламалар пакеті немесе құрылыс механикасының басқа әдістерін қолдана отырып) және п.3.3 есебімен бағананың (пилон, қабырғаның) беріктілігін тексеруді орындау керек, қажет болған жағдайда конструкцияны күшейту керек. Кері жағдайда элемент беріктігін тексеруді жүргізбеуге рұқсат етіледі.

Ж.4. Конструктивті талаптар.

4.1. Монолит тұрғын жайларды үдемелі қираудан қорғаудың басты құралы – есептерге сәйкес конструктивті элементтердің қажетті беріктілігін қамтамасыз ету; конструкциялар арасындағы қолданылатын темір арқау мен болат байланыстардың созылмалы қасиеттерін арттыру (байланыстырушы конструкциялар темір арқаулары, төсеме бөлшектері және т.с.с. түрінде); кеңістіктік жүйе жұмысына салмақ түсірмейтін элементтердің кірігуі.

Үдемелі қирауға бөгет болатын байланыстардың тиімді жұмысы олардың ақырғы жағдайындағы созылымдылығын қамтамасыз еткенде ғана мүмкін, олар жұмыстан шығып қалып, қираусыз қажетті деформациялардың дамуына рұқсат бермес үшін. Бұл талапты орындау үшін байланысты созылмалы табақ немесе темір арқау болатынан қарау керек, ал анкеровка байланысының беріктілігі олардың ағымдылығын тудыратын болуы тиіс.

4.2. Ғимараттарда ғимараттың вертикалды салмақ түсіретін конструкциясы болат байланыстармен нық жалғасуы тиіс, монолитті және құрама-монолитті жабындарды артық көру керек.

4.3. Ғимараттардың үдемелі қирауына кедергі болатын монолитті конструкциялармен құрама элементтерінің бірігуі әрқелкі орнықты жобалануы керек, оның ақырғы жағдайы бірігудің жоғары созылмалы деформациясын қамтамасыз етеді.

Бұл шартты орындау үшін созымдыдан басқа, барлық біріктіру элементтерін пластикалық элементтің салмақ түсіретін қабілетінен басым түсетін 1,5 есе күшке есептеуге кеңес беріледі, мысалы, төсеме бөлшектер мен пісірілген біріктірулердің анкеровкасын байланыстың өзінің салмақ түсіретін қабілетіне қарағанда 1,5 күшке есептеуге кеңес беріледі. Созылымды элементтердің жобалы шешімдерінің шын мәнінде

накты атқарылуын ерекше қадағалау қажет, оларды мықтырағымен айырбастауға жол берілмейді.

4.4. Ғимараттың үдемелі қирауға қарсы тұруының тиімділігін арттыру үшін кеңес беріледі:

- жылжу байланысы ретінде жұмыс істейтін ойық үстіндегі маңдайшаларды олар көлденең күштен емес, иілімнен бұқылуындай жобалау керек;
- құрама-моноклит конструкциялардағы буаттық бірігулерді жекеленген буаттардың кесіндісі жапыру кезіндегі олардың беріктілігінен 1,5 есе көп болатындай жобалау керек;
- темір арқаумен жұмыс жасауда жылжу байланыстары сияқты темір арқау анкерокасының жеткілікті ұзындығын қамтамасыз ету.

4.5. Бойлық сияқты, темір бетондарды жабындардағыдай, горизонталды темір арқау қимасының минималды ауданы (төменгі және жоғарғы темір арқау үшін жалпы) бетонның қима ауданының 0,25% аз еместі құрауы тиіс.

Сонымен қатар көрсетілген темір арқау үздіксіз болуы керек және темір бетонды конструкцияларды жобалаудағы әрекет ететін нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес тоғысуы болуы тиіс.

4.6 Ғимараттың салмақ түсіретін элементтері бар бетонды немесе темір бетонды аспалы сыртқы панельдерінің горизонталды байланыстары қабаттың 3,0 м биіктігіне панель ұзындығы 1 м-ге 10 кН (1 тс) аз емес және қабаттың 3,5 м биіктігінде 1 м ұзындыққа 12 кН созылмады күшті қабылдауы тиіс.

4.7 Пилонның (бағаналар, қабырғалар) вертикалды қабатаралық темір арқаусы сол пилонның (бағаналар, қабырғалар) жүк ауданының әрбір квадрат метріне 10 кН (1 тс) төмен созылатын күшті қабылдауы тиіс.

ЕСКЕРТУ «Моноклит тұрғын үйлерді үдемелі қираудан қорғау бойынша кеңестерде», МНИИТЭП, НИИЖБ (2005), есептеу мысалдары бар:

- Ақырғы тепе-теңдік теориясының кинематикалық әдісін қолдану арқылы моноклит тұрғын үйдің үдемелі қирауға қарсы төзімділігін есептеудің мысалы, 28 бет (Қосымша А);
- «LIRA.9.2» бағдарламалық кешенін қолдану арқылы моноклит тұрғын үйдің үдемелі қирауға қарсы төзімділігін есептеудің мысалы, 8 бет (Қосымша Б).

Қосымша II*(ақпараттық)***Ірі панельді ғимараттар үдемелі бұзылудың алдын алуға арналған нұсқаулық,
1999⁵****II.1 Негізгі жағдай**

1.1. Ғимараттың конструктивті жүйесі құрамындағы жергілікті элементтеріне келетін апаттық жағдай кезіндегі әсерден, ғимаратты қалыпты эксплуатациялау жағдайының ескерілмеуінен (жарылыстар, өрт, транспорттық құралдардың соққысы және т.б.) сақталуы керек. Бұл талаптар апаттық жағдай кезінде салмақ түсетін жергілікті бұзылулар орын алатынын білдіреді (бір қабат маңындағы және ғимараттың аралас екі өсінің маңындағы жеке қабырғалардың жеке дара бұзылуы), бірақ бұндай апаттық қысым салдары әсер еткен алғашқы бұзылулар конструкцияның тұтас жойылуына жол бермеуі керек.

Ғимараттың конструктивті жүйесі оны салмақ түсетін конструкциялардың жергілікті бұзылуы кезінде кем дегенде адамдарды эксплуатациялау үшін уақыт арасында беріктік, төзімділікпен қамтамасыз етуі керек.

1.2. Панельді ғимараттарды үдемелі бұзылудан қорғауды жобалау кезінде зақымданбаған конструктивті элементтердің екі типін бөліп көрсету керек. Бірінші типтегі элементтерде жергілікті бұзылудың әсері кезінде кернеу жағдайының сапасын өзгертпей, тек керну мен күштің ұлғаюына жағдай жасайды (жергілікті бұзылу аумағының ішкі периметрінде орналасқан зақымданбаған қабырғалық диафрагмалар және жабын плиталары).

Қаралып отырған ғимарат жағдайындағы екінші типтегі элементтерде (бұған алғашқы тірегінен айырылған конструкциялар – жергілікті бұзылу аймағында орналасқан қабырғалық панелдер мен жабын плиталар жатады) кернеулік жағдайы сапалы түрде өзгереді.

Бірінші типтегі элементтер қалыпты эксплуатациялы қатынас кезіндегі жою күші бар қысымынан екі-үш есе төмен салмаққа ие болады, жобалаудың негізгі мақсаты болып қабырғалардың жергілікті бұзылу нәтижесінде қабырғалық және жабын плитасының беріктігі мен төзімділігін қамтамасыз ету саналады. Осы конструкциялардың төзімділігін қамтамасыз ету, элементтердің беріктігі олардың құрамына тікелей байланысты, үдемелі бұзылудан ғимаратты сақтайтын негізгі мақсаты бар – зақымданбаған қабырғалардың өзара байланысының беріктігіне де байланысты.

1.3. Үдемелі бұзылуға қарсы ғимараттың төзімділігін материалды сыйымдылық элементтерін көтеруді қажет етпейтін неғұрлым экономикалық құралдармен жабдықтау қажет:

- мүмкіндігі бар апаттық жағдайды ескеретін конструктивті-жобалаудың дұрыс шешімі; жеке алғанда басқа вертикалды конструкция тек жабындармен байланысты ішкі бөлек қабырғалық пилондарды қолдануды қажет етпейді; жеке тұрған сыртқы қабырғаларды қолдануға болмайды;

- жиынтық элементтерді және шекті жағдайдағы пластикалық деформацияларды біріктіруді қамтамасыз ететін конструктивті шамалардың көмегімен;

- жеке тораптар мен біріктіру элементтері және панелдердің түйіскен жерлерінің конструктивті байланыстары жүйесінің дұрыс шешімі көмегімен.

II.2 Үдемелі бұзылуға төзімді панельді ғимараттарды есептеу әдісі

2.1. Үдемелі бұзылуға ғимараттың төзімділігі түсетін салмақ пен қысымға байланысты болады, олардың барысы әрдайым және уақытылы болуы мүмкін, сонымен қатар, салмақ түсіретін жергілікті гипотетикалық бұзылулардың әсері де ерекше.

2.2. Әрдайым және уақытылы түсетін салмақ ҚНЖЕ 2.01-07-85* бойынша анықталуы керек. Бұл жердегі салмақ пен салмақ бойынша сенімділік коэффициентінің бірігуін тең бірлікте қарастыру қажет.

2.3. Конструкцияның жергілікті бұзылу әсері ғимараттың конструктивті жүйесінің үлгісі бірнеше нұсқада қарастырылуына байланысты, олардың әрқайсысы апаттық жағдайдағы конструкцияның бұзылу мүмкіндігіне сәйкес келеді.

Панелді тұрғын ғимараттарының жергілікті бұзылуының есептік сызбасы ретінде бір (кез-келген) қабаттағы қиылысатын екі қабырғаның олардың вертикалды түйіскен (нақтырақ, ғимараттың бұрышынан бастап) жерінен бастап әрбір қабырғадағы жақын ойыққа дейінгі немесе перпендикулярлы бағыттағы қабырғаның вертикалды түйіскен жерінің бұзылуын (жойылуын) қарастыруға болады.

Ғимараттың үдемелі бұзылуға қарсы төзімділігін бағалау үшін бұзылудың неғұрлым қауіпті есептік сызбаларды қолдану ұсынылады:

- сыртқы қабырғаның жергілікті бұзылуын қоса алғандағы, әлсіреген балкон мен лоджияға шығатын есіктік ойықтары бұзылуы (И.1 Суретіндегі 1,2,3 сызбалар);
- есіктік ойықтардың болуы (1 И. Суретіндегі 2,4,5 сызбасы), үлкен жабынды бөренесі (1 И суретіндегі 2,4,5 сызбасы) немесе жабын арқылы өтетін ішінара байланыстың болмауы (1 И суретіндегі 4 сызба) себепті басқа вертикалды конструкциялармен әлсіз байланысқан ішкі қабырғалардың жергілікті бұзылуы.


Кесте И.1 Бетонды және темірбетонды конструкциялардың сенімділік коэффициенті

Материал	Материалдың шиеленіскен жағдайы немесе сипаты	Шартты белгілер	Материал бойынша сенімділік коэффициенті
Бетон	Қысылу	R_b	1,15
	Созылу	R_{bt}	1,25

Бетон үшін жұмыс шартының коэффициенті 2 кесте, ал арматура үшін бірыңғай $R_s = 1,1$ коэффициенті қолданылады.

2.4. Панелді ғимараттың үдемелі бұзылуға қарсы тұрақтылығын есептеу кезінде нормативті қарсылықтар ҚНЖЕ 2.03.01-84* және ҚНЖЕ II-23-81* бойынша қабылданады. Нормативті қарсылықты бетон және темірбетон материалдарының сенімділік коэффициентіне қарай бөлу арқылы анықталатын материалдардың қарсылық есебінің сипаты 1 кестеде көрсетілгендей сенімділік коэффициентін пайдалану есебінен өседі.

Бұдан басқа, есептік қарсылықтарды жұмыс шарты коэффициентіне көбейтеді. Бұл апаттық жағдайдың мүмкіндігін азайтып, бірінші кезеңде ғимаратты тұрғызылғаннан кейін бетонның беріктігінің интенсивті өсуін ескереді, сонымен қатар материалдың аққыштығы кезінде арматураны қолдану мүмкіндігін жасайды.



Сурет И.1. Тұрғын үй көрінісі

Кесте И.2 □ Бетон жұмысы шарттарының коэффициенттері


Коэффициенттерді енгізуге келістіруші факторлар	Шартты белгілер	Бетон жұмысы шарттарының коэффициенті
1 Бетонды конструкция	R_{b1}	0,9
2. В50 бетондар тобы мен одан да жоғары, глиноземді цементтегі бетондар, алюминатты және алитовты портландцементтерден өзге уақытта бетондар беріктігінің өсуі	R_{b2}	1,25
3. Зауыттық даярлаудың элементтері (бетонды және темірбетонды)	R_{b3}	1,15

Прокатты болаттардың есептік кедергілері СНиП II-23-81* бойынша тұрақсыздық шегінде пластикалық болаттар жұмысының мүмкіндік есебімен қолданылады. Пластикалық болаттар үшін 1,1 теңдігімен жұмыстың шарттарының коэффициенттері қабылданады.

2.5. Панельді ғимараттарды бұзылуға қарсы беріктігін есептеу үшін беріктігі панелдер арасындағы фактілі байланысы беріктігіне эквивалентті реттелген байланыстар арасында біріккен пластинкалы жүйелер (ойылған тесікті және ойылған тесік емес) түріндегі кеңістіктік есептік үлгіні қолдануға кеңес беріледі (сурет 2а).

Ондай үлгі мынадай қалыпты эксплуатациялы жағдайда салмақ түспейтін болып табылатын, ал локальды бұзылу кезінде жүктемелерді: сыртқы бастырма панелдер, монтажды байланыс және т.б. қайта орналастыруға белсенді қатысатын элементтерді

қамтуы тиіс. Ғимараттың үлгісі конструкцияның локальды бұзылуының есептік сызбасының п. 2.3 ұсынысына сәйкес барлық іріктеу кезінде есептелуі тиіс.



1 – жергілікті бұзылу

Сурет II.2. Локальды бұзылған ғимараттың есептік үлгісі

2.6. Шектік қалыптағы конструктивті жүйенің пластикалық жұмысын қамтамасыз ету жағдайында есепті шектік тепе теңдіктің теорияның кинематикалық әдісімен жүргізуге кеңес беріледі. Мұндай жағдайда тек локальды бұзылыста орналасқан элементтердің ғана беріктігін тексеруге құрсат етіледі, және де локальды бұзылудағы әрбір тандап алынған сызда ғимарат есебі келесі тәртіпте түйістіріледі:

- тірегінен айырылған, ғимарат элементтерінің бұзылу үдететін айтарлықтай айқын механизмдер беріледі (бұзылу механизмін беру барлық бұзатын байланыстарды анықтау болып табылады және осы байланыстар әсерінің бағыты бойынша жинақталған мүмкін ауысуларды табу (w_i));

- үдемелі бұзылудың тандап алынған механизмдерінен әрқайсысына барлық пластикалық бұзылу байланыстарының күштері анықталады (S_i), яғни бұзушы бөлек элементтерге немесе олардың бөлшектеріне механизмнің бөлек бөлімдеріне енгізілген, сыртқы күштерге біркелкі әсерлер табылады, және олардың қозғалыстарының бағыттары бойынша орналастырылуы (u_i);

-орналастырылуы мүмкін қарастырылып отырған механизмдердің ішкі күштерінің (W) және сыртқы жүктемелерінің (U) жұмысы анықталады

$$W = \sum S_i w_i; \quad U = \sum G_i u_i;$$

Мәні $W \geq U$ болатындай теңдік орындалады. (1)

Көрсетілген есептік рәсім 1 Қосымшасында жіті зерттелді және 3.2, 3.3 п талаптарын орындау кезінде қолданылды. Бұл жеке панелдердің пластикалық жұмысын және олардың арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай.

Егер қандай да бір байланыстың икемділігі қамтамасыз етілмесе, оның жұмысы іске аспауы қажет (байланыс жоққа шығады). Егер осындай байланыс пен элементтер, егер олар морт сынғыш болса, оларды істен шығару кең түрде ғимараттың үдемелі бұзылуға төзімділігін арттыра түседі. Сондықтан байланыстың икемдігін қамтамасыз ету үшін, немесе ғимараттың басқа мықты есептік үлгісін пайдалану керек (2,7 және 2.8 қараңыз).

2.7. Ғимараттың төзімді есептік жобасы, төзімдіпластикалық сияқты жергілікті бұзылудың мүмкіндігін және тірегінен ажыраған элементтердің өзгерген сипатын ескеру қажет.

Жеке элементтердегі мықтылық есебі олардың есептік қабілетімен сәйкес келуі керек. Егер кез-келген элемент $F \leq S$ шартын орындаса, бұл жерде F және S элементтегі күшке тең, үдемелі бұзылуға қарсы ғимараттың төзімділігі қамтамасыз етілді деуге болады (2.4 п нұсқаулығы бойынша).

2.8. Үдемелі бұзылуға қарсы ғимараттың тұрақтылық есебінің орнына ғимараттың 6 баллдық сейсмикалық жағдайға төзімділік деңгейін СНиП II-7-81* сәйкес ҚНЖЕ қарастыруға болады. Осындай есеп бойынша ҚНЖЕ 2.03.01-84 талаптарына сай тораптар мен байланыстарды жобалауға болады.

И.3 Конструктивті талаптар

3.1. Үдемелі бұзылудан ірі панелді ғимараттарды сақтау үшін қалыпты эксплуатациялау және монтажды салмақ немесе конструктивті түсінік бойынша жасалатын жиынтық элементтердің арасындағы байланысты жергілікті апаттық бұзылуларды есептеу көмегімен жобалау керек. Үдемелі бұзылудан ғимараттарды қорғау мәселесін тиімді шешу кезінде қалыпты эксплуатациялау және монтаждау жағдайындағы барлық тапсырмаларды жобалау үшін мына жүйелерді ескеру керек:

- қозғалу және созылу кезінде жабын дисктерінің қажетті төзімділігін қамтамасыз ететін жабын плиталарының арасындағы горизонталды бойлай және қиылысатын байланыстарын;

- қозғалу және бұрылу кезінде горизонталды торап пен жабынның қажетті төзімділігін қамтамасыз ететін салмақ түсетін қабырғалық панел мен бір қабырғалық пилонның арасындағы вертикалды (қабатаралық) байланысы;

- беріктік пен қалқа болатын қабырғалы панельдерге жел және температуралық әсер жұмысын қамтамасыз ететін сыртқы қалқалы қабырғалар мен арқалық дисктер арасындағы көлденең байланыс.

Байланыстардың үйлесімді байланысына бір қабаттың қабырғалық панельдері арасындағы қарапайым қолданыстағы монтажды көлденең байланыстар кіргізілмеген; бұл байланыстарды жүзеге асыру мүмкін бола бермейді (оларды орналастыру мүмкіндігі

ғимараттың жоспарлық шешімдеріне байланысты), ережеге сәйкес, монтаждық жұмыстардан басқа кездерде тиімділігі төмен болады. Сонымен бірге, бұл байланыстарды қолдану кезінде 3.2 тармақтың талаптарына сай, олардың үдемелі қирап қалуға қарсы тұруы жоғары болатындай етіп құрастыру керек.

3.2. Үдемелі қирауға қарсы тұратын байланыстардың тиімді жұмысы тек олардың иілгіштігінің шекті жағдайы кезінде ғана мүмкін болады:

-осындай қабілеттері таусылғаннан кейін байланыстың жұмыс барысынан шығып қалмауы және қирау орын алмай тұрып салыстырмалы түрде айтарлықтай өзгерістерге (бірнеше миллиметрге) түсуі қажет.


Жиналмалы элементтер байланысының иілгіштігін қамтамасыз ету үшін олардың құрылымдық шешімдері иілгіш беттік немесе арматура болаттан жасалған арнайы иілгіш элементтерден тұруы тиіс.

Құрамалы элементтер арасындағы созылмалы сызықтық байланыс, ережеге сәйкес, жүйелі байланысқан элементтер тізбегін көрсетеді – төсеме бөлшек анкері, төсеме бөлшек, байланыстың өзі, екінші бөлшектің төсемесі және оның анкері. Осы тізбектің және оның байланыстарының жеке бөлшектерінің қарсыласуы өзгерген кезде түйіскен жердің шекті жағдайы әлсіз түйін арқылы анықталады. Толықтай байланыстың нақты иілгіштігі қай бөлшектің әлсіз екендігіне байланысты:

- егер төсемелі бөлшек ұстатылатын бетонды қағу қажет болса, онда қирау байланыстың істен шығуын тудыратын (3,а сурет) аса байқалмайтын сызықтық өзгерістер орын алатын азғана сипатқа ие болады;

- егер дәнекерленген байланыстардың біреуі қираса, онда дәнекерленген байланыстың шекті иілгіштігі кезінде, қирауға бейім бөлімдердің сызықтық өзгеруінің ең аз ұзақтығында байланыстың істен шығуы салыстырмалы түрде жоғары бола қоймайды (3,б сурет):

- байланыстың әлсіз бөлімі металл байланыс болып табылғанда барлық байланыстар ең жоғарғы мүмкін болатын иілгіштік қасиеттерін танытады (И.3в сурет).



а – ұстату бөлімінде бетонды қағу кезінде;

б – дәнекерленген бөлшектер қираған кезде;

в – беттік немесе өзектік байланыс қираған кезде.

И.3. сурет. Түрлі элементтерінің қирауы кезінде созылмалы сызықтық байланыстың өзгеру диаграммасы

Панельді ғимараттардың үдемелі қирауына қарсы тұратын жиналмалы элементтердің байланысы тегіс берік заттармен жобалануы керек, сонымен қатар айтарлықтай жоғары иілгіштік өзгеруін қамтамасыз ететін элемент те айтарлықтай берік болуы тиіс.

Бұл шартты орындау үшін айтарлықтай иілгіштігінен басқа, иілгіш элементтің мүмкіндігін байланыстың барлық элементтерін есепке алу керек, 1,5 есеге арттыратын, мысалы, төсемелі бөлшектерді қағу кезінде және дәнекерленген байланыстар жағдайында, байланыстың өзіне қарағанда 1,5 есе көп ретті есепке алуға кеңес беріледі. Сонымен қоса байланыс мүмкіндігін ҚНЖЕ II-23-81 * қатынасы бойынша төмендегі формула бойынша анықтау қажет:

$$N = A_n R_u \frac{\gamma_c}{\gamma_u}$$

Бұл жерде $\gamma_c = 1$ және $\gamma_u = 1,2$. Иілгіш элементтер үшін жобалау шешімдерінің нақты орындалуы үшін қатаң бақылау қамтамасыз ету керек, беріктерін ауыстыруға мүмкіндік болмайды.

3.3. Ғимараттың үдемелі қирауға қарсы тұру тиімділігі тек байланыстар үшін ғана емес, сонымен қоса басқа да жиналмалы элементтер үшін иілгіштікті қажет етеді. Жекелей айтқанда:

- жылжыту байланысы ретінде қызмет ететін жалғастыру элементтерінің ойықтарын көлденең күштің әсерінен емес, иілгіштіктен қирайтындай етіп жасау;

- кілтек байланыстарын жеке кілтектердің беріктігі қиықты майыстыру кезінде 1,5 есеге жоғары болатындай етіп жасау.

3.4. 3.1 тармағында тізбектелген байланыс түрлерінің қимасы пайдалануды, монтаждауды немесе қарастыруды қажет ететін апатты әрекеттерді есепке ала отырып анықталуы тиіс, бірақ төменде келтірілген созылмалы күш көлемдерді қамтамасыз ету үшін емес:

- ғимараттың созылмалы ұзындығы бойындағы жабылған жерлерде орналасқан көлденең байланыстар үшін, - ғимараттың 1 көлденең ұзындығына 15 кН (1,5 тс);

- ғимараттың созылмалы ұзындығы бойындағы жабылған жерлерде орналасқан перпендикулярлық байланыстар, сонымен қатар ғимараттың шағын жоспарлы көлденең байланыстары үшін – ғимараттың 1м ұзындығына 10 кН (1,0 тс); бетонды және темір бетонды сыртқы панельді диск жабындылар үшін - қабырғаның 1м ұзындығына 10 кН (1 тс) кем емес;

- панельдерді көтеруге арналған бөлшектерді (көтергіш арқандар, істіктер және т.б) қолдануды қарастыратын тиімді шешімді қажет ететін қабаттар аралығындағы тік байланыстар үшін – көтеруге арналған сәйкес бөлшек беріктігінен аз емес;

- басқа да шешімдер кезінде қабырғаның 1 еніне 25 кН (2,5 тс) аз емес.

ЕСКЕРТПЕ «Ірі панельді ғимараттардың үдемелі қирауының алдын алу бойынша кеңестерде», МНИИТЭП және НИЦ СтаДиО, НИИЖБ(1999), төмендегідей қосымшалар бар:

- Тасымалды-қабырғалы жүйенің панельді ғимараттардың үдемелі қирауға қарсы беріктік есебінің әдістемесі. 1 Қосымша (міндетті);

- Үдемелі қирауға қарсы беріктікке ПЗМ сериясының ғимарат есебінің мысалы (2 қосымша).

ҚОСЫМША К

(ақпараттық)

Төтенше жағдай кезіндегі дуалды тұрғын ғимараттарды сақтау жөніндегі ұсынулар 2002⁶

Кіріспе

Мәскеу қаласында салынып жатқан тұрғын ғимараттарды төтенше жағдайлардың пайда болуымен байланысты сақтау жөніндегі директивті және үлгілік құжаттарға сәйкес табиғи және техногенді төтенше жағдайларды, мемлекеттік стандартпен айқындалған және мақұланған үлгі бойынша мәселені шешу. Мәскеу қаласының аймағының табиғи жағдайын, сонымен қатар Ресей мен шет елдерде сабақ ретінде болған көптеген ғимараттар мен құрылыстардың апаттары, төтенше жағдай туғызатын жағдайлардың тізімін осы саралау негізінде қарастырылған қателіктерді түбегейлі аңықтап және мемлекеттік стандарттарға қарағанда неғұрлым кеңейтіліп қарастырылуы керек. Сол қорытындыға келесі төтенше жағдайларды қосу қажет:

¹ Қазір және келешекте курсивпен мемлекеттік стандарттарда белгіленген термендер мен қысқартулар белгіленеді.

² Құрылыс апаттарының кітапнамасы өте кең; XX ғасырдың екінші жартысындағы тұрғын ғимараттардың құрылыс апаттарының кітапнамасы мол - [31].

1. Табиғи ТЖ:

А) – сейсмикалық әсер;

Б) – ғимаратқа желдің салмағын арттыратын қауіпті метеорологиялық құбылыс;

В) – ғимараттардың іргетасына карстық шұңқыр және опырулардың пайда болулары;

2. Антропогенді (сонын ішінде, техногенді) ТЖ:

³ Әдебиетте «Антропогенді ТЖ» термині тым жалпы қарастырылады мемлекеттік стандарттарда қабылданған «техногенді ТЖ» терминіне қарағанда.

А) - *жарылыс* ғимараттың сыртында немесе ішінде (әдебиетте келесі қайнар көздер қолданылады- тұрмыстық газ, тезжарылғыш газдық қоспалар және сұйықтықтар, бомбалар, және басқа да террористермен қолданылатын жарылғыш құрылғылар);

Б) - *өрттер*;

⁴ Өрттер сонымен бірге табиғи ТЖ жатқызылуы мүмкін, бірақ олар негізінен адамдардың іс-әрекетімен байланысты пайда болады.

В) – транспорттық апаттар (ЖТО, авиациялық апат);

Г) – ғимарат және құрылыс апаттары немесе олардың негізгі тіректеріне едәуір зақым келтіру, келесі мәселелерге байланысты:

а) проектідегі қателік түбегейлі құрылыс нормалары мен ережелеріне немқұрайлықпен қарағандықтан

б) жұмыстардың сапасыз орындалуы (заводта немесе монтажда);

в) материалдардың дефектілері;

г) ғимараттарды пайдаланудағы қателіктер сонын ішінде олардың инженерлік жабдықтары;

д) немқұрайлық, ұқыпсыздық, біліксіздік, кейде тұрғындардың, қызметкерлердің немесе бөтен адамдардың вандализм (тұрғындардың өз бетінше негізгі конструкцияларды еркертпей пәтерлерін қайта жоспарлау).

Көрсетілген ТЖ алғышарттары өндірістегі жарылыстардың класификациясының аналогиясына сәйкес, жобалық және жобадан тыстарға бөлінген. ТЖғимараттарды сақтап қалу жобалық қайнар көзіне сәйкес құрылыс стандарттары мен ережелеріне сәйкес; ғимараттарды ТЖ жобадан тыс қайнар көздері арқылы сақтау арнайы анализді қажет етеді оның түбегейлі мақсаты- сәйкестік нормаларын ойластыру және қарастырылып отырған ТЖ жобадан тыс нормаларды жобалық категорияға кіргізу. Берілген ұсыныстың негізгі мақсаты – мәскеулік тұрғын ғимараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жобадан тыс ТЖ.

Жоғарыда аталып өткен төтенше жағдайлардың саралауы көрсеткендей негізінен мәскеулік жағдайлар үшін жобадан тыс ТЖ ғимараттың құрылыстарында локальды апатты жағдайларының әсерлері болып: жарылыс, өрттер, карстық құлаулар, ЖТО, конструкциялардың және материалдардың кемшіліктері, ғимараттардың инженерлік жүйелердің апаттары, біліксіздік реконструкциялар және т.б. танылады.

Негізінен қарастырып отырған әсерлер түрлері ғимараттың негізгі конструкцияларына жергілікті бүлінулерге ғана салмақ келтіреді. Сонымен қатар кейбір жағдайларда ТЖ осы жергілікті бүлінулермен бітеді, ал басқа жағдайларда ғимараттың негізгі конструкциялары апаттан кейін сақталған қосымша салмақты көтере алмайды да олар да қиратылады. Апаттардың ақырғы аталып өткен түрлері әдебиетте «прогрессивті қиратулар» деген атқа ие болды.

«Прогрессивті қиратулар» термині мен мәселенің анықтамасы және одан панельді ғимараттарды сақтау 1968 жылы Лондондағы Роунан Пойнт атты 22 этажды тұрғын үйде болған аты шулы апатты зерттеудегі комиссия баяндамасынан кейін кең өріс алды. [1]. Баяндаманың публикациясынан кейін дамыған елдердің барлығында дерлік осы мәселені зерттей бастады, 70 жылдардың соңына таман әр түрлі конструктивті жүйелер экономикалық өлшем бойынша ғимараттардың прогрессивті қиратулардан тұжырымдама мүмкін болатын қорғау тәсілдері негізінен аяқталды. Көптеген дамыған елдердің ғылымдарының нәтижелері, негізгі қорытындылар панелді ғимараттарды жобалау нормаларын зерттеулерінің бір-біріне ұқсас болып шықты. Ғимараттардың әр түрлі конструкциялық жүйелерінің негізгі сипаттамалары келесіге негізделді.

1. Алдын ала шараларын ескере отырып ТЖ локальды ескертулеріне бағытталған немесе олардың әсерінен пайда болатын апаттық әсерлерді ескере отырып, ең негізгі назарды прогрессивті қиратуларды алдын алу шараларына аудару керек.. Бұл негізінен біріншіден ғимараттың конструкциясын құратын ешқандай ақталған экономикалық шараларымен түгелдей локальды қиратуларды толығымен жоюға болмайтының, екіншіден прогрессивті қиратулар өте қиын салдарға әкелуі мүмкін, үшіншіден салыстырмалы жергілікті бүлінулер ғимараттың негізгі конструкцияларына салынған ұстап тұрған, олардың прогрессивті қиратуларға төзе алатындығы оларды қалпына келтіру үшін үлкен шығындарды қажет етпейді.

2 Негізгі қағида прогресивті қиратуларды алдын алу –ғимараттың конструктивті жүйесінің бүтінділігін көтеру қосылған түйіскен жерлерінің тегіс болуы.

3.Конструктивті қорғаныстың эффектісі конструкция элементтерінің дамуы және олардың пластикалық деформациялардың өзара қосулаларына тәуелді болады,; қосылыстардың созымдылығы үшін қажет етіледі қосылыстардың анкеровкасының беріктілігі сәйкес болуы шарт.

4. Ұсынылған сапалы ұқсастықтың сақтау шаралары прогресивті қиратулардан апробиаттық конструкциялық антисейсмикалық шаралары арқылы сақтанудың. Әдебиеттерде көптеген мысалдар келтіріледі сейсмотұрақты ғимараттар олардың локальды қираулары прогресивті қиратуларға алып келгенжөқтығы, себебі олардың сейсмоқауіпсіздігі жоғары деңгейде болғандықтан.

Берілген ұсынулар берілген принциптерге сүйінген, олар локальді ТЖ кезіндегі каркасты тұрғын үйлердің сақтау қалу шараларын қарастырады. Туындаған сұрақтар берілген ұсынулардаға дейін аз да болса қарастырылған болатын, берілген ұсынулардың мазмұның кеңінен өнделуінің себебі өртке қарсы шаралардың қатандауымен байланыстырылады. [12]. Өрттер ТЖ кеңінен тараған жағдайлары болып табылады. Өртке қарсы шараларды ұйымдастыру тек қана ғимаратты өрттен сақтай алады, ал басқа ТЖ кезінде пайдасыз болуы әбден мүмкін. Сондықтан мәскеудік ережелерде ғимараттарды толығымен прогресивті қиратулардан кез-келген төтенше жағдайлардан сақтау жайында шаралар қабылданып, өртке қарсы жекелеген конструктивті элементтердің талаптары жалпы ғимараттың прогресивті қирауынан сақтауын ескеру қажет [17] (п. 3.6) (п. 3.24).

Бұл ұсынулар прогресивті қиратуларға қарсы жалпығылыми және нормативті шет елдік әдебиеттердегі зерттеулерге сүйене отырып МНИИТЭП жасалып Мәскеу қаласының ережелерінің дамуында көрініс табады. [17].

К.1. Негізгі ережелер

1.1. Ғимаратты қалыпты эксплуатациялық ережелермен ескерілмейтін (жарылыстар, өрттер, көлік құралдарының соқтығыс әсерлері) апаттық әсерлерден негізгі конструкциялардың локальді қирауы тұрғын каркасты ғимараттардың прогресивті қирауларға әкеп соқтырудан қорғалуы тиіс.

Каркасты ғимараттарда негізгі элементтер бар, оларды прогресивті қиратулардан конструктивті шаралармен сақтап қалу мүмкін емес. Олар каркастың негізгі элементтері болып табылып, (бірінші орында колонналар) ғимараттың тұрақтылық сапасын және ТЖ кезіндегі прогресивті қиратуларды болдырмау мақсатында бұл элементтер үшін қосымша төзімділікті қажет етіледі. (қар. т.т. [2.6](#) - [2.9](#)).

ЕСКЕРТПЕ Панельді ғимараттар үшін бұл талаптар келесі мәнге ие. Апаттық әсер жағдайында негізгі конструкциялардың (толық немесе жекеше қабырғалардың қирауы бір этаждың көлемінде және ғимараттың екі белдіктің тоғысқан жері) локальді қиратулар болуы мүмкін, бірақ бұл алғашқы қиратулар конструкцияны негізгі тірегіне зақым келтірмеуі керек немесе алдында ғана зақымданған элементтерге әсерін тигізбеу керек.

Каркасты ғимараттың конструктивті жүйесі локалды әсер кезінде жекелеген элементтерге оның төзімділігі мен мықтылығын қамтамасыз етуі шарт ғимараттың

қалыпты эвакуация жағдайларымен қарастырылмаған жағдайларда кем дегенде адамдарды эвакуациялауға кететін уақыт шамасына. Конструкциялардың орын ауыстырулары мен оларда трещиналардың пайда болулары қарастырылып отырған төтенше жағдайларда болулары мүмкін.

1.3. Каркасты ғимараттың тұрақсыздығын прогресивті қиратуларға қарсы келесі шаралар арқылы жүзеге асыруға болады:

- конструктивті шаралармен, олар ригельдағы және олардың пластикалық деформациялардың шектелген күшке әсер етеді;
- конструктивті байланыс жүйесінің рационалды шешімі жекелеген түйіндердің және жалғау қосу элементтері.

1.4. Ғимараттың реконструкциясы (сонын ішінде пәтерлердің қайта жоспарлау) ғимараттың прогресивті қиратуларға қарсы тұрақтылық сапасын төмендетпеуі қажет.

К.2. Каркасты тұрғын ғимараттардың прогресивті қиратуларға қарсы тұрақтылық есебі

2.1. Ғимараттың прогресивті қиратуларға қарсы тұрақтылығы ғимараттың конструкциясына үнемі немесе уақытша салмақтардың әсері, сонымен қатар гипотетикалық әсерлер арқылы анықталады (қар. п. 2.3).

2.2. Үнемі және уақытша салмақ негізінен [5]-інде берілген мағмұлаттарарқылы анықталады. Сонымен қатар салмақтардың коэффициентін және салмақтардың үнемі және уақытша сенімділік салмақ коэффициентін бірдей бірлік ретінде қарастыру ұсынылады.

2.3. Негізгі конструкцияларға гипотетикалық әсерлерін есептеу, негізінен ғимараттың әр түрлі мүмкін болатын төтенше жағдайлардың біріне сәйкес келетін локальды әсерлердің есептері арқылы анықталады.

Келесі локальді әсерлерді қолдану туралы ұсынулар жасалған:

ғимараттың іргетасының кез-келген жерінде орналасқан диаметрі 6 м болатын карстық шұңқыр (карстық қауіпті аудандар үшін);

жалпы көлемі 40 м^2 дейін болатын үстінгі жабынының зақымдануы;

негіздердің біркелкі емес болуы;

горизонтальды салмақ вертикальді негізгі элементтер үшін өзекті үшін $3,5 \text{ т}$ және өзекті тілімшелердің 1 м^2 үшін 1 т қарастырылып отырған элементтер үшін бір этаждың көлемінде (салмақ бойынша тұрақтылық коэффициенті бірге тең).

